«Әр заман халықтың тарихи жадын қалыптастыруға өз үлесін қосады. Сонымен қатар кейде кері әсерін де тигізеді. «Тарихи жад» – өте нәзік ұғым. Дамыған шет елдерде онымен айналысатын арнайы мекемелер мен институттарға дейін бар. Біз сияқты нарықтық экономиканы басынан кешіп жатқан елдер жағдайында тарихи жадтың қалыптасуына көптеген факторлар өз әсерін тигізеді. Алдымен, ол нарықтың зардаптарынан туындаған ақпараттық мәліметтердің көпшілігі. Нарықтың басты мақсаты – күн көріс. Мұндайда мақсаттарына жетем деушілер еш нәрседен сескенбейді, еш нәрсені аямайды. Жазғандарын әдемі мұқабаға қаптап, бірден көзге түсетіндей қылып безендіріп, неғұрлым тез сатылып, таралуына жағдай жасайды. Біраз уақыт өткеннен кейін ғана оның ішінде жазылғанының сапасын, халықтың санасы мен жадына қалай әсер ететінін ойлай бастаймыз. Міне, осындайлықтан халықтың тарихи жадына деген көзқарас пен жауапкершілік әрдайым жоғары деңгейде болуға тиіс. Тарихи жад тарихи сананы қалыптастырумен тікелей байланысты. Мұндайда кәсіби тарихшының рөлі ерекше маңызға ие. Әсіресе тарих пәнінен оқулықтар жазу саласы тарихи жадты қалыптастырудағы қауіпті сала. Кейде бір ғана сөз, немесе ұғым, сөйлем, сурет арқылы тарихи жадқа бірден нұқсан келтіруге болады», – дейді бір сұхбатында тарих ғылымдарының докторы, профессор Саттар Мәжитов [2]. Тарихи жад ұғымының мұншалықты маңызға ие екендігін бірі білсе, бірі біле бермейді. Аталмыш ұғымның өзі әлемдік ғылымда өткен ғасырдың аяғында орнаған. ХХ ғасырдың соңғы бөлігінде тарих ғылымында жиналып қалған эпистемологиялық мәселелерді постмодернистік сын күрт шиеленістіріп, уақыт өте келе ол тарихи зерттеудің нысандық өрісі, ұғымдық аппараты мен методологиялық негізіндегі мәселелердің жаңаша түсінігі мен сапалық өзгерістерге алып келеді. Жаңа тарихи парадигманы қалыптастыру үрдісі өте күрделі және қарамақайшылықтарға толы болады, бірақ жаңа ғасырдың басына таман мәдениет санатына басымдық берген бағыттардың келешегінен үміт күтуге болатындығы байқалады. Бұл жерде тарих ғылымында *жаңа мәдени тарих* немесе *тарихи мәдениеттану* деп түрліше аталатын жаңа бағыттың қалыптасуы сөз етіліп тұр [3].

Ғалым Л.Репина ғасырлар мен дәуірлер тоғысындағы тарихнаманың мәдени шарықтау шегімен интеллектуалды тарих доменіндегі *мәдени бетбұрысты* байланыстырады. Оның нәтижесінде зияткерлердің шығармашылық ойлауы мен жаңашыл идеяларын зерттеген интеллектуалды тарих мүдделерінің аясы мәдениет аспектілерінің антропологиялық түсінігін қамтушы мәселелерге: адамдар өз өмірлерінің мәнін іздейтін сана, миф, символ, тіл категорияларына таралған. Онымен қоса, тарихи шындықты жасау және сипаттаудағы тіл мен дискурстық стратегиялардың белсенді рөлін мойындау жаңа мәдени және интеллектуалды тарихқа ортақ теориялық-әдіснамалық принциптердің негізгі сипаттамасына айналады.

Ал заманауи тарихнамалық жағдай тарихи мәдениет тарихымен байланысты ауқымды зерттеу алаңын құрастырды. Тұтасқан тарихи мәдениет (және тарихи дәстүр) құбылысының кешенді зерттелуі әлеуметтік-мәдени және интеллектуалды тарихтың синтезіне негізделеді, ол интеллектуалды өріс құбылыстарын әлеуметтік тәжірибе, тарихи діл және теориялық та, идеологиялық та, әдеттегі сананы да қамтитын қоғамның рухани өмірінің жалпы үрдісінің кең контекстінде талдауды шамалайды. Ділдік таптаурын, тарихи миф, әдеттегі тарихи сананың әртүрлі уақытта түрлену үрдістері, қазіргі буынның болашаққа жолданған тарихи жадының қалыптасу, түрлену және берілу механизмдерін – оқиғалар, көрнекті тұлғалар мен өткен құбылыстар, сондай-ақ оларды ұғыну және түсіндіру әдістері жөніндегі үйреншікті қабылдаулар, түсініктер мен пікірлер жиынтығын нақ осы қырынан қарастырған жөн.

Жоғарыда сөз етілген ХХ ғасырдың соңғы бөлігінде тарихнамада орын алған батыл бетбұрыстың нәтижесінде құжаттарға қатысты жаңаша көзқарас қалыптасты, ол бойынша тарихи деректер өткеннің айнасы емес, олар тек оны түсіндіру құралы, әрі бұндай жағдайда өткенді жаңғырту – қол жетпейтін мақсат болғандықтан, ізделіп отырған өткенді құрастыру арқылы жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтарға (әсіресе маргиналды) өздерін сәйкестендіруде көмек көрсету тарихнаманың міндеті болып табылады. Сайып келгенде, бұл кезең тарихшылардың жад мәселелеріне белсенді жүгінуімен сипатталады.

Тарихшылар қарастыратын тарихи жад деректерінің субъективтілігінде аталмыш деректер мен тарихи жәдігерлердің авторлары, яғни адамдардың құндылықтар жүйесі, көзқарастары көрініс береді. Сәйкесінше, қандай да бір әлеуметтік топ немесе жалпы қоғам үшін азды-көпті дәрежеде тән түсініктерді бейнелей отырып, сәйкес ақпаратты күрделендіретін және өн бойынан өткізетін субъективтілік өз уақытының мәдени-тарихи ерекшелігін көрсетеді. Осылайша, «шындық жайлы ақпаратты бұрмалайтын» мәтін тарихи дереккөзі болуын тоқтатпайды.

Репина қарастыратын француз тарихшысы Бернар Гене өз еңбектерінде былай деп жазады: «әлеуметтік топ, саяси қоғам, өркениет, ең алдымен олардың жады арқылы анықталады, яғни олардың тарихымен, алайда іс жүзінде болған тарихпен емес, олар үшін тарихшылар жасап берген тарихпен... Мені тарихшы, ал одан гөрі – оның оқырмандары; тарихи еңбек, одан гөрі – оның жетістігі; тарих, одан гөрі – тарихи мәдениет қызықтырады» [4].

Тарихшылар жасаған және жадқа айналған тарих өзін қабылдаушы тарихи сана-сезіммен тарихи мәдениет түсінігінде бірігеді. Концептуалдық және терминологиялық айырмашылықтарына қарамастан, олар маңызды ортақ сипатқа ие: тарихтың басты нысаны – өткеннің оқиғалары емес, ол

жайлы жад, оқиғаны басынан кешіруші, оған қатысқандар мен сол заман өкілдерінің санасында қалыптасқан, олардың тікелей ұрпақтарына берілген, келесі буындарда қайта қалпына келтірілген немесе жаңғыртылған, тарихи сын әдістерінің көмегімен «тексеріс» пен «сүзгілеуге» ұшыраған образ.

Көбіне-көп, тарихи жад жеке тұлға және ұжымдық немесе әлеуметтік жад өлшемдерінің бірі – өткен-кеткен жайлы жад, нақтырақ айтсақ, өткеннің символдық репрезентациясы есебінде түсініледі. Тарихи жад өткеннің ақпараттары мен тәжірибесін берудің басты каналдарының бірі ғана емес, сондай-ақ жеке тұлға, әлеуметтік топ немесе жалпы қоғамның өзін-өзі сәйкестендіруінің басты құраушысы болып саналады. Былайша айтқанда, өткен тарихтың бөлек образдарын осындай жад арқылы ояту бүгінгі таңда әлеуметтік топтарды айқындауда үлкен маңызға ие. Ұжымдық санада орнап қалған (мәдени таптаурын, символ, миф түрінде) образдар жеке тұлға мен әлеуметтік топқа әлемде және нақты өмірлік жағдайларда бағыт-бағдар түзеуге мүмкіндік беретін түсініктер үлгісі болып табылады.

Тарихшылардың айтып отырғанындай, тарихи жад көріністерін күнделікті тұрмыстан, ал біздің жағдайда, тұрмыстық өмірдің жемісі саналатын фольклордан табуға болады. Бұндағы тарихи шындық үлесі қаншалықты жоғары екендігін бүгінгі таңда нақтылау мүмкіншіліктері де жоқ емес, әйткенмен неміс мысыртанушысы Ян Асманның пікіріне сүйенсек, «ұрпақтан-ұрпаққа беріле отырып, мәдени жад мейлінше маңызды – бағыттаушы, нормалаушы және айқындаушы функцияларға ие мифтік тарихты ғана сақтап қалады».

Тарихи жад түсінігінің бүгінгі таңдағы маңызы мен оның қазақ фольклорындағы бай қоры әлемдік жаһандану заманына аяқ басқалы тұрған жас буынның санасынан ойып тұрып орын алуы қажет. Олай болмаған күнде оның ақыры жақсылыққа апармайды. Бұған белгілі неміс тарихшысы Й.Рюзеннің мәдени-антропологиялық тәсілді пайдалана отырып жасаған теориясы айғақ болмақ. Ол ұжымдық сана-сезімнің өзгеру үрдісін «тарихи жад дағдарысының» нәтижесі деп қарастырады [5].

Мәдени-антропологиялық тұрғыда тарихилық түрлі деңгейдегі тарихи субъектілердің (жеке тұлғалардың, әлеуметтік топтардың, қоғамның) бағыт-бағдарымен байланысты ділдік операцияларды реттеуші антропологиялық универсалийлер ретінде ұғынылады. Бұл тұрғыда, тарихнама тарихын зерттеуде «тарихи жад» түсінігі басты назарда тұрады.

Ғалым «тарихи жад дағдарысын» тарихи сананың әдеттегі тарихи түсініктердің шеңберіне сыймайтын тәжірибемен соқтығысуынан туындайды деп есептейді, ал ол орнаған негіздер мен сәйкестілік принциптеріне қауіп тудырады.

Рюзен тарихи жад дағдарысының үш түрін ұсынады: *қалыпты, ауыр, апатты*. *Қалыпты дағдарыстан* орнаған тарихи сананың ішкі мүмкіншіліктерінің негізінде аталмыш тарихи сана түріне тән мән тудыру тәсілдеріне аздаған өзгерістер енгізе отырып, шығуға болады.

*Ауыр дағдарыс* – тарихи жадта орнаған бұрынғы тәжірибені субъектілердің заманауи қажеттіліктері мен міндеттеріне сай қабылдау және сәйкесінше түсіндіру мүмкіншілігіне қауіп тудыратын дағдарыс. Нәтижесінде тарихи санада түбегейлі өзгерістер орын алады, тіпті оның жаңа түрі қалыптасады. Салдарынан мән тудырудың жаңа тәсілдерінің қалыптасуы процесінде тарихи жадтың өзгеруі ғана емес, сәйкестендіру негіздері мен принциптерінің де, тарихи жадты сақтаудың ділдік формаларының да өзгеруі орын алады.

Және, ақтық, *апатты дағдарыс* сәйкестендіруді қалпына келтіруге кедергі жасайды, сөйтіп жалпы тарихи мән тудыру мүмкіншілігіне күмәнділік келтіреді. Бұндай дағдарыс оны басынан өткеруші субъектілер үшін психологиялық жарақат ретінде орын алады. Бұндай дағдарыс кезінде бастан кешірілген тәжірибе апат есебінде қабылданады, өйткені ол субъектілердің көзқарасы тұрғысында қандай да бір мәнге ие бола алмайды.

Сөйтіп, жарақат – бұл тәжірибе, ол адам қызметін бағыттау мақсатымен түсінік беру мүмкіндігіне тосқауыл жасайды. *Тарихиландыру* жарақаттаушы тәжірибенің қиратушы зардаптарын жеңудің мәдени стратегиясын білдіреді. Оқиғаға «тарихи» мән және мағына беру арқылы оның жарақаттаушы сипаты алып тасталынады: «тарих» бүгінгі күннің ахуалын бұрынғының тәжірибесімен, бұрынғыдан – бүгінгіге өту барысында адам әрекетінің келешегін көруге болатындай етіп біріктіреді. Қорытып айтсақ, қазақтың бай фольклорлық мұрасын қарастыру арқылы, халықтың тарихи жадының көріністерін жоғалтпай, оны бүгінгі әлемдік дүрбелең дәуірінде оңтайлы пайдаланып, келешек буынға «төкпей-шашпай» жеткізу міндетін алға қоюды ұсынамыз. Тарихи ізденістердің көбейе түсуі, жаңашылдықтың молынан орын алуы, сайып келгенде кез келген әлеуметтік топ өкілінің адами, кәсіби тұрғыда ілгерілеуінде із қалдырары сөзсіз. Ал оның өткенмен сабақтастықта қабылдануы қоғамның тұрақты дамуының кепілі болмақ. Осы тұрғыда халықтың тарихи жадының «қаймағы бұзылмаған» үлгілерін халықтық фольклордан теріп алып, оны ғылыми негізде сараптап, ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалау бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің біріне айналуы керек.

#### **Әдебиеттер:**

1 Ақтанова Айман Тарихи жад: Шәкәрім мен Мұхтар Әуезов шығармашылығы //Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2010. – № 7. – Б. 77-78.

2 Айгүл Сәметқызы Тарихи жад – сананы қалыптастырады // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 2-8 қыркүйек. – Б. 1-3.

3 Репина Л.П. Историческая память и современная историография / Л.П.Репина // Новая и новейшая история. – 2004. – № 5 (сентябрь-октябрь). – С. 39-51.

4 Гене Б. История и историческая культура средневекового Запада / Пер. с фр. Е.В.Баевской, Э.М.Береговской; Отв. ред. И.И.Соколова. – М. : Языки славянской культуры, 2002. – 496 с.

5 Рюзен Й. Кризис, травма и идентичность. // Диалог со временем: альманах интеллектуальной истории, вып. 13. – М., 2004.

ӨОЖ 81'282.3:811.512.122

## ТОРҒАЙ ӨҢІРІНІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Абубакирова Г.Н. - аға оқытушы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті*

*Қазақ тіл білімінің диалектология саласы жалпыхалықтық тілдің дамуына, жазба әдеби тілдің қор жинап, өрістей түсуіне ықпал жасап отырады. Әр аймақтағы сан қилы тіл тұтынысы қазақтың тілдік қорын байыта түспек. Мақалада қазіргі Қостанай облысына қарасты Жангелдин ауданындағы мал шаруашылығына, жан-жануарлар дүниесіне, кәсібіне байланысты атаулар қарастырылады.*

*Негізгі сөздер: диалектология, этимология, говар, әдеби тіл, ауызекі тіл, жалпыхалықтық тіл, норма, фонетикалық вариант, синоним, ауыс мағына.*

Қазіргі Қостанай облысына қарасты Жангелдин ауданы – тарихы тереңге тамыр жайған қазақ сахарасының құтты мекендерінің бірі (көп деректерде «Жангелді» деп те аталады). Қазақ тарихында Торғай атымен әйгілі елді мекен Тайга мен Тұран өлкесінің арасында жатқан, батысында Орал, Жайық, шығысында Есіл өзенімен шектесетін кең байтақ жер. Торғай өңірі 1939 жылы жасалған экспедицияның нысанында болса да, нәтижесінен толыққанды деректер көрініс таба алмады. Мұны ғалымдар «жалпыға ортақ әдеби тілден айырмашылығы жоқ» деп түсіндіреді еңбектерінде. С.Аманжоловтың «қазақ әдеби тілі негізінің қалануына солтүстік-шығыс диалектісі себепші болды» деп жасаған тұжырымы соны нақтылай түседі. Сондықтан да аймақ диалектілері мен говорлары зерттеу нысанына алынып отыр.

Ең алдымен жергілікті тұрғындардың сөйлеу ерекшелігін, қалыптасқан орфоэпиясын байқауға болады. Сөздердің фонетикалық өзгеріспен қолданылатындығы байқалады. Мәселен, кейбір сөздердің жеңішке дыбыстармен айтылуы (мәнәғы, шәпәлақ т.б.). *Тиіп кету* «жолығу», «кездесу» деген сөздермен синонимдес (Жангелдин ауданы): Ай, жүгірмек-ай, ауылға бір келгенде атаңа бір тиіп кетуді білмейсің (ауызекі тіл). Сонымен қатар ешқандай сөздікке ілінбеген, жергілікті жұрт әлі күнге күнделікті тұрмыста пайдаланып жүрген говор сөзді кездестіруге болады. «*Апайынды*» апалы-сіңілілі деген сөзге мәндес. Бұл сөзді өзге облыстар тұрмақ Торғай төсіндегі ауылдардың да бәрі бірдей қолданбайды. Тек Ақшығанақ және Шилі елді мекендерінің тұрғындары үшін ғана күнделікті үйреншікті сөз. Ағалы-ініліні «ағайынды» десек, аталған ауылдарда, дәл солай, апалы-сіңіліліні «апайынды» деп қолдану баяғыдан бар екен. Бұл еректікті ру ішілік қарым-қатынастан туындаған сөзжасам деп бағамдауымызға болатын сияқты. Ал, кәдімгі *рахмет* сөзін Торғайдың кейбір ауылдары *рахмат* деп қолданады. Соған қарағанда, көптеген берекелі мәжілістерде «Алладан – рахмат, пайғамбардан – шапағат» деп ұйқасып келетін бата-тілектің шығу төркіні осы қарт өлкеден арна тартқан-ау деген қисынға жетелейді. *Апай таптырмау* – ес жинатпау. Торғайлықтардың сөйлеу тілінде кездесетін тіркес. Толық мағынасын ашар болсақ, біреуден бір нәрсе сұрай барып, берушінің есін шығарып, қалағанын алмай қоймау дегенге саяды.

Мал шаруашылығына, жан-жануарлар дүниесіне байланысты атаулар.

*Адау* – Жангелдин ауданының Ақшығанақ ауылында жиі қолданылатын сөз. Аталмыш сөз әлі күнге бірнеше мағынада тұтыныста келеді. *Адау*: 1) былтырғы жылы салынған маяның орнында қалған шірігі. *Әкем адау шөпті тастамай, бір бұрышқа жинай салған, міне, соның пайдасы тиіп, биылғы жылы жетпеген шөптің орнын басты.* 2) қымыздың келесі күнге артылып қалуы. *Анам адау қымыз деп төгіп тастамай, оны қысқа жауып тастады* (ауызекі тіл). *Адау* сөзі түсіндірме сөздікте де кездеседі [1, 18 б.]. Мұнда да жоғарыда алғашқы келтірген мысалмен мағыналас, яғни өткен жылғы қалың пішен, шөп. Мысалы: *Қора төбесі адау шөп* (Б.Майлин, Шығ.). Нақ осы сөздік кітапта

адау-дың сын есім мәніндегі, қос сөз түріндегі мағынасы – *адау-қадау* болып тізімге ілініпті. Бұл жерде селдір, сирек, әр тұста бір деген сөздерге синоним. Мысалы: *Әлі де ұшып бітпеген бірен-саран, адау-қадау, өзі атын білмейтін бір күлгін сары гүлдер кездесіп еді* (Ө.Қанахин, Құдірет). *Адау тартты*. Адау сөзі бұл тұста күрделі етістікке айналып тұр. Ескірді, ұмыт болды деген мағынаны білдіреді. Мысалы: *Екеуінің вагоннан бірге түскен шағы Сәдірге дәл қазіргідей елестеп, оның а д а у тартқан ашуы от түскен қаудау бірден лап етті* (А.Хангелдин, Қараторғай).

*Ақыр*: 1) малға шөп салатын қоршау. Деректерге сүйенсек, бұл сөздің төркіні араб, парсы тілдерінен деген топшылау бар. *Ақыр* Қазақстанның шығыс және оңтүстік облыстарында да қолданылады. Сәйкесінше, аталмыш сөзді айтылмыш мағынада Торғай өңірінде ықылымнан бүгінге дейін тіршілікте тұрақты тұтынып келе жатқан ауылдардың бірегейі Ақшығанақ болып табылады. Ал көршілес өзге ауылдар мұны «керте» дейді. Мысалы: *Бұл кезде шалықтаған сен ақсұңқар, Түсерсің, жайған торға бір күн барып. Әрқашан арғымақпен ақырлас бол, Жабыны не қыласың қарны жарық* (Кете Жүсіп, Өлең). 2) қыстыгүні қардан жасалған қораның ық жағындағы қар түсіртпей тазалап тұратын алаң. *Біздің шана ақырда тұр, сол жерден жегерсің* (Жангелдин ауданы). *Ақыр* сөзінің есімдік түріндегі *әйтеуір, бәрібір*, етістік тұлғасындағы *болса да, болмаса да, бақыру, жекіру, ұрысу, үстеу* қызметіндегі *ақыр аяғында (соңында) - ең соңында, ақырында* деп ажыратылатын бірнеше мағынасы да бар.

*Аруана* диалектісі Қостанай облысына қарасты Торғай өңірінің Жангелді ауданында жиі қолданылады. Бұл сөздің мағынасы бір өркешті, таза тұқымды түйенің ұрғашысы. *Жол бойы аруана байқамадың ба? Аруана* сөзінің осы мағынада берілуін көркем шығармалардан да кездестіруге болады. Мысалы: *Ай мүйізді сиырды, Желінінен сүт аққан. Тау өркешті аруана, Ағылған шар тараптан*. (Жамбыл, Шығ.). *Аруананың өркешіндей қырлана біткен биік таудың сұлу бейнесі көрген жерде тартып барады өзіне* (С.Омаров, Дала қызы). *Көрмейсің бе, ботасы өлген ғой аруананың. Зары қандай ащы еді. Түйе деген жануар баласын адамнан артық жоқтайды* (Т.Ахтанов, Дала сыры).

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде де аруана диалектісіне *бір өркешті таза тұқымды түйенің ұрғашысы* деп түсінік берілген. *Аруана көкірек – бауырмал, балажан* [1, 58 б.]. Ал, қазақ әдеби тілінің сөздігінде аруана диалектісінің ауыспалы мағынада қолданылуына мынадай мысал келтірілген. *Балажан ана. Қасында жүзін әжім шиырлаған аруана әже сәбиді сүйіп ол тұр* (Қ.Мүсірепов, Гүлжазира). *Соғыстан оралмаған ұлын ойлап, жиырма жыл аһ ұрады аруана* (Ф.Мүсірепов, Раушан). *Қайран аруана – көкірек аналарды айтсаңшы. Біз аттанған сәттен бастап-ақ олардың жүрегін сағыныш оты өртейтін тәрізді* (Ө.Бектемісов, Майдангер) [2, 1 том, 666-667 б.].

Ел арасында *аруанадай* сын есім сөзде қолданылады. 1. *Аруана сияқты. Аруанадай қозғалады*. 2. *а у ы с*. Боталаған нардай, мейірімді, аналық мейірі төгілген. *Сорлы Ақбілек! Сен жыламай, кім жыласын? Тас емшегін жібіткен, тар құрсағын кеңіткен аруанадай анаңнан айырылдың!* (Ж.Аймауытов, Шығ.). *Аруанадай боздады*. Ботасын іздеген аруананың дауысына ұқсас зарлы үн шығарды. *Шебер қолдағы шешен домбыра аруанадай боздап, еді келіп, әркімдер-ақ орындарынан жиі-жиі қозғалып, терең күрсініп алды* (Ө.Сәрсенбаев, Толқында). *Ботасынан айырылған аруанадай*. Баласынан айырылып, зарлап қалған анадай. *Маған да пәлеқордың кесірі көп, Тілдейді, мені жаудың жесірі деп. Айырылған ботсынан аруанадай, Боздаймын суретіне тесіліп тек* (Қ.Бекхожин, Үш кезең).

Ал диалектологиялық сөздікте *аруана* диалектісіне үш түрлі түсінік берілген. 1) *Аруана* (Қ.орда: Жал., Сыр.; Қост., Жанг.) түйенің арқасына кигізе салатын қом тәрізді жабу. *Жол бойында жүрген аруаналы түйені көрдің бе?* (Қ.орда, Сыр.); 2) *Аруана* (Қ.орда, Қарм.) тор қанат жәндіктердің бір отряды; 3) *Аруана* (Қ.орда, Жаңақор.) жаратылысынан бір өркешті, таза нәсілді, тықыр жүнді, суыққа шыдамсыз, өте сүтті, сидаң сирақ, ыстыққа, шөлге шыдамды ұрғашы түйе тұқымы.

*Астау*. Қостанай облысының Жангелді ауданы Ақшығанақ ауылындағы қолданыстағы сөз. Малға жем малып, су беретін ыдыс. Мысалы: *Ондайда адам астаудан жеріген аттай пысқырынып, өзінен жиіркеніп тыжырына береді* (Т. Ахтанов, Дала сыры.). Түсіндірме сөздікке көз жүгіртсек, ас салатын ағаштан ойып жасалған үлкен кең ыдыс және малға жем салып, су беретін үлкен науа деп мәнін ашқан [1, 62б.]. Алматы облысы Жамбыл ауданында үлкен тегеш ыдысты *астау* дейді. Мысалы: *Бір қойды сойып, етін асып астауға жасап, жұмысшыларға бердік*, десек түсініктірек болар еді. Ал, Қызылорда облысының Жалағаш, Сырдария, Қармақшы аудандарында аталмыш жердегідей, мал су ішетін науаны атайды. Мысалы: *Мал суаратын астаудың төрт аяғын дере дейді* (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері). Гурьев облысы Есбол ауданы мен РФ Волгаратқа қайықты астау деп атайды. Мысалы: *Астауды жарамсыз болғаннан кейін, жем салып қойды* [3, 74 б.].

*Астау* – зат есім. Ағаштан ойып жасалған ыдыс, тегеш. Мысалы: *Қазақтың қосын, қазақтың астауын, шөмішін ес көрді. Үңірейген иесіз қосқа кіруге тағы батылы бармайды* (Ж. Аймауытов, Шығ.). Алматы облысында қолданылатын диалект сөз - дастарқанға ет тартылатын үлкен еттабақ. Мысалы: *Толсын қазан қазы менен қартаға, Күтсін жеңгем жегіш аузын қайының Тартсын әкеп астауменен ортаға, Керегі не ет үнемдеп баудың?* (Ө. Тәжібаев, Жартас). Сонымен бірге ас,

тамақты да астау дейді, оған Шал ақынның өлеңінен үзінді келтіруге болады: *Кәрілік әрбәр жерден берер хабар, Жүрген адам көргенінен білім алар. Кей адам бас көтермей құнжыңдаған, Алдына астау келсе жаудай шабар* (Шал ақын, Өлеңд.). *Шаңырқап келіп, астауға бас қойған жылқы бірін – бірі қағып, тістелеп, тебісіп жатыр* (Ғ. Мұстафин, Дауыл.) – десек бұл жерде мал суаратын ыдыс, науа екені анық. Тағы бір талдай кететін болсақ астау сөзінің техникаға да қатысы бар. Яғни, техникалық механизмдердің астау тәрізді бір бөлігі. Мысалы: *Тазартылған ұнтақ – үгінді жалпы араластырғыш астауға түседі, оған минерал заттар да, сірне мен карбамид те келіп түседі* (Қ. Құсайынов, Сабан.). *Астау ауыспалы мағынадағы да қолданыстағы сөз. Өзеннің немесе құдықтың су толатын ернеуі. Мысалы: Жаз бойына жататын өткел бермей, Кең кемері, жағалай шөккен белдей, Су толатын астауы зор болған соң, ол тасқынның зардабын ешкім көрмей* (Ғ. Қайырбеков, Көксадақ) [2, 2 том, 40 б.].

Қазақ тілінде кездесетін *астау бел* деген сөз бар, ол төңкерілген астау тәрізді жұмыр, дөңес қырат жер, жота деген сөз. Мысалы: *Алдымыздағы Ақшатау мен қалып жатқан астау жон адыр да, жел мен жер де, осы әннен, әншіден басқа дүниенің бәрі де жоқ болып кетті* (Ж. Жұмаханов, Үш бәйтерек).

*Астау ой.* Ойығы кең, астаудың шұңғылы сияқты ойпат жер. Мысалы: *Ақ тайлақ ауылдың қасындағы шөбі әлі тұяқкешті бола қоймаған астау ойға жайылып шықты* (Ө. Кекілбаев, Дала.). *Сен құсаған кедейдің бес-алты арық-тұрығына бір арқа шөп, бір астау су қайда да табылмай ма?* (Б. Аманшин, Көкжар) – дегенде, бір арқа шөп, бір астау су, саны шамалы малды асырауға жетерлік жем-су деген сөз [2, 2 том, 40 б.].

*Қамыт.* Қостанай облысы Жангелді ауданының Ақшығанақ, Жаркөл ауылдарында қолданылатын диалект. Жылқы шаруашылығында қолданылатын құрал, яғни ат-әбзел. Мысалы: *Балам, мына ат-әбзелдердің ішінде қамыт жоқ ғой, әлде біреуге бердіңдер ме?! Қазақ тілінің әдеби және түсіндірме сөздігінде қамытқа, аттың мойнына кигізілетін, имектеу келген ағаш жақтаулары бар арба-шана әбзелі және ауыспалы мағынада ауыр азап, ауыртпалық деп түсінік берілген. Мысалы: Әшір қарауындағы колхоздардан соқа-сайман, қамыт, айыл-тұрман тауып қойыпты* (Б. Дәулетбаев, Сүмбілшаш). - *Сөйтіп жұмысының құлдық қамыты мойынынан, шаруаның қайыршылық шәркесі аяғынан түспес еді* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық.).

*Қамыт* сөзінен шыққан қамыт аяқ тіркес сөзі – екі бұтының арасы, сирағы ішке қарай доға сияқты имиген, қисық аяқ, талтақ деген мәнге саяды. Мысалы: *Ол сапарға амандасты. Орта бойлы, қамыт аяқ, ақ шұбар жігіт екен* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.) [1, 469 б.].

*Қамыт киді.* Лажсыз бір іске көнді, мойынсынды, тұсауға түсті. Мысалы: *Қиын, досым, Киелі Ұстағанша шабытты. Келесі күн киемін Тағы да сол қамытты* (Қ.Мырзалиев, Мәңгі майдан). *Дегендер тұтас тұуған тұлға бүтін, Киместен өткен жандар құл қамытын, Қашанда Азаттықтың бір перзені Бойында жатар тулап бұл халықтың* (Ғ.Қайырбеков, Көксадақ).

*Қамыт күпі.* Мақтасы қалың салынған шапан. Мысалы: *Жалаң бас, жалаң аяқ, жырттық дамбал, Кір көйлек, қамыт күпі, шидем шалбар. Сары үрпек, көгілжім көз, өңі жүдеу, Қу мойын, аш қабырға аңғал-саңғал* (С.Торайғыров, Шығ.).

*Қамытқа басын сұқты* (мойынсынды). Бас иді, берілді, көнді деген ұғымды білдіреді. Мысалы: *Ұлық қару асынған солдатпен шығып, топты ықтырып отырып, тізім жіберсе, соның артынан ел жалпақтай, үркектей келіп, аяғында қамытқа басын сұғады* (М.Әуезов, Қилы заман).

*Қамыттан шықты.* Іске жарамай қалды, қатардан қалды. Мысалы: *Мөңке әзілге айналдырып: - Бала, мен осы күні қамыттан шыққан кәрі ат сияқты болып барам ба, қалай? – деп күлетін* (Ә.Нұрпейісов, Сергелдең).

*Лағынет* (нәлет) қамытын киді [мойынға ілді]. Қарғау ұғымындағы с өз. Қарғыс атты, ел қарғысына, наласына ұшырады. Мысалы: *Қарғағаны Қалқаман ба еді, сол елдің? Жоқ, Көкенай еді. Сол Көкенай ел қарғысын алып, лағынет қамытын киіп еді* (М.Әуезов, Шығ.).

*Мойнына* (басына) қамыт киді [салды]. Өзін-өзі азапқа салды, бұғауға ілікті. Сөзіміздің мәнін аша түсу үшін тіл жанашыры Мұхтар ағамыздың өлеңінен үзінді келтіре кетсек, мысалы: *Табу қиын бұған теңдес қайғы да, Қайран көңіл қайратыңнан айныма. Жұртқа салған бейшаралық қамытың Тағдыр менің сала алмады мойныма* (М. Шаханов, Ғасырлар.).

*Мойнынан қамыт түспеді,* яғни ауыр азаптан құтылмады, қиналды, азап шекті. Мысалы: *Мұнша жүк Қаңтарбайға, жеңіл емес. Өмір бойы мойнынан қамыт түспей, ауыр жүкке арқасы үйренгенмен осы жолы қиналып-ақ келеді* (З. Ақышев, Ақбел.).

*Қарғыбау.* Жангелді ауданының Ақшығанақ, Жаркөл, Еңбек, Шеген ауылдарындағы қолданыстағы сөз. Иттің мойынтағы, шынжыр немесе қайыстан жасалады. Мысалы: *Біздің иттің қарғы бауы жоқ, көшеде қаңғыбас ит атқандар жүр атып кетпесін немесе Төбет қарғыбауын үзіп кете жаздады. Шәміл, Шәміл! Шаршадым, қалжырадым. Ет жүрегім езілді, қан жылады. Жырым менің – науқастың сандырағы, Құным менің – тазының қарғыбауы* (М. Мақатаев, Шығ.).

*Қарғыбау.* Зат есім тұлғасындағы этно сөз. Ауыспалы мағынасы да бар. Құда түскен адамның болашақ келінін иемденгеннің белгісі болсын деп қолына тағатын білезік, не алқа тағу рәсімі, яғни

құдаласқан адамның қалыңмалдың сыртында беретін ырымы. Біреудің затын сұрап алғаны үшін қарымта ретінде беретін сыйақы. Мысалы: *Қоқыш, Сәрсен, Жарас бай болып ақылдасып, Бәйтен ауылына қарғыбау мен қалыңмалды бірге қосып, қарбытып бір-ақ беріп жіберген* (М. Әуезов, Қараш.). Би, болыстар тағатын қызмет дәрежесін көрсететін алқа, белгіні де қарғы дейді. Мысалы: *Өңкей қарғыбау таққан болыстар бірінің аузын бірі жалаған ұялас иттер сияқтысыңдар-ау* (С. Жүнісов, Ақан сері). [1, 485 б., 2, 9 том, 367 б.].

*Шанышқақ*. Торғайда, Ақшығанақ, Жаркөл ауылдарында қолданылатын диалект. Сиыр малының жаз кезіндегі ауруы. Мысалы: *Бүгін күн бұлтты және жаңбыр сіркіреп тұр, енді сиырлар шанышқақтамай жақсы жайылып келетін болды ғой*. Түсіндірме сөздіктерде де осы мәндес түсінік берілген. (Көкш., Қ.ту; Қост., Жанг.) сәйгел, оқыра (сиырдың жазда болатын ауруы). Мысалы: *Шанышқақ тиіп сиырларымыз сауғызбай кетті* (Қост., Жанг.). *Әукім-әукім! Шанышқақ па немене...Неге шегінді, тебеді ме* (Б. Майлин, Шығ., 1т., 144). *Мінезі де қызық өгіз: шанышқақ – сәйгел дегеннен ығысуды білмейді* (С.Мұқанов, Бақташы.).

*Шанышқақ* бұл жерде сын есім тұлғасындағы сөз. Шанши беретін, жиі шаншитын деген мағынада. Мысалы: *Кейде жүрек тым беймаза шанышқақ, Өр кеудемді тастайтындай жаныштап, Сол бір сәтте шексіз өмір жиегі көз алдымнан жүре берер алыстап* (М. Айтқожина, Қаракөз.).

*Шанышқақ* сөзі зат есім ретінде де жұмсалып, тұрмыста қолданылады, яғни шанышқының баламасы. Мысалы: *Көсеу десе күректі, Айыр десе шанышқақ... Сөйткен қызық күн де өтті, Кетті қазір алыстап* (А. Шамкенов, Жайлау.). Бұл сөз ботаника саласында да зат есім тұлғасында жұмсалады. <лат.pulsatilla> Сарғалдақтар тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдікті осылай атайды. Мысалы: *Шанышқақтың Қазақстанда Шығыс Қазақстан облысында, Жетісу (Жоңғар), Іле, күнгей, Теріскей Алатаулары мен Кетпен тауларында 6 түрі өседі* (ҚҰЭ). *Ашық шанышқақ* тіркес сөзі де ботаника саласында қолданылатын сөз, яғни <лат.pulsatilla patens> Тастақ жерде, қарағайлы орманда, құрғақ шалғынды жерлерде өсетін дәрілік өсімдікті осылай атайды. Мысалы: *Ашық шанышқақтың тамыры шашақталған, сабақ түбіндегі жапырақтары сағақты, қауырсын тәрізденіп немесе саусақ салалы тілімденген. Ашық шанышқақтың сабағынан өсетін жапырақтары – қондырмалы, бірнеше бөліктен тұрады, сыртын түк басқан* (ҚҰЭ).

*Шанышқақта*. Бұл жерде диалектіміз өзгеріске еніп, етістік тұлғасында жұмсалып тұр. Оқыра тию, оқыралау, сәйгел тию. Мысалы: *Бөгелектеген жылқы, шанышқақтаған сиыр шауып келмесін деп, Зейнеп салт ат ерттетіп, бір жігітін күзетке қояды* (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). Қимыл атауында *шанышқақтау* болып өзгеріске енеді [1, 901 б., 2, 15 том, 242-243 б.].

*Шыбыртқы*: 1) Өріп, кейде өрмей жасаған ұзын қамшы. Жангелді ауданында мал шаруашылығында қолданылатын зат есім тұлғасындағы сөз. Мысалы: *Калинин атындағы колхоз 9 ат қамыт, 25 шыбыртқы өзірледі*. Қазақ әдеби сөздігінде де, бір нұсқа осылай түсінік берілген, жерлес ақынымыз Ғафу ағамыздың шығармасынан мысал ала кетсек, түсініктірек болар еді. Мысалы: *Өгіздің сытырлаған тұяғы, шыпылдаған шыбыртқы даусы қосылады* (Ғ.Қайырбеков, Ақ желкен). Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне де көз жүгіртсек, диалектімізге Торғай өңіріндегідей мәнде түсінік берілген, яғни мал айдайтын ұзын қамшы, талшыбық. *Шыбыртқы астына алды* – шыбыртқымен сабады, ұрды. Мысалы: *Тегі Тоқа болуы керек, екі сиырын қорадан шапшаң айдап шықты да, шыбыртқының астына алып, қуа жөнелді* (О. Бөкеев, Өн салады.). 2) Жуандығы сұқ саусақтай жіңішке әрі ұзын шыбық. Мысалы: *«Кеселкідә» шешем отыр сілтеген шыбыртқысы найзағайдай суылдап* (Ө.Нұрғалиев, Соғыс.). Ауыспалы мағынада, шымшыма сөз деп те қолданылады. Мысалы: *Өзі үйірген шыбыртқысының ұшы өзіне тиіп тұрғанын сезді Фазез* (Қ. Әлімов, Түлеген тың.). *Шыбыртқы қамшы*. Бұл жердегі мағынасы қамшының бір түрі баламасына саяды. Арба, шана тәрізді көлікке жегілген яки бір топ малды айдауға, қайырмалауға қолданатын, әдеттегі қамшыдан бірнеше ұзын қамшы түрі. Мысалы: *- Е, ей, - деп шыбыртқы қамшысын үйіріп қояды* (С.Сейфуллин, Тар жол.). [2, 15 том, 502 б., 1, 930 б.].

Кәсіпке байланысты атаулар.

*Атыз*: 1) Қолдан суарылатын егісті жердің бір бөлігі. Жангелді ауданы Ақшығанақ ауылындағы диалект. Мысалы: *Сона бір атыз қауынның су ішпей қалуы қырсық болды* (Қ.Әбд., Тәтті қауын., 26,36). Түсіндірме сөздікте суаратын егіс табанының шахмат түрінде жасалған көрінісі деп мағынасы ашылған. Бұл өзге өңірлерге тән түсірінік болуы керек [1, 69 б.].

*Атыз* сөзіне тереңірек тоқталайық. Бұл – кәсіби сөз. Зат есім тұлғасында. Егістікті суару немесе артық ылғалды шығару үшін тартылатын арық. Түсіндірме сөздіктерде көбіне осылай анықтама беріледі [2, 2 том, 132 б.]. Мысалы: *Бұта түбінен елу метрдей жерде жағаға қарай созылған жіңішке ғана атыз жатыр* (Ө.Сәрсенбаев, Жауынгер.).

*Атыз тарту* (соғу). Атыз жасау деген мағынада. Мысалы: *Өзім жеке барамын, Арығымды қазамын. Атызымды тартамын. Оған жетер бар халім* (Ө.Тұрманжанов, Менің кітаб.).

2). Геологиялық термин. Тау жыныстарының мұжылуы нәтижесінде жер бедерінде пайда болатын шағын жыралар. Атыздардың пайда болуы [2, 2 том, 132 б.].

Осы сөздің қазақ тіліндегі сөз таптарындағы мәндерінің әртүрлілігіне тоқталып өту керек. Мәселен, зат есім тұлғасындағы *атыз-арық* деген қос сөз бар. Мысалы: *Колхозшылар атыз-арықты ерте бастан жөндел жатыр* (Қ.Сатыбалдин, Қараторғай).

Етістік формасындағы *атызда* сөзі, *атыз жасау*, *атыз-атызға бөлу* деген мағынада. «*Атыздап шықты*» – деп, мысал келтірсек мағынасы ашыла түспек. Қимыл атауын білдіретін *атыздау* деген етістік бар. Мысалы: «*Басқа жұмысы да оңай емес-ау. Ол жерді айдау керек, атыздау керек. Суарып қайта шабу керек, отау керек*» деген ойлар бірінен соң бірі шұбырып өтіп жатты (Т.Дәуренбеков, Біз. кездес.).

*Атыздай*. Бірдеңенің атыз тәрізді екенін, айқыш-ұйқыш екенін бейнелеп тұрған сын есім сөз. Мысалы: *Тігісі атыздай, жіп түйіні шоқыдай* (Б.Қыдырбекұлы, Ешкім.).

Көзі алақандай болып кеткенде, қорыққанда, көзі *атыздай* болды деп түсіндіруге болады. Мысалы: *Судыр Ахметтің екі көзі атыздай болды. Әншейінде, от басында қатын-баланың алдында ерсінгені болмаса, бұл өзі заты қорқақ кісі* (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер) [2, 2 том, 132 б.].

*Атызды*. Сын есім, атызы бар, атыздалған деген мағынада. Мысалы: *Жаңарқа орман шаруашылығының 1958 жылдан бергі тәжірибесінде ағаштар тұқымы кең атызды, жүйекті тәсілмен егілуде* (А.Балтабаев, Шөл.).

*Баспа*. Қостанай облысы, Жангелді ауданы, Ақшығанақ ауылы. Ұзын ағаш, шөп бастырып қоюға арналған бөрене. Мысалы: Мына шөптерді тезірек баспамен басып тастау керек. Сондай осы елді мекендерде шөп жинайтын машинаның басып тастап отыратын басқыш темірін де баспа деп айтады. Мысалы: *Бол, бол, жылдам баспаны баса қал*.

Ал, енді жалпыға ортақ өзге де мағыналарына көз сүріндіріп көрелік: 1) Кітап, газет-журналдарды басып шығаратын мекеме. Мысалы: *Жарқын руднигі ашылғаннан кейін, Нүрке осы көн қоймасын болжаған Дәуреннің теориялық көзқарасына сүйене отырып, өз атынан еңбек жазып баспаға берді* (І.Есенберлин, Айқас). Баспа өнімдерін дайындап шығаратын мекемедегі адамдар, редакция алқасы. Мысалы: *Баспаға Нияздың өлеңдері түскен екен. Кітап болып басылмас бұрын оқып шығып, пікір айтуға оны Ләззатқа берді* (Т.Ахтанов, Махаббат.). 2) Информатика саласында қолданылады. Мәліметтерді баспа құрылғысына шығару және листинг (қағазға басылған бағдарлама мәтіні) алу. Мысалы: *Баспа – ақпаратты басу арқылы қағазға шығарып беретін құрылғы* (Қаз. тілі термин. Информатика.). *Баспа диспетчері*. Инф. Windows 3.x жүйесінде принтердің жұмыс тәртібін басқаратын бағдарлама. *Баспа сервері*. Инф. А) Бірге қолдануға арналған орталық баспа құрылғысына қатынас құруға мүмкіндік беретін есептеу мәшинесі немесе бағдарлама. Ә) негізгі қызметі бір немесе бірнеше принтерді басқаруға арналған желідегі компьютер. 3) Ауыз қуысы мен тамаққа суық тиюден пайда болатын ауру [1, 112 б.]. Яғни медицина саласында зат есім формасында қолданылатын диалект. <лат.angina>. дауысты қарлықтырып, жұтындырмай ауыртатын тамақ ауруы (ангина). Мысалы: *Лимон жемісі – құрқұлақ, баспа, атеросклероз ауруларына қарсы қолданылатын дәрі* (Т.Таубаев, Жасыл өлем.).

Аталған сөздің әрбір өңірде меншікті мағыналары бар. Бұған аймақтық түсіндірме сөздіктерге үңілу барысында көз жеткіздік. Мәселен, *баспа* – төбесі ғана жабылған, жан-жағы ашық жай орын (Шығ.Қаз.). Мысалы: *Енді бір сәтте Бақтығұл баспа ғып тұрған тұмсықшаға шашыраған селдір топ шықты* (М.Әуезов, Қараш.). Үйдің немесе басқа да жиһаздың есігін бекітетін, жауып тұратын тиек, ілмекті де *б а с п а* дейді. Жамбыл облысы Талас, Сарысу аудандарында солай аталады. Мысалы: *Біздің үйдің есігінің баспасы жоқ. Сонымен бірге, бастырық, есік жапқанда ілгек темірге көлденең өткізетін ағашты да аталмыш диалектіні тұтынады. Қарағанды облысы Шет ауданында есіктің құлып салатын ілгек темірін айтады. Мысалы: Жұмагүл көрегеннің көзінен қолын сұғып жіберді де, ағаш баспаны бұра салып, есікті ашып үйге кірді* (З.Ақышев, Ақбел.).

«*Баспа қылып қарады*» деген тіркесті әдеби шығармалардан ұшырастыруға болады. Мағынасы – сығалап, жасырынып, бұқпантайлап қарау. Мысалы: *Аяжан бұрыштан баспа ғып қарады да тұрды. Көк есек мұны сезіп қойды* (Б.Соқпақбаев, Аяжан).

*Баспа тақтай* – арықтан, судан өту үшін салынған зат, өткел. Мысалы: *Жылға суына көлденең салған баспа тақтайдан таяқ таянған бір кемпір өтті* (М.Гумеров, Хазірет.).

*Баспа шекпен* – сәнді, зерлі шекпен түрі осылай деп аталған. Оқалап тігілген сырт киім түрі. Мысалы: *Баспа шекпен үстінде, Бәйгі тарлан астында. Тап сол жылы Махамбет Отыз тоғыз жасында* (Ы.Шөреков, Дастандар).

*Баспа құрт*. Тағам атауы. Мұны этнографиялық тұтыныстағы сөз деп қарастырған жөн. Қолдан домалақтаған жұмыр пішінді, тұз сіңген құрт. Мысалы: *Оң жақ босағада тұрған ескі кебежеден дастарқанға қос уыс ірімшік, он шақты баспа құрт, тоңазыған бір тәрелке сары май әкеп салды* (З.Ақышев, Ақбел.). [2, 3 том, 58-59 б.].

*Баспа* деп Алматы облысы Кеген ауданында өрнекті айтса (Мысалы: *Текемет көйлектің жиегіне баспа жүрегізілді.*), Қарақалпақстанда қол жуатын құманды осылай атайды (Баспа қайда? Меймандардың қолына су құй. Ауқат таяп қалды). Ал, Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында *ашық-машық* деген нұсқада қолданылады [4, 127 б.].

*Ебелек.* 1) Ақшығанақ округінің қолданысындағы сөз. Дирменнің, құдықтың ағашы. *Дирменнің ебелегі жақсы айналып тұр, желдің қатты болғаны ғой.* 2) Ботаника саласына қатысты термин: Құмды, шөбі тықыр жерлерде өсетін біржылдық шөптесін өсімдік. Мұның е б е й деп аталатын архаизмдік синонимі де бар. Мысалы: *Қарақұмда алабота, жантақ, ебелек, тағы сондайлар өседі* (С.Шәймерденов) [5, 192 б.]. Сонымен қатар физика ғылымында да бар термин. Айтылмыш салада әйнектің жарыққа шағылысуынан пайда болатын сәулелі солай атайды [1, 215 б.].

*Ебелек* ауыспалы мағынада жеңілтек, қалбалақ, ұшқалақ дегенді білдіреді. Сонымен қатар «*ебелек қақты*» деген тіркес бар. Мағынасы – асты-үстіне түсіп, бәйек болды, қалбалақтады. Көбіне әдеби шығармаларда теңеу ретінде пайдаланылатын «*Ебелек ұшпас елсіз жер*» дейтұғын тұрақты сөз тіркесі жиі кездеседі. Бұл «*қу медиен тақыр дала, шөл дала*» дегенді меңзейді.

*Қармақ:* балық аулайтын құрал. Балық аулау үшін ілмек тәрізді етіп жасалған құрал. Торғай өңірлік диалектісі. Мысалы: *Көкем қармағын алып, таңертеңгілік балыққа кеткен немесе Қонысбай тамның төбесінде жатқан қармағын алып, өзенге қарай беттеді* (Т.Бердияров, Солдат.).

*Қармағына (қармаққа) ілінді (ілікті, түсті)* – біреудің алдауына түсті. Мысалы: *Арақ ішіп алған соң арам сирақ құлардың қармағына ілінді* (С.Бақбергенов, Адам.).

*Жез қармақтай.* Икемді, ілтипатты. Мысалы: *Денесі келбетті, жез қармақтай иілген сұлу жігіт* (Ғ.Мұстафин, Көз көрген).

*Жыр қармағы.* Бейнелеуіш сөз. Өлең-жырдың қуаты, тартымдылығы. Мысалы: *Жүйесізді жібермей жыр қармағы, Жәмиғаттың жанғандай ізгі арманы* (Д.Қанатбаев, Ағын су.).

*Қармақ белбеу.* Ілгекті топсамен қапсырылатын белбеу. Мысалы: *Түлкіден ішік киген тысы мауыт, Сипаттап айта алмайсың сөзді тауып. Белінде топсаланған қармақ белбеу, Жасатқан бағдарына алтын тауып* (Қ.Тастайбеков, Өлеңд.).

*Қармақ ию.* Темірден иіп қармақ жасау. Мысалы: *Инені отқа салып жасыттым да, ұстаның баласы емеспін бе, тым жақсы етіп қармақ идім* (Ө.Қанахин, Жер бас.).

*Қармаққа (шаншым) шаншар (еті жоқ) ет қалмады.* Әбден арыды, жүдеді, өте арық. Мысалы: *Ғабдолда қармаққа шаншар ет қалмады* (З.Иманбаев, Солма.гүл.), *Бірінде адам тәрізді ең жоқ. Беттерінде, бар денелерінде қармаққа шаншым ет қалмаған* (С.Сейфуллин, Таңд.шығ.).

*Қармақ құрды.* Біреуге тосқауыл жасады, кесе-көлденең тұрды. Мысалы: *Алқына ыстық демі жиі шығып, сырласқан шырмау сөзбен құрды қармақ* (Ж.Өмірбеков, Кешкі ән).

*Қармақ салды.* Балық аулады. Мысалы: *Көрме ашылғаннан кейін, Михаил Павлович екеуміз, жаңағы жігіттердің жатқан үйіне, одан кейін Атлантика мұхитының жағасына бұрып, қармақ салып балық ауладық, мұхит суына шомылдық* (Ә.Шәріпов, Алыс.). Ауыспалы мағынада, біреуге тор құрды, тосқауыл жасады.

*Қармақ темір.* Кәсіби сөз, термин. Ауды жазатын құрал. Мысалы: *Әр балықшыда екі қармақ темір болады.*

*Қармақты тереңге тастады.* Алыстан қармады, іздеді, барын сала қамтыды. Мысалы: *Отырады Дәурен қадалып, Тереңге тастап қармағын, қолына қалам, хат алып, Төккендей тілек, арманын* (Шамкенов, Толқын.).

*Сезім қармақ.* Бейнелеуіш сөз. Ынтызарлық, құштарлық сезім. Мысалы: *Дарияна салатын сезім қармақ, Алдыменен алатын өзіңді арбап. Айдан саған ұшып кеп аппақ аққу, Көңілді табатын көзіңді алдап* (Т.Молдағалиев, Шақырады.) [2, 9 том, 378-379 б., 1 486 б.].

*Шабақ:* 1) Торғай өңірінде кішкентай, өсіп жетіле қоймаған балықтарды осылай айтады. Ауылда су тасыған кезде кішкене шабақтар толып жүреді, соны қуып су жиегінде жүгіруші едік, қайран бала кезім – ай немесе *Біздер дария шетіндегі шалшық судан қармақпен шабақ аулаушы ғана едік* (Ж.Жұмақанов. *Екі жол*). 2) Жергілікті сөз (Талд., Панф.). Арба дөңгелегінің шеңбері мен күпшекті жалғастырып бекітіп тұратын таяқша тіреуіштер, кегей. *Бұл да арбаның шабағынан шап беріп, бірде дөңгелек астына тас толтырып, болыса бастаған-ды* (Ғ.Сланов, Шалқар).

*Шабақ өрісі.* Кәсіби сөз. Каспий теңізінде, Еділдің төменгі сағасында жайын балықтың уылдырық шашатын орны, жері. *Шабақ тоғаны.* Жас шабақ балық өсіру үшін арнайы жасалған, суға толы тоған, арық.

*Шабақта* етістік формасында тұр. Денедегі ісікті, етті т.б. өткір пышақ ұшымен, біз немесе инемен шанышқылап ірінді, арам қанды шығару, піспектеу. Мысалы: *Ісікті бізбен немесе жіңішке пышақтың ұшымен шабақтап, қанын ағызады* (Х.Арғынбаев, Қаз.этногр.). Тілгілеу, кескілеу. Мысалы: *Нартайлық құр қолымен қылыш қақты, Қызыл қан оң қолынан судай ақты. Ұстатпай шыр айнала қашып жүріп, қылышпен тұла бойын шабақтапты* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Ұйысқан жүнді, мақтаны сабаумен жайлап сабап, көпсіту. Мысалы: *Жүнді сабаумен сабалап, шабақтап отырмаса болмайды* (Қ.Жұмаділов, Тағдыр). Киіз басарда басылатын жүнді шиге сабаумен жұқалап жаймалап реттеу. Ауыспалы мағынада, біреудің намысына тие түйрелеу, қақтығысу. Мысалы: *Есенбай Айнаштың намысына тиетін сөздермен оны шабақтап, үсті-үстіне айта берді* («Қаз.әдеб.») [қайт. 1, 891 б., 2, 15 том, 180 б.]. Өзге өңірлерде де бізге таңсық мағыналары бар. Мәселен, (Түркім.: Таш., Көнеүр., Тахта, Байр., Тедж., Мары; Оравл, Жән.; Қ.орда: Сыр., Жал.) үйдің төбесіне белдіктің үстін

бастыра салынатын жіңішке ағаштар. Мысалы: *Үйдің төбесіне салатын шабағы болмай отыр. Шабақтың үстінен ши жабамыз.* (Қ.орда, Арал) Шығырдың балақтарын кигізетін тесіктері. (Алм., Талд.) Арқалық үстіне салатын жіңішке ағаштар.

*Шыжым:* 1) басына балық аулайтын тор байлап, қыста мұз астына жіберетін ұзын арқан. Торғай өңірінде балық шаруашылығында көп қолданылатын сөз. *Талғат көкем аулары мен шыжымдарын алып төспеге кетті.* 2) Арқан тәрізді, бірақ жіңішке етіп есілген мықты жіп. *Енді бұдан былай зеңгір аспан төсінде емін-еркін шарықтайтын кез адыра қалып, шыжыммен ұшып, шырғамен қонатын күн туды* (Қ.Жұмаділов, Тағдыр.). 3) Құпия, сыр. *Діріл аралас ұяң үнінде бірдеменің шыжымы бардай* (Б.Әбдіразақов, Сандалкөк.).

*Шыжымда* етістік сөз. Шыжым жіппен байлау, бекіту. *Ендеше, мына Жиранды орамалыңмен мойнынан шыжымдап ал да, ана жолмен алаңға жет, маған қоян алмай келуші болма, - деді* (Ш.Айманов, Қыран.). Ауыспалы мағынада, ақырындап, жаймен қозғау. *Лақ етпей, шыжымдай тартып шерменде жігітті шынтағымен шүйіргеніне сүйсінді* (Ғ.Мұстафин, Қарағанды). Ауыспалы мағынада, сыздықтау, баяу шығу. *Сырт жансыз, үй қолайлы екенін дәлелдегендей тек қана сол томпиған қыстаулардың жұдырықтай мұжық мұржаларынан солғын, түтін шыжымдайды* (Х.Есенжанов, Тар кезең.).

*Шыжымдап жеткізді.* Жайлап, бірте-бірте айтып берді. *Болған істі орағыта шыжымдап отырып жеткізді* (А.Тоқмағамбетов, Әке.).

*Шыжымдай* сын есім. Шыжым сияқты, шыжым тәрізді. *Ол іштен шалған бойда Оралды шыжымдай тартып, үйіріп әкетті* (Қ.Сәрсекеев, Қызыл жалау). [1, 932 б., 2, 15 том 529 б.].

Зерттеу мәселесі бойынша жинақталған күллі деректерді жұмырлау барысында жеке тұжырымдар жасадық. Әсіресе, қазақ диалектілеріне жете мән беру, түрлі топшы-байламдарды қисынға салу, қилы пікір-көзқарастарды ой таразысына тарту ықпалды болды. Қазақ тіліндегі әрбір сөздің бейбөтен болып қала бермей жалпыхалықтыққа айналғаны керек. Ол үшін сөздерді сөйлетіп, халыққа таныстырудан жалықпау қажет. Біздің түйін – осы!

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі. -Алматы, Дайк-пресс,2008.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі 15 томдық. -Алматы, Арыс, 2006.
3. Диалектология сөздігі. -Алматы, Арыс, 2007.
4. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі 22000 сөз. -Алматы, Арыс, 2005.
5. Синонимдер сөздігі. -Алматы, Арыс, 2007.
6. Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері/Вопросы казахского языкознания. -Алматы: Арыс, 2008.
7. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері/Вопросы казахского языкознания. -Алматы: Арыс, 2000.
8. Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. -Алматы, 1951.

УДК 94(574)(075.8)

## **КАЗАХСКИЕ СЛУЖАЩИЕ В СУДЕБНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ СИБИРИ В НАЧАЛЕ XX В.**

*Айтмухамбетов А.А. - доктор исторических наук КГУ им. А. Байтурсынова.*

*В нач. XX века формируется категория казахских юристов. Часть этих специалистов работали в сибирских судебных учреждениях.*

*Ключевые слова: юрист, судебная палата, адвокат.*

В 70-80-е годы XIX века начинает формироваться плеяда казахских юристов. В аграрном секторе сохранялась прерогатива народных судей, специализировавшихся на знании традиционной судебной системы. Анализ биографических данных казахских правоведов, равно как и других выпускников гимназий и университетов, характеризует совершенно иной стиль поведения этой просвещенной части.

Стартовые условия эволюции казахских правоведов различались. В период производственной деятельности именно сконцентрированные в городских учреждениях юристы с учетом особенностей воспитания, квалификации и образования трансформировались в наиболее сплоченную корпоративную организацию на фоне взаимной комплиментарности, деловых качеств и общих задач. Точкой притяжения вчерашних студентов оставались Омск и Оренбург – важные административные

центры Сибири и Степного края. При этом губернские города Омск, Оренбург акцентировались казахскими служащими как важный карьерный успех.

В процессе перемещения казахских юношей из аграрного сектора в города происходит смена их мировоззрения. С течением времени в динамике профессионального роста наблюдался их переход из одного мира отношений в другой. И соответственно, новая модель поведения сопровождалась концентрацией необходимых ресурсов для адаптирования к меняющейся среде. Данный ключевой момент актуализировался быстрым усвоением казахскими юношами необходимого инструментария из всего многообразия существующих моделей жизнедеятельности для дальнейшей собственной практической реализации. Следствием выработанной модели поведения являлась устоявшаяся практика включения казахских служащих в определенную сферу с медленным карьерным ростом и мало меняющимся финансовым статусом.

Юристы работали в Омской судебной палате. В Омске начинал свою трудовую деятельность в звании младшего кандидата на судебную должность А. Турлубаев. В 1902 году Айдархан Турлубаев приказом старшего Председателя Омской судебной палаты назначается на судебную должность при Омской судебной палате [1]. Вскоре он командировается исполняющим вакантной должности помощника секретаря палаты [2]. Кадровый дефицит являлся вполне актуальным в сибирских провинциях империи. В данной должности Турлубаев состоял с 1 апреля 1903 года по 1 декабря 1904 год. Впоследствии, согласно прошению, он откомандировывается в звании старшего кандидата на судебные должности в распоряжение Председателя Тобольского окружного суда [3]. Из документа явствует повышение в звании исследуемой личности. При незначительной плотности населения впечатляет ареал территории воздействия.

Согласно положению о выборах в Государственную Думу в административных центрах империи формировались выборные комиссии. На уровне уездов функции председателей комиссии выполняли мировые судьи. По решению общего собрания отделения Тобольского окружного суда председателем Ишимской уездной комиссии назначался А.Т. Турлубаев [4].

Позже, Турлубаев состоял при Томском окружном суде в качестве участкового мирового судьи.

В Сибири состоялась карьера Раимжана Марсекова. Он родился в 1877 году. Знаков отличия на старте карьеры не имел. В 1902 году Марсеков определяется младшим кандидатом на судебную должность при Семипалатинском окружном суде [5]. Он исполнял обязанности младшего кандидата [6]. В ноябре 1902 года он, согласно прошению, по мотивировке «домашние обстоятельства» уволился в отставку. В 1903 году Марсеков восстановился на службу в должности помощника присяжного поверенного в округе Семипалатинского окружного суда.

В феврале 1905 года Марсеков приказом руководства переводится в распоряжение председателя Омского окружного суда. Собрание состояло из квалифицированных опытных судей. Решение данного коллегиального органа свидетельствует о качестве компетенции Марсекова. Доверие к молодому юристу определялось не личными симпатиями руководителя палаты, а решением совета. Определением общего собрания Омского окружного суда ему поручалось заведование 3-м участком Петропавловского уезда. При этом он получил направление по месту командировки на незначительный срок в связи с нахождением в отпуске местного мирового судьи. Качество работы казахских специалистов за пределами этнотерриториального проживания определялось такими критериями, как степень их научной подготовки и служебного опыта, знанием ими местных условий и быта общин, служебным и имущественным статусом.

Одним из первых казахских юристов Тургайского края являлся Темиров Абдулла. Темиров родился в 1865 году в Кустанайском уезде Тургайской области. Он был выходцем из обедневшей султанской семьи. В 1891 году Темиров назначается кандидатом на должность судебного следователя при Уфимской Палате уголовного и гражданского суда. Позже его командировали помощником к судебному следователю I-го участка Белебинского уезда. В декабре 1891 года он назначается помощником к судебному следователю Уфимского уезда а в феврале того же года - заведующим временным участком и выполняет обязанности судебного следователя упомянутого уезда. В июне 1892 года его переводят на аналогичную должность для заведования 2-м временным участком Бирского уезда. Вскоре он отбывает для занятий в уголовное отделение Палаты. В марте 1893 года на него возлагается исполнение обязанностей секретаря уголовного Отделения Палаты. Тогда же Темиров причисляется к Министерству Юстиции [7].

В 1905 году согласно прошению он переведен в Тобольский окружной суд. В состав Тобольского окружного уезда входили 2 секретаря, 1 архивариус, 6 помощников секретарей и 4 кандидата на судебную должность [8]. В 1909 году Темиров получил звание статского советника.

Тобольский окружной суд состоял из 14 юристов. Руководство Тобольского окружного суда составляли председатель суда и товарищ председателя суда. Будучи членом суда, А.Темиров имел чин коллежского советника. В соответствующем статусе с ним находились еще 4 личности, остальные имели звание статского советника. Средний возраст членов окружного суда составлял 41-42 года [9]. Время определения на службу Темирова по судебной системе фиксировалось 15 февраля

Важную роль в изучении развития этнографии и фольклора сыграл Оренбургский отдел РГО, учрежденный в 1868 г. Программа работы его этнографического отделения «по важности поставленных в ней задач в деле изучения Оренбургского края, по полноте, с которой она изложена, признан общим собранием вполне соответствующей целям Географического общества и современным знаниям этнографических особенностей народностей, населяющих Оренбургский край» [1, с. 135]. Членами отдела были такие выдающиеся казахские этнографы, как И.Алтынсарин, Б.Даулбаев, С.Джантюрин, Т.Сейдалин.

Интересны с этнографической точки зрения работы И. Алтынсарина «Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргиз Оренбургского ведомства» и «Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства», где приведены очень любопытные данные. Так, по И. Алтынсарину, казахи обычно не женятся на дочерях своих одноотделенцев, допуская к этому только однородцев, которые состоят к семейству невест не ближе восьмого колена [5, с. 101-104]. Труды казахского исследователя были высоко оценены его коллегами по Оренбургскому отделу РГО. «Живость, с которой рассказаны все условия и подробности брака в среде киргизских кочевников, верность рассказа с действительностью и, наконец, литературные достоинства языка, по мнению общего собрания, делают статью г.Алтынсарина ценным приобретением по части этнографии киргиз, бытовая жизнь, которых до сих пор еще мало исследована» [5, с. 43-44].

Решение об основании Оренбургского отдела Русского географического общества было принято в мае 1867 г., но учредительное заседание состоялось лишь в январе 1868 г. На этом первом заседании члены отдела заслушали Устав Общества, Положение об отделе и речь генерал-губернатора Н.А. Крыжановского. В речи Крыжановского были указаны главные задачи отдела: изучение производительных сил края с целью интенсивного использования его природных богатств в интересах русского капитализма и русификация местного населения. Но политика русификации, говорил Крыжановский, может быть успешной лишь при условии «тщательного изучения характера, истории, качеств, недостатков религии и предрассудков всех разнородных племен, населяющих Оренбургский край. Без этих познаний трудно действовать, или, вернее, можно действовать только наобум» [6, с.345]. Таким образом, изучение края подчинялось властями интересам колониальной политики.

Оренбургский отдел Общества был образован в составе четырех отделений. Среди первых членов отдела были такие видные ученые и исследователи как, В.Н. Плотников, Т. Сейдалин, Н.М. Бекчурин, Р.Г. Игнатъев, И.А. Киреевский А.И. Оводов, А.О. Пальчевский, Л. Н. Плотников, А.А. Тилло. Несколько позднее в отдел вошли И. Алтынсарин, Б. Даулбаев, С.А. Джантюрин.

В 1870 г. отдел основал свой печатный орган «Записки» который после выхода в свет четвертого выпуска прекратил свое существование (1870, 1872, 1875, 1881). В них были опубликованы труды И. Алтынсарина Б. Даулбаева, С.А. Джантюрина, В.Н. Плотникова, Т. Сейдалина. Оренбургский отдел проделал значительную работу по изучению Казахстана. По заданию отдела его члены, в основном русские чиновники и грамотные и образованные казахи, собирали и записывали казахские обычаи, произведения устного народного творчества, сведения о хозяйстве и способах добычи соли, занимались переписью населения и картографированием зимних и летних пастбищ, путей перекочевок, источников воды, родорасселения, археологическими раскопками, разведыванием полезных ископаемых. Изучались также медицинские познания казахов, народные средства врачевания и ветеринарии, движение песков, местонахождение археологических памятников.

Член отдела И.А. Киреевский написал небольшую заметку о названии Устюрта. В ней впервые указывалось, что правописание географических названий Казахской степи должно соответствовать казахскому произношению и, в частности, название плато между Каспийским и Аральским морями следует писать одним словом Устюрт, а не Усть-урт и Усть-юрт, как это было принято [6, с. 355].

В 1872 г. отдел объявил конкурс на лучшие труды по географии, истории, статистике, естествознанию Оренбургского края.

Важной заслугой отдела явилось переиздание основных трудов П.И. Рычкова «Топографии Оренбургской» (1887), «Истории Оренбургской» (1896) и рукописи «Ландкарты и чертежи географические, на которых представляется Оренбургская губерния с смежными с ней местами» (1880).

Русская общественность и научные общества России высоко оценили деятельность и печатные издания Оренбургского отдела РГО и особенно первый выпуск «Записок» отдела, в котором были опубликованы труды И. Алтынсарина. Но, к сожалению, в связи с упразднением Оренбургского

генерал-губернаторства в 1881 г. деятельность отдела заглохла и возобновилась лишь в 1893 г., хотя и не в прежних масштабах.

Одним из самых выдающихся деятелей Оренбургского отдела Русского географического общества был известный казахский просветитель, педагог, писатель и этнограф Ибрай (Ибрагим) Алтынсарин. Историю казахского народа Алтынсарин стал изучать еще в раннем возрасте и на всю жизнь сохранил к ней интерес ученого. Он систематически собирал научные материалы, хорошо знал русскую географическую и историко-этнографическую литературу о казахах и видел ее положительные и отрицательные стороны. Как ученый, он ставил перед наукой актуальные задачи и стремился внести свой посильный вклад в их разрешение. В 1876-1879 гг. на основе собранных материалов Алтынсарин составил «Киргизскую хрестоматию» для казахских школ. В учебник вошли стихотворения и рассказы ученого и собранные им казахские сказки и легенды, пословицы и поговорки. В стихотворениях и рассказах, как правило, изложены подлинные события, которые наблюдал сам автор, или же пересказаны фольклорные произведения, в них затронуты самые разнообразные темы: нравы и обычаи казахов, верования и обряды, их образ жизни и занятия.

Современником и сослуживцем Алтынсарина был талантливый русский художник-этнограф В.Н. Плотников, член-сотрудник Оренбургского отдела Географического общества. Образование он получил в Оренбургском уездном училище и служил в колониальных учреждениях в Казахской степи. Активным членом Оренбургского отдела Русского географического общества был султан Т.А. Сейдалин, воспитанник Оренбургского кадетского корпуса и чиновник колониальных учреждений. Он принадлежал к тем представителям казахской интеллигенции, которые ратовали за русское образование и культуру. В зрелые годы Т.А. Сейдалин написал «Личные воспоминания о Неплюевском кадетском корпусе», в них он подверг резкой критике косность казахов, предвзятое отношение к русскому образованию.

Очень большую работу проделал Сейдалин по изучению казахских юридических обычаев. При этом он не ограничился чисто юридической стороной вопроса и собрал важные исторические материалы, что было специально отмечено Оренбургским отделом. Много внимания уделял он и изучению казахского фольклора.

С.А. Джантюрин - воспитанник Азиатского отделения Оренбургского кадетского корпуса и действительный член Оренбургского отдела также был известным ученым. В 1876 г., объездив многие аулы Тургайской области, он собрал большое количество исторических предметов. Весьма способным ученым был член-сотрудник Оренбургского отдела Б. Даулбаев. В 1881 г. Даулбаев опубликовал статью «Рассказ о жизни киргиз Николаевского уезда Тургайской области с 1830 по 1880 год» и получил за нее серебряную медаль Русского географического общества. Он был вторым, после М.С. Бабаджанова, и последним казахом, удостоенным такой награды. Эта его статья занимает особое место в истории изучения казахского народа. В ней основательно были прослежены наиболее существенные культурно-бытовые изменения в жизни казахов за пятьдесят лет. Такого рода исследования, посвященные казахам, были единичны в дореволюционной литературе. Б. Даулбаев является также автором сборника казахских пословиц, опубликованного в 1894 г. [7, с. 298].

Неоценим вклад Алекторовой А.Е., Васильева А.В., Иванова Н., Крафта И.И., Саркина Н.Я., Балгинбаева Г. в дело собирания, изучения и публикации устного поэтического творчества казахского народа. Изучение исторических корней устного народного творчества дало возможность исследователю предоставить ранее неизвестные сведения о характере и сущности мировоззрения кочевых народов Азии. Фольклорные изыскания ученых демонстрируют процесс осмысления Азии как особого культурного феномена. Материалом же, наиболее адекватным подобному исследованию, выступает для ученых фольклор. Именно Васильеву А.В. принадлежит заслуга введения в широкий научный оборот многих образцов казахского фольклора Торгайского региона. Свой вклад в изучение культуры региона ученый видел в сборе, обработке, интерпретации именно азиатского фольклорного материала, восточных сюжетов и образов. Собранный уникальная коллекция историко-этнографического, фольклорного наследия региона сегодня нуждается в специальном углубленном исследовании и прежде всего – в выявлении еще неопубликованных материалов. Бесценный фактологический материал и уникальные сведения о быте, хозяйстве, социальной структуре казахского общества заслуживают самого пристального внимания, как ученых-специалистов, так и широкого круга читателей, интересующихся прошлым нашего Отечества.

#### **Литература:**

1. Стрелкова И.И. Валиханов. М., 1983.
2. Косанбаев С.К. История становления и развития этнографии Казахстана (XVIII-XX вв.) – Алматы, 2005.
3. Бегалин С. Чокан Валиханов. – М., 1976
4. Масанов Э.А. Очерк истории изучения истории казахского народа в СССР. А-А., 1966

5. Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства//Записки Оренбургского отдела РГО. Вып.1. Т.1– Казань, 1870.
- 6.Масанов Э.А. Очерки истории этнографического изучения казахского народа в СССР. Астана, 2007, - 551 с.
- 7.Полное собрание ученых путешествий по России, Т. VII. Л., 1989.

УДК 398(574.21)

## **ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ЖӘНЕ ТОБЫЛ ӨҢІРІНІҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ**

*Ералина А.Е.- Қазақстаан кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ.*

*Мақалада Шоқан Уәлиханов және Тобыл өңірінің этнографиясы қарастырылады. Қазақ фольклоры мен этнографиясын зерттеуге арналған мақалалар мен туған жеріне қатысты тұжырымдар мен көзқарасы толық көрсетілген. Тобыл өңірі, Құсмұрын бекінісі Шоқанның сурет схемаларында орын алған және біздің өлкемізді зерттеуге үлкен көмек көрсететін жайында баяндалған.*

*Кілттік сөздер: этнография, фольклор, ұлттық мәдениет, бекініс, фольклор ерекшелігі, аймақ, эпос.*

Ғалымдар қазақтың жер байлығын зерттеп, оларды тездетіп Ресей Империясының қызметіне жаратуды көздеді. Осы мақсатта Ресей Империясының Ғылым Академиясы талай ғылыми экспедициялар жасақтап, дүние жүзінің не бір керемет ғалымдарын шақырып, оларды арнайы тапсырмамен сол экспедициялардың құрамында қазақ даласына аттандырып жатты. Осындай экспедициялардың бірін (1768-1774ж.ж.) неміс ғалымы, профессор П.С. Паллас (1741-1810) басқарды. Қауіпсіздік жағын генерал-майор Траубенберг қамтамасыз еткен бұл экспедицияның құрамында: швед ботанигі - Фальк, неміс этнографы - Георги, молдаван - Барданес, орыс ғалымдары Гмелин мен Рычков т.б. болады. Бұл экспедиция Қазақстанның батысы мен солтүстігін, Орталық және Шығыс Қазақстанды шарлағанымен, экспедиция мүшелерінің ең мұқият зерттеген жерлері Қостанай - Торғай өлкесі болды. Бір тобы Тройцк, екінші тобы Орск қалаларынан шыққан экспедиция мүшелері - Үй, Тоғызақ, Обаған бойларымен бірнеше рет өтіп, Құсмұрын маңын әбден зерттейді [1,155 б].

Экспедиция мүшелері сол кездегі қазақтардың жағдайлары, ол заманда бұл маңда өмір сүрген қазақтардың рулары, тұрмыстары, әдет - ғұрыптары, шаруашылықтары мен мәдениеті, экспедицияның жүріп өткен жолдары, әсіресе қазақ даласында кездесетін қазба байлықтар жайлы талай жазбалар қалдырды [1,155 б].

1731-1737 жылдардан кейін біздің халықтың жағдайы да, тарихы да тікелей орыстарға байланысты болды. Билікті солар жүргізді, саясат та солардың қолында болды. Көп жағдайда, әсіресе Қостанай - Торғай өлкесінің хал-ахуалы соларға байланысты болды. Жерімізді тарылтқан да, айнала әскери бекеттер салып, Торғай жерін қоршап алған да (атақты «Горькая линия») солар болды.

Араға біраз жыл салып орыстар «Жаңа шекара» шебін толығымен игеріп, дәлірек айтқанда, әбден орыстандырып болғаннан кейін, дәнiккеннен, құныққан жаман дегендей, қазақ жерінің тағы да бір шұрайлы пұшпағын күштеп тартып алудың жоспарын жасайды. Ол жоспарға орай, олар Обаған өзенінің бойымен толып жатқан әскери бекеттер салып, Құсмұрын арқылы Торғайға, одан Ырғызға, Жем арқылы Каспийге жетуді жоспарлаған еді. Сөйтіп олар, қазіргі Қостанай облысының жартысы мен Батыс Қазақстанның жерлерін толығымен Ресейге қоспақшы болатын. Бірақ, бір жағынан оған орыстардың күштері де жетпесе, екінші жағынан жергілікті қазақтар да орыстарға барынша қарсылықтарын көрсетіп, олардың жоспарларын жүзеге асыруға жол бермей бақты.

Алғашқы қарқынмен орыстар Обаған бойына Сибирский, Улыкольский, Ершовский, Таволжанский, Аманқарағайский, Джамангульский, Чубартобинский, Аbugинский, одан әрі Оренбургский (Торғай) әскери бекеттерін салуды жоспарлаған болатын. Бұл кез біздің Торғай - Қостанай халқы үшін ең бір қиын кезең болды. Жаңағы айтқан сегіз әскери бекетті салуға шамалары келмеген орыстар бар күштерін Құсмұрын мен Орынбор (Торғай) әскери бекеттерін салуға жұмсайды. Бұл орайда әскери бекет салуға қазақтардан келетін қарсылықты біраз бәсеңдету үшін, осыдан біраз бұрын Аманқарағай дуанының басшысы болып келген (1834) Абылай ұрпағы, жергілікті қазақтар арасында біраз бедел жинаған Шыңғыс Уәлихановты алдымен Аманқарағай, кейін Құсмұрын дуанының аға сұлтаны етіп тағайындайды. Нәтижесінде, бұл жердегі құрылыс ойдағыдай жүргізіліп, көп ұзамай Құсмұрын әскери бекеті патшалық Ресейдің Обаған бойындағы ең ірі де мықты бекінісіне айналады. Ермұқан Бекмахановтың жазбаларына қарағанда сол кезде Аманқарағай дуанына қараған 62 ауылда 1773

түтін арғындар, 123 түтін қыпшақтар, 32 түтін уақтар, барлығы 73 мыңнан астам қазақтар тұрса, әскери бекеттен басқа жерде бір де бір орыс болмаған [1,125б].

Қазақ халқының ұлы ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың кіндік қаны тамған Құсмұрын бекінісінің ескі жұрты қазіргі Қостанай облысы, Семиозер ауданы «Шөптікөл» совхозының Киров бөлімшесіне үш-төрт шақырым жерде. Шоқанның туған жері неліктен Құсмұрын деп аталатындығын жазушы Сәбит Мұқанов «Аққан жұлдыз» романының бірінші кітабында: «Бекіністің сырт желкесіндегі қырқаның тұмсығы сағымды күндері алыстан қараған адамға... қонғалы келе жатқан алып құстың тұмсығына ұқсауына қарай»... - деп түсіндіреді [2,320 б].

Шоқанның кіндік қаны тамған жер туралы көп уақытқа дейін әртүрлі пікірлер айтылып келді. Шоқан 1835 жылы қараша айында Құсмұрында туды деген дерек Шоқанның қызметі жөніндегі Ресей мұрағатының формулярлық тізімі арқылы тілге тиек болғаны белгілі. Академик Әлкей Марғұлан Шоқан туралы очеркінде: «1835 жылы Аманқарағай округінің орталығы Құсмұрынға көшірілді де, содан былай ол Құсмұрын округі аталды», – деп жазады [3,75 б].

Сонымен қатар, Академик Әлкей Марғұлан Шоқан Уәлиханов шығармаларына алғы сөз ретінде жазған «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі» атты очеркінде: «Уәлихановтардың айтуынша, Шоқан өзінің атамекенін көгалдандыру, ағаштың жаңа түрлерін өсірумен көп айналысқан. Ол әкесімен бірге өз аулының жанындағы тау іргесіне қайың ағаштарынан әсем аллея орнатқан - деп әңгімелейді [3,75 б]. Бұл пікірді қуаттайтын жазба деректер болмағанымен, Әлкей Марғұлан ел ішінен жазып алған естелігінде үлкен қисын бар. Құсмұрын мен Сырымбеттегі тоғай ағаштарының өсу жүйесінен қазірдің өзінде кейбір көшеттердің арнайы отырғызғандығын байқауға болады. Тумысында ақыл-парасатты асқақ, сезімі сергек, кескін-келбеті келісті Шоқан туған жерінің табиғатына тартқан болса керек... Құсмұрын төңірегі барынша көркем. Саф ауа, саялы бақ, шипалы су... Атам қазақтың бейнелі тілімен айтар болсақ, «сылдырап аққан бұлағы, сыңсыған қоға, құрағы» селеуден өзге селтиген шөбі аз далиған даланы басып келген жолаушының көңілін көкке бір жөтеріп тастайды. Осы ретте, Шоқанның бала кезден бірге өскен ең жақын достарының бірі, түркі-моңғол халықтары мәдениетін зерттеуші көрнекті орыс ғалымы - Г.Н.Потаниннің Сырымбет жайлауында болған сапарында жазған «Қырғыздың соңғы ханзадасының киіз үйінде» атты мақаласында өз заманындағы Ресей оқырмандарының қазақ жерінен мүлде хабарсыздығын айта келе: «... Қырғыз даласы!.. Сахара немесе Гоби шөлі емес... шындығында, буырқанған-бұрқанған өзендері сен сансыз тұщы көлі бар, асқақ тауларының төскейінде қайысқан қайыңды тоғайы мен шүйгінді көкорай шалғыны бар елді мекен, яки, қорытып айтқанда, көз жауын алар құт-берекелі жерлерге бай өлке» - деген орынды бағасы ойға еріксіз оралады [4,4 б].

Шоқан мұрасын түбегейлі зерттеп, оның ізімен жүріп өткен, жазушы Жарылқап Бейсенбайұлы «Жасын тағдыр жарқылы» деп аталған тарихи-ғұмырнамалық хикаятында Әлкей Марғұлан айтып, жазып жүрген Күнтимес қонысы Шоқанның кіндік қаны тамған жер деп тұжырымдайды [5, 185 б].

Шыңғыс Аманқарағай дуанына аға сұлтан болып 1834 жылдың 30 тамызында сайланған. Күнтимеске ол осыдан кейін барып қыстау салдырған.

«Осы жерде тағы да архив құжаттары көмекке келер еді, – деп жазады Жарылқап Бейсенбайұлы, – 1891 жылы Омбыда округтік штаб баспаханасынан есаул Путинцевтің құрастыруымен «Сібір қазақ әскерлері тарихынан алынған хронологиялық тізбе» деп аталатын шағын кітапша жарық көрді. Онда 1789 жылдан 1839 жылға дейінгі бір ғасыр бойы өткен елеулі оқиғалар жайында қысқаша деректер мен түсініктемелер берілген. Қазақ даласына, жеке тұлғаларға қатысты қыруар құнды мәліметтерді жинақтаған сол құжаттың 1834 жылға арналған бөлігінен көптен ойда жүрген дүдәмалдың жауабы да табылып еді. Сонда «Аманқарағай сыртқы округі Құсмұрын дуаны болып қайта құрылды» – деп тайға таңба басқандай анық көрсетіпті... Яғни, Құсмұрын тек қырқыншы жылдардан кейін ғана салынып біткен» [5, 185 б].

«История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» кітабындағы 24-ші санмен көрсетілген құжаттарға жүгінсек, онда: «Чингис Валиханов, султан, 29 лет. Умен и скромн. Достаточен. Уваковской волости, рода и отделения янсаринского. Старшим султаном Аман-Карагайского окружного приказа – с 1834 г., августа 30-го дня, состоит оным и доныне. Был награжден чином майора в 1838 г. Под судом не был, предан. Летние кочевки при реках Ишим и Акан-Бурлук, от 70 до 80 верст на юго-восток, зимние – на урочищах Кунтисмес, Куян, в 40 верстах на восток от приказа» – деп көрсетілген [6,143 б].

Шоқанның Омбы кадет корпусында оқып жүрген кездері практикалық жұмыс ретінде көптеген карта, схемамен қатар түрлі түсті бояумен топографиялық пейзаж жасағандығы белгілі. Сол еңбектердің бірнешеуінде Құсмұрын маңы бейнеленген. 1852 жылы жазғы демалысқа елге келгенде акварельмен салған «Құсмұрын бекінісінің жобасында» сол төңіректегі назарға ілігерлік көріністің бәрі дерлік шартты түрде тартымды таңбаланған. Жобадағы бояу түстерінің көңіл сергітерлік айшықты үйлесімі, орнықты да қонымды көрінетін графикалық қолтаңба жасөспірім суретшінің қалыптаса бастаған кәсіби шеберлігін байқатады. Топографиялық пейзаждан бекініс пен оның айналасындағы жер-су бедерін, қыстау, әскери қазарма, көпір және тағы басқаларды аңғару қиынға түспейді.

Шоқан өз қолымен сызған картасында осы Күнтимес қыстауын дәл көрсетіп, оның бетіне араб әрпімен: «Біздің үй» деген белгі соққан. Ғалымның “Елдің жайлағанда қонған жерлері” деп атаған картасында осы маңдайдағы Қараоба және басқа елді мекендер анық көрсетілген [3,125 б].

Тарихи себептермен бір кездері анасы Айғанымның иелігінде болған әке мирасын Шыңғыс 1834 жылы өз тізгініне алады (тікелей мұрагердің бірі Ғұбайдолла Сібірде айдауда жүрген). Бұл Шыңғыстың Сібір орыс-казак әскери училищесін енді бітірген шағы. Аманқарағай мен Құсмұрын дуанының қосылып, әкімшілік орталықтың Құсмұрын көлі жағасына көшірілетіні осы кезең. Есіл бойы ол кезде Құсмұрын приказының негізгі территориясы саналған. Құсмұрын приказына қарайтын төңірек Шоқанның «Корпуста елге демалысқа барғанда язмыш суреттер» деп аталатын топтамасына енетін... «Елдің жайлағанда (жайлауда) қонған йерлері», «Көкшетау мен Құсмұрын дуандарындағы бекет жолдарының схемалық картасы», «Құсмұрын және Үй бекіністері аралығындағы бекет жолдарының схемасы», «Құсмұрын дуанындағы қыстаулардың жобасы» атты акварельмен салған топографиялық жұмыстарында мейлінше толық көрсетілген. Ал Ә.Х.Марғұланның тұспалына сүйенер болсақ, Шоқан суретшілік өнерге деген бастапқы тәлімді әкесі ұйымдастырған Құсмұрындағы қазақ мектебінен алуы да мүмкін. Алайда, ғалымның: «Бұл өнерді ол Құсмұрын бекінісіндегі Уәлихановтардың үйінде ұзақ тұрған орыстың суретші-топографтары мен геодезистерінен үйренді. Оның үстіне, Уәлихановтардың аулына жиі қонаққа келіп жүрген орыс ғалымдары мен білімді офицерлер де қабілетті баланы көркемөнер мен әдебиетке құштарландыра түсті, - деген пікірі көкейге қонымдырақ. Себебі, Шоқанның жастай сурет салғандығы жайлы бертіндері қаншама рет айтылғанымен, оның нақты нені салғаны, дәл кімнен үйренгендігі жайлы сақталған жазбаша дерек жоқ. Дегенмен, он екі жасында сулы бояумен салған «Жатақ» және «Ақшомшы» атты толық қанды тақырыптық картиналарына қарап, Шоқанның өнердің бұл түрімен бала жастан шұғылданғандығын байқай аламыз. Бұлардан белгілі бір жүйелі тәрбие алған талантты шәкірттің қалыптасқан суретшілік қолтаңбасы көрініп тұр[3,156 б].

Сәбит Мұқанов Күнтимес аталатын қалың ағаштың ығында Шыңғыстың қыстау салғанын, оны кетерде Өзденбайдың Өсібі деген байға сыйлап кеткенін айтады [2,295 б].

Өсіп болыстың қабірі қазіргі Күнтиместе. Сарыкөл ауданындағы бір кездері «Краснодон» жылқы зауытының бөлімшесі болып есептелінген ауыл жанындағы бейітте. Қабір басында Шыңғыс сұлтан Көкшетаудан арнайы алдырып, Өсіптің басына қойдырған Күнтимес қонысындағы ескі мешіттің орны.

Олай болса, Шоқанның туған жері - Құсмұрын бекінісі, қазіргі Орта бұлақ жері деп айтуға негіз бар. Осы жөнінде тағы да жергілікті Құсмұрын елді мекенінің тұрғыны Қайпаева Бәкен Қабенқызының мәліметтерін келтіре кетсек: "Бірлік ауылында тұратын Ыбыраев Қауез атайдың үйіне бардым. 1,5- 2 шақырым жердегі Орта бұлаққа келдік. Атайға бұлақ маңы өте таныс екен, зәулім қанды ағаштың арасымен жүре жөнелді, ізімен біз де келеміз. Бір кезде жағалай ағаш, шөп өскен алаңға келдік. Атай қуанып:

«Міне, дәл осы жерде Шоқан туған үй тұрған, әріректе әкесі салған қазақ мектебі болған», - деп көрсетті. Үлкен қарияға бала кезінен көрген жері жазып кеткен хатпен тең болды. Қауез атайға бұл мәліметтерді айтқан, тарихи жерлерді көрсеткен әкесі Ыбырай болатын. Кезінде ол кісі де өз әкесінен естіген екен. Шоқан туғанда Шыңғыстың үйіне шілдехана тойына Ыбырайдың әкесі 6 жасында өз әке - шешесімен барыпты. Осы жайтты Ыбырай 107 жас жасаған әкесінің көзі тірісінде айтқан екен. Осындай мәліметтерді Бірлік ауылынан 4-5 шақырым жердегі Қарасу ауданына қатысты Ключевой ауылында тұратын 80 жастағы қария Ақылбек Бексұлтановтың әкесі де аталарынан естіген. Ұлы атасы Байболат пен Шыңғыс жақсы сыйласып, дос болған. Ұлы әжесі Дәрмен Зейнеп босанғанда Шоқанның кіндігін кесіпті. Шілдехана тойына барғанда Дәрменге Шыңғыс кіндік кескен пышақты өзінің алтын мен күмістелген белбеуінің өрнектелген пышақ салғышына салып сыйға тартыпты ( бұл қазақтың ертедегі дәстүрі екен). Шыңғыс Байболатқа сыйға көп жылқы, қой айдап әкеліпті. Шыңғыс 1853 жылы Құсмұрын бекінісінен көшерінде аудандағы казарманы түгел сатыпты. Байболат содан байыпты. Алтын өрнекті күміс белбеуді Байболат әулеті көп жыл тығып, киелі бағалап жүрген. Содан 1937-1938 жылдары немересі Абайдолла қуғында жүргенде Троицкіде жоғалтып алыпты. Ақылбек атайдың Шоқан, Шыңғыс, Құсмұрын бекінісі туралы өте жақсы білетінін аңғардық. Кезінде ұстаз болып қызмет еткен екен. Заманның құрылымына, саясатына қарай кезінде көп мағлұмат, деректерді айта алмаған қариялар " екен [7,29 б]. Бұл естеліктен де Шоқанның Құсмұрын мекенінде туылғанына көз жеткізуге болады.

Сәбит Мұқановтың «Аққан жұлдыз» атты кітабындағы Шоқан мен досы Жайнақтың, иті Құтпанның тығыланып, ойнайтын жері сипатталған жер бар. Хан жатқан жерінде 3 терек өсіп тұр, әріректе « Приозерный» көмір алабы жатыр. Аралықта Құсмұрын көлі созыла жатыр [2,28 б].

Сонымен Шоқан Уәлиханов 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекетінде қазіргі Қостанай облысы Сарыкөл ауданындағы Күнтимес ордасында (қыстауында) атақты аға сұлтан Шыңғыс Уәлиханов отбасында дүниеге келген. Әкесі Шыңғыс Уәлиханов сол кезде Аманқарағай дуанының (орталығы Қараоба мекені) аға сұлтаны болған. Округ орталығы 1844 жылы Құсмұрын

қамалына ауысқаннан кейін дуан аты Құсмұрын болып өзгертілді. Шоқанның өз атасы Уәли Орта жүздің ханы болған. Арғы атасы Қазақ Ордасының Ұлық ханы Абылай, Шоқан оның шөбересі. Шоқанның балалық шағы қыс кезінде Обаған бойындағы Күнтимес ордасында, жазда Есілдің оң саласы Аққанбұрлық алабындағы ата жайлауда өткен. Әжесі Айғаным тұратын Сырымбеттегі хан ордасында да балдәурен күндерін өткізген. «Жеті жұрттың тілін білуге тиісті» хан тұқымы болғандықтан, Күнтимес ордасындағы әкесі ашқан ауыл мектебінде хат таныған Шоқан сол мектепте ортағасырлық қыпшақ-шағатай тілін меңгереді, парсыша, арабша тіл сындырады. Шоқанның жақын туыстарының естеліктеріне қарағанда, ол бала кезінен білімге бейім әрі құмар болған. Шоқан тарихи аңыз-әңгімелерге ерте бастан-ақ қызыққан. Ол жастайынан данагөй билердің әңгімелерін, ақындардың өлең - жырларын зор ықыласпен тыңдап өсті. Оған тәрбие беруде сұлтан әулетінен шыққан әжесі Айғанымның ықпалы күшті болды. Ол жас Шоқанға ежелгі қазақ аңыздарын, аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдері мен даналық сөздерін жиі айтып отыратын. Шоқан 12 жасына дейін Құсмұрындағы мектепте оқып, мұсылман діні ілімімен танысты. Шоқан ауылдық бастауыш мектепте оқып жүріп-ақ араб, парсы, шағатай тілдерінің негізін үйреніп алды. Шоқанның жақын туыстарының естеліктеріне қарағанда, ол бала кезінен білімге бейім әрі құмар болған. Шоқанның ата-бабалары атақты сұлтандар әулетіне жатады. Оның арғы бабасы Абылай хан XVII ғасырдағы айбынды қазақ билеушілерінің бірі болды. Ал атасы Уәли хан патша үкіметі ресми түрде бекіткен қазақтың соңғы ханы еді. Шоқанның әкесі - Шыңғыс Уәлиханов білімді адам болған. Ол 1834 жылы Омбыда Сібірдің казак әскери училищесін бітіріп, орыс армиясында жоғары әскери шен - полковник атағын алды және Қазақстанды басқару аппаратында бірсыпыра жауапты қызметтер атқарды: Құсмұрын округінің аға сұлтаны, Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының кеңесшісі, Көкшетау округінің аға сұлтаны болды. Россияның алдында сіңірген еңбегі үшін оған өмірлік мұра ретінде дворян атағы берілді. [8,426 б].

Қазақстанға оқымыстылар, географтар мен саяхатшылар, шығыстанушылар үсті-үстіне келіп жатты. Тарихшылар Қазақстанның өткенін зерттеді. Жаратылыстанушылар қазақ жерінде ғылыми ізденістер жүргізді. Ресей интеллектуалдарының озық өкілдері П.П. Семенов-Тян-Шанский, Н. Северцев, И.В. Мушкетов, В.В. Радлов және т.б. Қазақстанды зерттеуге зор үлес қосты. Білім беру ісі мен мәдениеттің дамуына орыс интеллигенциясы орасан зор ықпал етті. Қазақстан орыс географиялық қоғамы бөлімшелерінің зерттеу нысанасына айналды. Мұнда мәдени-ағартушылық мекемелер мен статкомитеттер жұмыс істеді, өлкетану мұражайлары ашылды, ежелгі ескерткіштер, халық ауыз әдебиеті зерттелді, орыс-қазақ мектептері мен кітапханалар ашылды [8,426 б].

XIX ғасырдың аяғында «Уақытша Ереже» тәртібіне сәйкес қалаларда, деревнялар мен ауылдарда көптеген мектептер ашылды, политехникалық және қыздарға білім беру бастамалары көтерілді. Көптеген мектептердің жанында интернаттар ашылды. XIX ғасырдың аяғына таман Қазақстанда төрт мыңнан астам оқушысы бар екі сыныпты жүздеген мектептер болды.

Орыс-қазақ мектептерінің неғұрлым кабілетті деген түлектері Ресей мен шетелдердің орташа және жоғары оқу орындарына түсті. Омбы және Неплюев кадеттік корпусы қазақ жастарының арасынан жергілікті отаршыл әкімшілікке шенеуніктер даярлады. Қазақ жастары Санкт-Петербург университетінде, әскери-медициналық Академияда, Қазан, Том университеттерінде және т.б. жоғары оқу орындарында білім алды.

Білімге деген құлшыныс пен қызығушылықтың сарынымен Шоқан Уәлиханов бастаған қазақ ағартушылары қалыптасты [8,426 б].

Ш. Уәлихановтың алған білім деңгейінің қаншалықты терең екенін Кадет корпусында оқытылған пәндерден көруге болады. Әскери тактика, әскери бекіністер құрылысы пәндерінен басқа, философия негіздері, орыс тарихы және жалпы тарих, орыс және батыс еуропа әдебиеті, география, ботаника, зоология, физика, математика, геодезия, архитектура, сурет, сызу, еуропа және шығыс тілдері оқытылған. Сібір, Қазақстан, Қытай, Иран, Ауғанстан, Үндістан сияқты елдер туралы арнайы оқытылды.

Шоқанның жас шағынан ғылымға ден қоюына әкесінің алдыңғы қатарлы орыс зиялылары өкілдерімен тығыз байланысты болуы да үлкен әсер етеді. Академик А.И.Шренк, С.М.Семенов, А.И.Штейнгель, Н.В.Басаргин және Қазан университетінің студенті С.Сотников, сонымен қатар Н.Ф.Костылецкий, Т.Сейфуллин сияқты білімді адамдар Шыңғыстың ауылына талай рет болып қайтқан [8,428 б].

1855 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорттың адъютанты ретінде Ш.Уәлиханов Омбыдан Верный бекінісі қаланған Іле Алатауына дейінгі саяхатқа қатысты. Осы уақыт ішінде ол қазақтардың тарихы, діні, дәстүрі, ауыз әдебиеті туралы құнды мағлұматтар жинады. 1856 жылы ол Алакөлден Ыстықкөлге дейінгі және Құлжа экспедицияларына қатысады. Осы саяхаттан алған әсері мен көңілге түйгендерін: «Ыстықкөл сапарының күнделігінде», «Қырғыздар туралы жазбаларында», сондай-ақ «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы» туралы еңбегінде жан-жақты баяндаған. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеудегі Ш. Уәлихановтың үлкен еңбегі, оның қырғыз халқының белгілі «Манас» жырының үзінділерін жазып алуы болды. Оның ғалым-зерттеуші

ретінде танылуының дәлелі - жас ғалымның 1857 жылдың ақпанында Орыс географиялық қоғамның толық мүшесі болып қабылдануы еді.

1858-1859 жылдары Ш. Уәлиханов Марко Полодан кейін алғаш рет Қашқарға саяхат жасап, аса құнды тарихи және этнографиялық материалдар, қолжазбалар, грамоталар, өнер туындыларын ғылыми айналымға енгізді. Ол Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди», «Шығыс Түркістандағы қожалар әулетінің тарихы», Қарахан әулетінің негізін қалаушы «Сатуқ Богра хан сұлтанның өмірнамасы» сияқты аса құнды тарихи еңбектерді тапты. Сапар қорытындысы ретінде «Алтышар немесе Қытай провинциясы Нанлудың (Кіші Бұхара) алты шығыс қалаларының жағдайы туралы» тарихи еңбегін жазды. Бұл еңбекте Ш.Уәлиханов мұсылман түрік халықтары: ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек және дүнгендер мекендеген Шығыс Түркістанды Қытай үкіметінің отарлық басқару жүйесінің ерекшеліктеріне алғаш рет талдау жасады. Кіші Бұхараның алты қаласы - Жаркент, Хотан, Қашқар, Ақсу, Жанысар, Турфан бір-біріне тәуелсіз болды. Өйткені, Қытай үкіметі халықты отарлық саясатқа қарсы күреске шығармаудың барлық амалдарын жасаған болатын. Бұл округтарды басқару жүйесі осы мақсатқа қызмет етті [8,427 б].

1856-1861 жылдары Ш. Уәлиханов Петербургте қызмет етті. Шоқан орыстың аса көрнекті жазушысы Ф.М. Достоевскиймен, орыс мәдениетінің алдыңғы қатарлы өкілдерімен, шығысты зерттеушілер, орыс ғалымдарымен, ақындарымен таныс болып, байланысын үзбеген. Неміс, ағылшын, француз тілдерін жетік меңгерген ол, осы тілдегі ғылыми еңбектер мен карталарды да зерттеумен айналысқан. Ол Бас штабтың Әскери-есеп комитетінде, Азиялық департаментте, Орыс географиялық қоғамында жұмыс істеді. Ш. Уәлиханов мұнда шығыстанушылар В.В. Григорьев және В.В. Вельяминов-Зерновпен, ғалымдар А.Н. Бекетов, В.П. Васильевтермен, достығы Семейде басталған жазушы Ф.М.Достаевскиймен, ақындар А.Н. Майков және Я.П. Полонскийлермен тығыз шығармашылық әрі достық байланыста болды. [8,427 б].

Ш. Уәлиханов халқына бай ғылыми мұра қалдырып кетті. Жоғарыда айтылған еңбектерден басқа, «Абылай», «Қырғыз шежіресі», «Ежелгі қырғыздардың қарулары және олардың әскери сауыт-саймандары», «Сот реформасы туралы жазбалары», «Даладағы мұсылмандық туралы», «Қырғыздардағы шамандықтың ізі», «Көшпелі қырғыздар» т.б. еңбектерін атауға болады. Ол жан-жақты әрі терең білімді азамат болды. Шоқан қайда жүрсе де көргендерін суретке салып, эскиздер жасап отырған [9,147 б]. Орталық Азияның аз зерттелген аймақтары Жетісу, Қырғызстан, Шығыс Түркістанның тарихы, этнографиясы, фольклоры, әдебиеті, саяси, әлеуметтік және экономикалық дамуы туралы құнды материалдар жинады. Ол осындай ғылыми ізденістері арқылы орыс және әлемдік ғылымдағы «ақтаңдақтарды» азайтуға өзіндік үлесін қосып кетті.

Ш. Уәлиханов алғашқылардың бірі болып қазақ және қырғыз эпостары, фольклоры туралы тарихи деректердің үлкен тобын ғылыми айналымға енгізді, түркі халықтары тарихының түйінді мәселелері: этногенез, әлеуметтік құрылымы, саяси жағдайы, ұлт-азаттық күресі, олардың өміріндегі исламның орны туралы ғылыми тұжырымдары мен көзқарастарын негіздеді [9,147 б].

Сонымен, ойымызды түйіндей келе, Ш. Уәлихановтың географиялық мұрасына жататын құнды еңбектерінің бірі - тарихи географиялық шолулар Жетісу, Ыстықкөл, Тянь - Шань мен Шығыс Түркістан. Орта Азияны зерттеуді арман етіп бар өмірін арнаған.

Белинский мен Герценнің азаттыққа шақырған идеялары Шоқан білім ала бастаған Сібір кадет корпусына да жетеді. Жан-жақты әрі терең білім беретін кадет корпусында Қазақстан географиясына барынша көңіл бөлініп, өлкенің табиғи байлықтарын зерттеу мен игеру қолға алына бастады. Қазақ халқының тарихына да көңіл бөлінді. Шоқанның көрнекті орыс ғалымы И.Н.Березинмен, таңдаулы ұстаз Н.Ф.Костылецкиймен байланыста болуы әуелден-ақ ғылымға деген бағытын дұрыс анықтауына себепші болды.

Ш. Уәлиханов бірінші болып Тянь - Шань тауларының сипаттамасын берді, оның фаунасын, флорасын анықтады. Ш. Уәлихановтың Құлжа мен Қашқар экспедициясы ғылымда белгісіз болған көп жерлерді ашып, сипаттауға мәжбүр етті. Әсіресе Қашқарияға жасаған ерлік саяси сапары өте құнды бағаланды. Қашқарияға саяхаты кезінде Шығыс Түркістанды ғылыми зерттеп, Алтышардың шығыстағы алты қаласы жайлы жазды. Бұны тек Ресей ғалымдары ғана емес, бүкіл Еуропа ғалымдары өте жоғары бағалады. Еуропаға Азияның терезесін ашқанмен тең болды. Жалпы алғанда, ғалым- саяхатшы Жетісуда 6 рет, Тянь- Шаньда 4 рет болған. 1857 ж қаңтарда « Орыс география қоғамына» мүше болып сайланды. Шоқанның Орталық Азияны зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалым, оның Шығыс Түркістан жайлы жазған мақалалары орыс тілінен француз, ағылшын, неміс тілдеріне аударылып басылған. Себебі Шығыс Түркістан (Қытай) олар үшін жұмбақ ел еді. Ағылшындардың Шоқан еңбегіне мән беруі Орта Азияға деген үлкен қызығушылығынан болды. Ал германдықтардың Шоқан еңбектеріне назар аударуы Шығыс Түркістанға тапсырмамен барған А. Шлагинвейттің қаза болғаны туралы деректердің осы еңбектерінде жазылғандықтан.

Пушкин мен Лермонтовтың поэзиясы Шоқанға да әсер етті. Олардың көптеген өлеңдерін жас Шоқан жатқа біліп, сол кездегі Батыс Еуропа жазушыларының шығармаларымен таныс болды.

Айдаудағы ақын С.Ф.Дуров, саяхатшы, ғалым П.п.Семенов-Тяньшанский, Г.Н.Потанин Ш.Уәлихановтың білімділігін жоғары бағалаған [9,148 б].

1861 жылдары өкпе ауруы асқынған Шоқан дәрігерлердің кеңесімен туған ауылына оралады. Ағайын-туысымен келісе алмаған Шоқан қайтадан Омбыға келеді, қазақтың сот реформасындағы кейбір мәселелерді шешуге ат салысты. 1864 жылы Шоқан Уәлиханов генерал М.Г.Черняевтің әскери экспедициясы құрамында Әулиеата бекінісін алуда әскери қимылдарға қатысады. Алайда генералдың әділетсіздігіне мейлінше налыған Шоқан 1864 жылдың маусым айында басқа да М.Г.Черняевқа наразы офицерлермен бірге Верныйға қайтады.

"Русский инвалид" газетінің 1865 жылғы 51 санында көрнекті жас қазақ қазақ ғалымының Қытайдағы дүнгендер көтерілісі туралы ақырғы еңбегі жарияланды.

1865 жылы сәуір айында ауруы меңдеген Шоқан Алтын-Емел жотасында (қазіргі Талдықорған облысының Кербұлақ ауданындағы Шоқан деп аталатын ауылда) бар-жоғы 30 жасында дүниеден өтеді.

Ш.Уәлихановтың еңбегіне баға бере отырып, ірі оқымысты-шығыстанушы Н.И.Веселовский: "Ш.Уәлиханов құйрықты жұлдыздай жарқ етіп өте шықты. Орыс ориенталистері бір ауыздан оның келбетінен феноменді құбылысты байқады және одан ұлы да маңызды жаңалықтардың ашылуын күтті",-деп жазды [8,427 б].

Шоқанның туғанына 150 жылдық тойына академик Әлкей Марғұлан ғалымның бес томдық еңбектерін жарыққа шығарды[31,428б]. Қазіргі кезде Шоқантану саласында зерттеушілердің география ғылымындағы үлесін білім беру салаларында дамытса жас ұрпаққа пайдалы болар еді.

Жер шегесі - тау, ел шегесі - хан, хан шегесі - пір болса, қазақ ғылымының алтын шегесі - Шоқан! Осы тұрғыдан келгенде, Әуликөлдегі Хан жатқан ұлт батыры Кенесарыдай асылдар жүрген, ұлы ғалым Шоқанның табаны тиген жер болса, қасиетті Күнтимес ұлы ғалымның кіндік қаны тамған, Зейнептей асыл ханым қазақ халқының ұлы перзентінің денесін шілде суымен жуған жері.

Ұлы Шоқан бір ғана мекенге байланып қалған жоқ. Сондықтан да Шоқанның атамекені - Сырымбет те, кіндік қаны тамған жері - Күнтимес те, өскен елі - Құсмұрын да, топырақ бұйырған мекені - Алтынемел де елге ерекше қымбат. Г.Потанин жазғандай «Уәлиханов қазақ халқына қызмет етуді, орыс билігінің алдында өз халқының мүддесін қорғауды және олардың серпіліп оянуына көмектесуді өзінің өмірлік мақсаты деп санады» [10,90-94 б].

Шоқан туған халқын зерттеуді өзінің міндеті деп таныды, отырықшы көшпелі халықтың мәдениетін таныту өз парызы деп есептеді.Бұған оның тарихи дәстүрлі сот жүйесі мен жер қатынастарына байланысты жазған еңбектері айғақ. Қазақ халқының фольклоры мен этнографиясы, оның ішінде киімі, қаруы, үй жайы, наным сенімдері және т.б. ғалымның зерттеу объектісі болып табылады. Ғалымның қазақ фольклорына арналған еңбектеріндегі тұжырымының тереңдігі Ш.Уәлихановты ұлттық фольклорды және этнографиясын танудағы көш басшысы ретінде бізге танытады.

#### **Әдебиеттер:**

- 1.Прошлое Казахстана в источниках и материалах.Алматы: «Казахстан» 1997.
- 2.Таңдамалы шығармалар [Text] / С. Мұқанов. - Алматы : Жазушы, 1976 Т.9 : Аққан жұлдыз. - 495 б.
3. Марғұлан Ә. Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың өмірі мен қызметі (очерк) / Ш.Уәлиханов. – Таңдамалы. – 2-бас.
- 4.Әкімжанов З. Жиһанкез бен жазушының ұлы достығы. //Солтүстік Қазақстан. 15.01.2015.
- 5.Ж. Бейсенбайұлы. Жасын-тағдыр жарқылы : тарихи-ғұмырнамалық хикаят .Б.м., 1987 .287б
- 6.История Казахстана в русских источниках ХУІ –ХХ веков. 8 том, часть 1. Алматы: «Дайк-Пресс», 2006 г. 143 стр.
7. Қайнар көзі. kushmurun/item/150-pasport-p-kushmurun-na-1-11-2012
8. Артықбаев Ж.О., Пірманов Ә.Б. Қазақстан тарихы (энциклопедиялық басылым).-Алматы: Атамұра,2008.-544бет.
- 9.Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. Оқулық.- Алматы: "Алматыкітап", 2007.-264 бет.
- 10.Потанин Г.Н. Чокан Чингизович Валиханов//Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах (1984-1985). Том 1.-Алматы,1984.-

УДК\_2:37(574)

## ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЖӘНЕ ДІН

*Жақып Қ.Х. - А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің профессоры, философия ғылымдарының кандидаты*

*Автор Ы.Алтынсариннің дін мәселесіне деген көзқарасын анықтап білу мақсатында Ұлы ұстаздың ағартушылық саласында бірге қызмет істеген достары мен әріптестеріне жазған 89 хаттары мен 14 өлеңдерін зерделеп, зерттеу негізінде жазылған мақала.*

*Кілт сөздері: алла, құдай, дін*

Бүгінгі қоғамымызда ерекше орын алып отырған дін мәселесі төңірегіндегі ұлы ұстаздың ой-пікірлерін, іс-әрекеттерін білу мақсатында Ұлы ағартушының 1860-1889 жылдар аралығындағы 90-ға жуық хаттарын және 14 өлеңін зерттеп, зерделеуді жөн санадық.

Ы. Алтынсариннің он төрт өлеңінің бесеуінде «алла» мен «құдай» сөздері 29 рет кездеседі. «Сөз басы» өлеңінде он рет «алла» және екі рет «құдай» сөзі айтылады.

Бір құдайға сыйынып  
Кел, балалар, оқылық,  
Оқығанды көңілге  
Ықыласпен тоқылық!  
Оқу білген таниды  
Бір жаратқан құдайды  
Істің болар қайыры  
Бастасаңыз алдалап  
Оқымаған жүреді  
Қараңғыны қармалап.

«Өсиет өлеңдерінде» жеті рет «құдай» бір рет «алла» айтылады.

Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым

Тең етті бәрімізге күн мен айын.

Адамның адам біткен баласымыз,

Қайсың бөлек тудың деп айырайын!

Пайғамбар бұрынғы уақытта дәуіт өткен

Патша боп бұл дүниеде даңқы кеткен

Отыз ұлым бар ғой деп көптік ойлап,

Құдайым отызын да әлек еткен...

Маған өлім бермейді құдайтағала

Сенді тастап дүниені мұнда келдім.

Мал жаннан, ұру, туған бәрі безіп,

Далада жалғыз жатып «алла» деді.

Рақымын не берсең де құдайым деп

Бәрінде қабақ шытпай қабыл етті.

Ұмытпа бай болдым деп бір құдайды,

Жер жұтқан қайырсыздан қарын байды.

Иманды ер құдайынан ұялады,

Ұялып иесінен сый алады...

Ит үрер жақсыға да, жаман ға

Қылмағы бірақ залал құдайдан-ды.

Ұлы ағартушының оқушылардың бәріне жаттататын «Жаз» деген өлеңінде бес рет «құдай» сөзі кездеседі.

Жақындар құдайымның көктем күні,

Тең болар жарлықпенен күн мен түні.

Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен

Құдайым дәрмен бол деп етер пәрмен...

Аяғын алшақ басып түйе шығар,

Жаратқан мұнша таңсық жаббар құдай!

Құдайға шүкір етер жас пен кәрі,

Бердің деп жанға рақат мұндай дәрі!

Разылық бір құдайға олар зары.

Осы айтылған өлең жолдары негізінде қортындылайтын болсақ, дүние, табиғат, адам барлығын да құдай жаратқан, қандай іс болмасын алдын ала аузыңызға «алла» сөзін алып құдайға сыйынып іс-әрекет жасаңыз, онда әр кез оң нәтиже болады. Бәріміз адамның баласымыз, айырмашылық жоқ деген философиялық ойлар жатыр емес пе? Бәрі де құдайдың қолында, рақымында деп аллаға сыйынады Ұлы Ұстаз. Қандай дәрежеге жетсең де пенде екеніңді естен шығарма, құдайды жаратушыны ұмытпа дейді: жақсы да, жаман да бір құдайдан. Табиғатты жаратушы құдай «Жаз» өлеңінде жақсы келтірілген, күн беруші де, түрлі жануарларды жаратушы да, ал рақаттың бәрі де құдайдан деп ой түйіндейді.

Ал Ұлы Ұстаз хаттарындағы дін мәселесі қоғаммен, өмірмен тығыз байланысты. Оған төмендегі хаттар мазмұны дәлел.

Ы.Алтынсарин 20 жастан асар-аспас шағында өзінің алғашқы хаттарының бірінде нақтылап айтсақ, 1862 жылдың 26 қаңтарындағы Орынбор бекінісінен Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «...Құдай маған көмек етсе және дәрменім жетсе, мен азды-көпті қазақ халқына ғана пайдалы бола аламын...» [1,193] деп өмірлік кредасын осылай бастайды. Мынадай ойды айту үшін осы жасқа келгенде іштей дайын болуы керек, ал Ы. Алтынсарин оған әбден пісіп жетілген дайын еді. Осы хатында ашық түрде, бүкпей, бүркемелемей өз ұлтын қадір тұтатындығын былай айтады: «Қазақ халқы қарапайым...бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз; қазақ тентек, қазақ қанішер халық деулерімен келіспеймін, қазақ халқы ұғымтал, ақылды, дарынды [1,192] дейді Ұлы ағартушы. Осы қасиеттерді шыңдау үшін білім керектігін түсінген жас Ыбырай іске кіріседі.

1864 жылғы 16 наурыз күні Орынбор бекінісі Н.И.Ильминскийге жазған хатында:

Оқушылардың «Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге де бар күшімді салып отырмын. Күлсеңіз күле беріңіз-мен кейбір оқудан бос уақытымда оларға ресми түрде молда да болып қоя; сөйтіп, оларға дін тарихынан білгенімді айтып, оған басқа да пайдалы және түсінікті әңгімелерді де қосып айтамын»[1,198] Діннің әлеуметтік рөлін жете түсінген Ы. Алтынсарин діннен өзін де, жастарды да ешқашан ажыратпаған, керісінше тарихымызды біздер үшін тар уақытта насихаттай білгенін көреміз. Өз уақытында Ұлы Ұстаз дін мәселесіне көзқарасын, ой-пікірін ашық айтып іске асыруда үлкен еңбек еткенін де осы хаттар арқылы білеміз. Өзінің 1882 жылғы 20 мамырдағы Торғай қаласынан А.А.Мазохинге жазған хатында: «Ал оқушыларды намазға күніне бес рет кетіп қалуына байланысты туып отырған қайшылықтарға келсек, Сіздің айналаңыздағы халықты күдіктендіріп алармын деп, бұл мәселе жөнінде ресми бұйрық беруге қиналып отырмын. Бұл жөніндегі жалғыз амал – дін оқытушысымен сөйлесіп көріңіз; ол түскі намазды бір мезгілде оқытатын болсын; оның үшін Сіз оған сағат он екіде, не болмаса он екі жарымда намаз уақытының болғанын айтып отырайын деңіз, өйткені намазды сағатсыз кезінде оқу қиын ғой және оқушылардың оқуына зиян келтіреді ғой, деңіз...және менің атымнан Баяділден: намазды оқушылар мешітке бармай-ақ, мектептің өзінде оқуға болмас па екен, деп өтініш етіңіз. Бұл шариятқа (Мұхамбет дініне) қайшы келмейді; мүмкін Баяділ молданы осыған көндіреді» [1,239].

Ал Ы.Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің есебінде 1883 жылы Ырғыз мектебін тексергенде «Мұхамбет діні» бұл мектепте оқытылмайтынын білген соң, жергілікті екі кластық мектепке дін оқытушысын шақыртады [1;162].

Алласы аузынан түспеген, құдайға құлшылық етумен өмір сүрген Ы.Алтынсариннің 90-нан астам хаттарын зерттеп, зерделеп міне осындай тұжырымға келесің.

Ұлы Ұстаз өзінің 1882 жылғы 29 шілдедегі Н.И.Ильминскийге хатында: Сіздің арқаңызда құдай маған өз ойымдағыдай бір жақсы оқытушы (ол өзінің досы А.А.Мазохин болатын) бергенін мен өзіме үлкен бақыт деп санаймын, немесе осы хаттың ортасында «...қазақ халқын оқыту жұмысына мұндай қайырымдылықпен қатынасқаныңыз үшін аллатағала Сізді жарылқар» деп ағынан жарылып Н.И.Ильминскийге ризашылығын білдіреді [1.242]

Н.И.Ильминскийге жазған тағы бір хатында: (1882 жыл 12 қыркүйек Орынбор қаласы) «...шарият...әртүрлі ғылымдарды, өнерді қай халықтан болса да үйренудің керектігін ешбір жерде теріс демейді, бұған мысалы, ғалым молла (хатип) атағын алғысы келген адам түрлі «фәндерді», басқаша айтқанда, әртүрлі ғылымдарды, есепші, медицинаны және астрономияны (ғылму-хисаб) (ғылму-тип, ғылму-хаят уә афлэх) оқуға тіпті міндетті екені дәлел бола алады. Сонымен бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, бұл талапты ешбір шарамен тоқтатуға болмайтынын еске ала келіп, екінші жағынан, осылай болған соң, қазақ жастарына, өзінің ана тілінде жазылған мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай, дін оқытуға негізгі құрал бола алатын оқу құралын жасап берудің қажет екендігін еске ала келіп, ...біріншіден қазақ жастарының діні жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін, мен соңғы кезде Мұхамбет шариятын үйрене бастап...оқу құралын құрастыруға кірістім, менің бұл іске кірісуіме тағы бір себеп болған нәрсе – қазақ молдаларының өздері де қолдарындағы кітаптарының қолайсыз екенін мойындады...арабша жазу мен құдай парызын көбінесе шала сауатты қазақтар немесе шетелдіктер үйретеді...оның үстіне осы пәнге (дін пәніне ж.к)

тиісті ешбір оқу құралдары жоқ-бұл қазірдің өзінде-ақ қазақтың жас буындарына өте жаман әсер етіп жатыр, ал келешекте одан да көбірек әсер етуі мүмкін. Міне осының бәрін еске ала келе...құдай парызын әрбір мұсылманның білуіне міндетті мөлшерде үйреткісі келетін қазақ үйлерінің және бұл пән оқытылатын орыс-қазақ мектептерінің қолданатын құралы ретінде өзінің алдына қойған мақсатына сай келеді деп сенуге батылым барады, ал оны жай қазақтар ғана емес, сонымен бірге, қазақтың көптеген беделді молдалары да мақұлдап отырғандықтан, ол қазақ даласында кең қолданылады-ау деймін. [1;244-245] Ал бұл оқу құралын Ұлы Ұстаз өзі айтқандай «...орыс әрпімен жазу мүлде мүмкін емес, өйткені, мұндай дін кітабы, шариғат тұрғыларына толық сай құрастырылғанымен де, сыртқы жағынан қарағанда мұсылманша болмаған соң, қазақ арасында сенімді болмас еді, әртүрлі қолайсыз әңгімелер туғызар еді, сөйтіп іске аспай, мектеп кітапханаларында босқа жатып қалар еді.

Бұл кітап төрт бөлімнен құралды: бірінші бөлімде-иман туралы, басқаша айтқанда, мұсылман діні бойынша иман дегеннің не екені көрсетілді, құдайдың бірлігін, Мұхамбет оның елшісі екендігін қалай тану керек екендігі көрсетіледі; екінші бөлімде-ағмал-заяшр жайы, басқаша айтқанда, құдайға құлшылық ету: намаз оқу, ораза ұстау, кедейлерге садақа (зекет) беру және жалпы қайырымдылық істер істеу, каабе (хажыға) бару, тағы сондайлар көрсетілді, мұнымен қатар, осы бөлімде намаздар да және басқа діни жағдайларда оқылатын аяттар қосылды; үшінші бөлімде-адамгершілік (ахлақ) жайы, басқаша айтқанда, әлқұранның айтуы бойынша адамның қандай бағыт ұстап, қандай адамгершілікте болуы керек екендігі көрсетілді; төртінші бөлімінде-намаз, ораза үстінде және басқа діни жағдайларда оқылатын арабша аяттар қазақ тіліне аударылып берілді [1.245-246] Осы оқулығын Ы.Алтынсарин алдын ала дін жолындағы сауатты ауылдарға беріп олардың ой-пікірлерін білгені жайлы да осы хаттардан біле аламыз. Ұлы Ұстаз өзінің 1882 жылғы 19 қарашадағы досы А.А.Мазохинге жазған хатында: «Жас молдаға менің дін оқуы жөніндегі қолжазба оқу құралымды жіберсін деңіз немесе өзіңіз жібере қойыңыз» [1.249] Немесе Ы.Алтынсариннің 1882 жылғы 2 желтоқсанындағы Торғай қаласынан В.В.Катаринскийге жолдаған хатында: «Менің құдай парызы жөніндегі оқу құралым туралы Николай Ивановичтан (Ильминскийден) осы күнге дейін еш хабар ала алған жоқпын» [1.250] деулері дәлел.

Медресе мен мектептердегі дін пәнінен бағдарлама мен оқу құралын дайындауда Ұлы Ұстаз кезінде өз басшылығына алғаны туралы 1883 жылғы 13 қаңтардағы Торғай қаласынан Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Мен дін оқытушыларының бастауыш медреселер мен біздің мектептерімізде қолданылып отырған бағыты осы күйінде қала беруге тиісті емес, сондықтан оларға діннің негізгі ережелеріне қайшы келмейтін және мазмұны жағынан мұсылмандардың рухына және ойларына сай келетін (әйтпеген күнде ондай оқу құралдары мұсылман мектептерінде қолданылмас та еді) программа мен оқу құралын жасап беру керек деген ойдамын» [1.251]

Н.И.Ильминскийге жазған тағы бір хатында (1883ж. 15 қыркүйек Орынбор қаласы): «Қазақтарға Мұхамбет дінін көбінесе үйде оқыту жұмысына арналып құрастырылған кішкене оқу құралымды мен Сізге кеше ғана жібердім, мұндай кітапты 1000-2000 данасын бастырып алу қаншаға түсетінін білдірсеңіз екен деп өтінген едім». Бұл арада ислам дінін оқу орындарында ғана емес өздігінен үйде отырып үйренуге арналған оқулықтар жайлы Ұлы Ұстаз сөз қозғап отыр.

Ы.Алтынсарин өмірінің соңғы күндеріне дейін еңбек бабында да, өз басы да ислам дінінің жолында болғанын барлық 29 жылдағы жазған хаттарынан көріп отырмыз, әсіресе соңғы хаттарының мазмұндары да куә. Тіпті кейбір хаттарында құдайға сыйынып көрегендік білдіреді. Ы.Алтынсарин өзінің 1884 жылғы 14 ақпандағы Қостанай қаласынан В.В.Катаринскийге жолдаған хатында: «Қолға алып жүрген ісімізге тым болмаса, тағы да 5 жылдай қызмет істесем бе деп едім, бірақ мұны құдай біледі дағы.[1.267] Шынында да Ұлы Ұстаздың алладан сұрағаны, тілегені келді дәл 5 жыл 5 айдан соң Ұлы Ұстаз дүниеден озды. Өзі дүниеден озғанмен ағартушылық жолда европалық білім деңгейіне қол созған, қазақ жастарына оқудың шамшырағын қолына ұстатулы, бүгінгі жас ұрпақ осы жолдан таймақ емес.

Ы.Алтынсарин өмірдегі өз мақсатын 1884 жылғы 14 қыркүйектегі Орынбор қаласынан Н.И.Ильминскийге жолдаған хатынан көреміз. Онда: «...құдай басыма не салса да, менн күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан ешуақытта да қайтпаймын...мүмкіндігі болған жерде қазақ халқының елдігін бұзып, болашағын бүлдіріп жатқан жауыздыққа қарсы күрес беру керек» [1.271] деуі көп нәрсені аңғартады. Елінің есіл ерлері ғана осылай айтып Ы.Алтынсариндей халқына қалтқысыз қызмет етеді.

1889 жылғы 20 ақпанындағы Орск қаласынан В.В.Катаринскийге жазған хатында: «Біздің Белонов Александр Григорьевич...оқушылар мектебінің 3-ші және 4-класстарында оқушылардың қарсы болуына қарамастан, бір ай бойы інжіл мен оның парыздарын уағыздай бастапты. Осының нәтижесінде оқушылар оқудан бас тарта бастапты. Әсіресе, осы соңғы жағдай жөнінде менің жүрегім сыздайтын себебі-оқытушылар мектебі біздің оқытушыларымыздың барып түсетін мектебі еді, бұлар сонда белгілі бір білім алып, қазақ халқының тұрмысына, шынында да, пайдалы болған болар еді. Олар, Александр Григорьевичтің тілегеніндей, тез араның ішінде христиан дінін таратушылар болып шыға алмағанмен де дүниені дұрыс тануды таратып, фанатик идеяларға қарсы тұра алатын, қазақ халқының ақыл-ойы мен экономикасының дами беруіне көмектесе алатын адамдар болар еді. Міне

осылардың бәрі мұндай епсіз, жарым есті басшылық салдарынан жойылып кетуі мүмкін. Қатты айтып отырғаныма кешірім етіңіз, қайтейін-ішім күйеді!»[1;305; 307]

Ы.Алтынсарин өмірінің соңғы күндеріне дейін еңбек бабында да, өз басы да ислам дінінің жолында болғанын барлық 29 жылдағы жазған хаттарынан көріп отырмыз, әсіресе соңғы хаттарының мазмұндары да куә. Тіпті кейбір хаттарында құдайға сыйынып көрегендік білдіреді. Ы.Алтынсарин өзінің 1884 жылғы 14 ақпандағы Қостанай қаласынан В.В.Катаринскийге жолдаған хатында: «Қолға алып жүрген ісімізге тым болмаса, тағы да 5 жылдай қызмет істесем бе деп едім, бірақ мұны құдай біледі дағы.[1.267] Шынында да Ұлы Ұстаздың алладан сұрағаны, тілегені келді дәл 5 жыл 5 айдан соң Ұлы Ұстаз дүниеден озды. Өзі дүниеден озғанмен ағартушылық жолда европалық білім деңгейіне қол созған, қазақ жастарына оқудың шамшырағын қолына ұстатулы, бүгінгі жас ұрпақ осы жолдан таймақ емес.

Ұлы Ұстаздың өзі салған мектептердің хал-жағдайларын өз көзімен көріп, барып кеңестерін әр кез беріп тұратын, кемшіліктер мен наразылық болса тез арады ақылмен шешу жолдарын іздеп отырған, ол істері де әр уақытта оң нәтижесін беріп отырған.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінен (К-379, №2, 23-бет) Ы.Алтынсаринның бұрын еш жерде жарияланбаған төрт шумақ өлеңін таптық. Өзін жөнсіз «шоқынды», «кәпір» деген жалауыздарға ағартушы қатты қапаланып жазған.

...Аласы ағайынның алаңдатты

Көре алмай көп ішінен жамандатты

«Шоқынды», «крест тақты», «әй кәпір» деп,

Аузына келгенді айтып бақты...

Надандық қандай «қызық» қарап тұрсаң,

Көңілі соқыр көрмейді көзге ұрсаң,

Бабын тебед жаныңды құрбан қылсаң...

Бар айыбым баласын оқытқаным

Орыстың біліміне тоқытқаным,

«Білімсіз кеңімейді керегең»-деп

Айтқанымнан атандым «кәпір-залым»

Білдірген де сен едің білім жолын,

Шалқыған жалындай боп көкірегім,

Қаларсың өзің жанып, өзің сөніп,

Ғұмырдың аяқтасаң текірегін...(бас аяғы әзір табылмаған өлең)

Бұл өлеңді кезінде 1947 жылы арнайы экспедиция ұйымдастырылып Қостанай өңірін зерттеген. Бұл экспедицияда М.Хакімжанова да болған. Бұл өлеңді М.Хакімжанова Меңдіқара ауданы, Қарақоға ауыл кеңесіне қарасты «Күзек шоқ» колхозында тұратын Ахмет Жансақалұлынан айтқанынан жазып алған. Ал Ахмет Жақып ақынның айтуынан алған. Жақып ақын 1941 жылы соғысқа кетіп оралмаған.

Ұлы Ұстаздың білім жөніндегі терең де, кең көлемдегі ой-пікірлері, оқу, тәрбие салаларындағы іс-шаралары, қойған мақсат-міндеттері бүгінгі заманымыздың, қоғамымыздың қажеттілігінен туындап отырған талаптарға әбден үйлесімді. Олай болса, құндылығы жылдар өткен сайын еселене түсетін Ұлы Ұстаз мұраларынан ешқашан қол үзбейік.

#### **Әдебиеттер:**

1. Алтынсарин Ыбырай. Таза бұлақ. Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. Алматы. Жазушы, 1988. 185-314 беттер.
2. ӘОЖ 37.015.31

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗАМАНАУИ БІЛІМ АЛУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Жансерикова Д.А. - психология ғылымдарының кандидаты, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің психология кафедрасының доценті*

*Капбасова Г.Б. - психология ғылымдарының кандидаты, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің психология кафедрасының доценті*

*Ғылыми мақалада студенттердің жаңа оқу жағдайларына бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Жоғары оқу орындарындағы студенттің алдымен мамандықты игеру іс-әрекетінің ерекшеліктеріне, оның қалыптасуында оқу-тәрбие процесінің атқаратын рөліне назар аударылады*

*Кілт сөздер: адаптация, мотивация, әлеуметтік орта, іскерлік, қарым-қатынас.*

Қазіргі таңда жоғары оқу орнында студенттің алдымен мамандықты игеру іс-әрекетінің ерекшеліктеріне, оның қалыптасуында оқу-тәрбие процесінің атқаратын рөліне баса назар аударады. Өйткені жоғары мектепте білім беру процесінде студенттердің ғылыми көзқарас негіздерінің, кәсіптік білімі мен дағдыларының, идеялық саяси сенімдерінің, адамгершілік және эстетикалық идеяларының қалыптасу процесі шапшаң жүріп жатады. Осыған орай, болашақ мамандарды даярлауда, қазіргі заман мамандарына қойылатын жоғары талаптарды басшылыққа алуға тиіспіз. Бүгінгі таңда маманға, әлеуметтік құбылысқа белсене қатынасатын адамға өмір қойып отырған талаптар оқу процесінде негізгі бағдарға алынуы тиіс.

Бүгінгі маман - ілімнің негіздерін жетік игерген, еліміздің саяси мақсаттарын айқын көретін, ғылыми және практикалық мол даярлығы мен тәжірибесі бар, өз мамандығын жақсы, жоғары деңгейде меңгерген адам.

Қазіргі таңда жоғары оқу орнында студенттің алдымен мамандықты игеру іс-әрекетінің ерекшеліктеріне, оның қалыптасуында оқу-тәрбие процесінің атқаратын рөліне баса назар аударады.

Заманауи жоғары білім берудің қозғаушы күштері мен табиғатын түсіну үшін, олардың дамуына тікелей әсер ететін заңдылықтар мен жалпы шарттарды қарастыру қажет. Жоғары білім берудің мақсаты - қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру делінген.

Көптеген елдерде білім беру жүйесі қоғамдық әлеуметтік дамудың жетекші рөлін атқарады, оны әрі қарай айқындай түседі. Қазіргі мамандар алған білімдерін жадында сақтап қана қоймай, сонымен бірге шығармашылық қызметке де, кеңінен ойлауға да қабілетті болуы тиіс. Сондықтан жоғары оқу орнындағы оқу процесі студенттердің әлеуметтік, жан-жақты дамуына жол ашуы тиіс[1].

Жоғары білім - маманға өз бетінше және жауапкершілікпен зерттеушілік және тәжірибелік міндеттерді мәдениет, ғылым және техника жетістіктерін дамыта және жүйеленген білім мен іс-әрекет дағдыларын игерудегі нәтижелер болып саналады. Жоғары оқу орнында студент оқу-тәрбие процесінің объектісі, әрі субъектісі болғандықтан, оның әлеуметтенуі мен психологиялық ерекшеліктерін, талабы мен тілектерін жете білмейінше, қазіргі заманғы маман кадрларды ойдағыдай даярлау мүмкін емес. Бұл қағиданың, әсіресе педагог мамандарын даярлау үшін маңызы зор. Өйткені болашақ ұстаздың бойында мұғалімге тән жоғары адамгершілік сапалар мен мінез-құлық студенттік шақта қалыптасады.

Студенттердің психологиясының қалыптасуы алдымен олардың басты еңбегі- оқуына, болашақ мамандығына деген ниеті мен ықыласына, микро ортасына, қоғамдық белсенділігіне байланысты болады.

Студент деген ұғымға анықтама берген әлеуметтанушылар, оның белгілі бір айырмашылығы бар әлеуметтік топқа жататынын, оның әлеуметтік белгілерін, қоғамдағы алатын орны, интеллигенцияның резерві екенділігін атап көрсетеді.

Студенттермен оқу- тәрбие процесін ұйымдастыруда жоғары оқу орны студенттердің әрқайсысының жеке мінез-құлық ерекшеліктерін танып білуі, алғашқы ұжымды топтастыруы, болашақ мамандыққа деген мотивтерін қалыптастыруы, жоғары оқу орны жағдайына бейімделуіне көмектесуі, қоғамдық жұмыстарға қатыстыруы, жалпы эстетикалық мәдениетін арттыруы, тұрмыс-жағдайлары сияқты мәселелерге айрықша көңіл аударуы міндетті.

Жаңа ортада, жаңа жағдайда жас маманның қалыптасуы жоғары оқу орнында қандай білім алғанына, қандай іскерлік пен дағдыларды меңгергеніне ғана тәуелді емес. Ең маңыздысы, өндірісте, жаңа ортада болашақ маманның бейімделуіне байланысты.

Студенттің оқу іс-әрекетінің субъекті ретіндегі елеулі көрсеткіші оның оқу іс-әрекеттің барлық түрлері мен формаларын орындау ептілігі болады. Соңғы он жылдықта осы іскерліктер мен жалпы оқуға деген қатынастардың сапалық көрсеткіштерінің өзгеруі тұрғысында олардың толықтай қалыптаспауының жалпы бейнесі сақталып қалды.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу - бұл жас адамның студенттік өмір нормасын меңгеру, оның топтың тұлға аралық қатынастар жүйесіне қосылуы, қоғамдағы рөлдік функцияларды игеру процесі. Әлеуметтік-психологиялық адаптация процесінде тұлға өмір мен іс-әрекеттің ішкі және сыртқы жағдайлары арасында үйлесімге қол жеткізуге ұмтылады. Оның жүзеге асуына қарай тұлға бейімделуі жоғарылайды. Толық бейімделу барысында адамның психикалық іс-әрекетінің орта шарттарына адекваттылығы жүзеге асады.

Адам, қоғам және олардың арасындағы байланыстар үнемі түрленіп, дамып, өзгеріп отыратын күрделі құбылыстар. Кез-келген қоғамның қандай болуы оны құраушы субъектілердің күш-жігеріне байланысты. Осыған орай, адамның бейімделуін зерттеу, адам мен оны қоршаған орта қатынасының динамикасын күшейтетін факторлардың өсуімен, қоғамның адамға қоятын талаптарының көбеюімен, сондай-ақ психология ғылымының негізгі зерттеу объектісі - тұлға, оның қалыптасуы мен дамуы мәселесінің маңыздылығымен байланысты ерекше ауқымды орын алып отыр.

Бейімделу термині түрлі ғылым саласында қолданылады және соған орай оның талдауы да әрқилы.

Адам болып өмірге келгеннен кейін, қоғам өміріне араласа бастағаннан-ақ оның өзіндік көзқарастары, қызығулары, санасы, бағалаулары қалыптаса бастайды. Нақты тұлғаның өмірлік іс-әрекеті процесінде, оның өмірлік қатынастары мен өмір жолына деген белгіленген индивидуалды қатынасы қалыптасады. С.Л.Рубинштейннің көзқарасы бойынша, жекелік ерекшеліктері, белсенділігі мен мінез қырлары, адамның сол қоғамға, ортаға немесе ұжымға бейімделуіне, орта тәжірибесін тиімді игеруіне өте үлкен әсер етеді. Дәл қазіргі уақытта біздің еліміздегі шиеліністі экономикалық жағдай адамның қоғамдағы динамикалық өзгерістерге қатынасын сипаттауға мүмкіндік береді [2].

Жас адамдардың психологиясында бейімделудің ролі ерекше деген еді. Отандық психологтардың айтуынша, 1990 жылдарда жоғары білімнің құндылығы күшті өсті, яғни өзін келешекте материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге бейім болу негізге алынады. Бірақ осындай қиын таңдауда қарапайым факторлардың әсері көп. Мысалы: досының кеңесі, ата - анасының ықпалы, сол мамандық орнына оңай оқуға түсу, үйдің оқу орнына жақын болуы және т.б.

Б.Г.Ананьевтің айтуынша, студенттік шақта адамның әлеуметтік гендік патологиялары анықталып, көріне бастайды. Оқу процесінде әр студенттің психикасының әртүрлі деңгейлік дамуы жүреді. Бұл уақыт адамның ұғымталдық деңгейін, білімділік қасиеттерін қалыптастыратын кезең деп көрсетсе, ал, Маклаков А.Г. әлеуметтік-психологиялық бейімделуді келесідей көрсеткіштер арқылы бағалауға болатындығын атайды жүйке-психикалық тұрақтылығы, қарым-қатынасшылдық, адамгершілікті бағдары, топтық біртектілену.

В.Г.Чайка студенттердің жоғары оқу орнына бейімделуінің критерийлері ретінде келесілерді есептейді: оқу іс-әрекетінің объективті нәтижелері, студенттердің топтағы статусы және қоғамдық белсенділігі, ішкі тұлғалық потенциалды жүзеге асыру деңгейі, эмоционалдық өрістің көрініс беруі.

Сонымен бірге, психологияда В.А.Ядов бейімделудің әлеуметтік-психологиялық теориясын, тұлғаның әлеуметтік жүріс-тұрысын диспозициялық реттеу теориясының негізінде түсіндірген. Бұл теорияға сәйкес, адамның қажеттіліктерінің және орта талаптарының арасындағы күрделі сәйкессіздік ретінде қарастырылады. Ал медициналық психологияда Г.Селье адамның бойындағы бар резервтердің негізінде, ортаға бейімделуде қиындықтар туындаған жағдайда, ол гипертониялық, жүрек-қан тамырлар жүйесінің ауруларына және язвалық сырқаттарға әкелуі мүмкін деп көрсеткен [3].

Әлеуметтік-психологиялық бейімделуді тұлғаның қорғаныс құралы ретінде қарастыруға болады. Оның көмегімен ішкі психикалық шиеленіс, мазасыздық, тұрақсыздық жағдайы әлсіреп, шеттетіледі. Бұл процесс қоғамдық пайдалы әрекетке қатысумен тікелей байланысты. Осы әлеуметтік рөлдерге енгізілген барлық міндеттер мен құқықтарды жүзеге асыру, студентті күрделі тұлға аралық қатынастарға қосады, оның өмірлік белсенді позициясын қалыптастырады. Бұл істе қоғамдық-саяси тәжірибенің маңызы үлкен. Әр студенттің бейімделу процесі әр қилы. Еңбек тәжірибесі бар ұлдар мен қыздар студенттік өмірге тез және оңай бейімделеді, кешегі оқушылар - академиялық жұмысқа қиындықтармен бейімделеді. Студенттік топтың міндеті - ортақ тиімді әрекет үшін жағдай жасау.

Студенттің әр курстағы бейімделуі әртүрлі деңгейде өтеді. 1-ші курста оқудың жаңа жағдайына, жаңа өмірдегі өзгерістерге бейімделу жолдары басталады, өйткені студент жаңа қоғамда, сондықтан әлеуметтік бейімделуді керек етеді. 1 курс студенттерінің бейімделу процесін зерттегенде мынадай қиындықтар анықталады:

- мектеп ұжымынан кетумен байланысты туындаған уайымдар; мамандық таңдаудағы мотивацияның анық еместігі, мамандық таңдауға қатысты психологиялық дайындықтың жетіспеуі;
- өзінің мінез-құлқы мен іс-әрекетін психологиялық реттей білмеушілік, дағды ретінде педагогтердің күнделікті қадағалауының жетіспеуі;
- студенттің жоғары оқу орнындағы іс-әрекетінің жаңа жағдайы - бұл жауапкершілік пен тәуелділіктің арақатынасының мүлде басқаша жүйесі (мұнда бірінші орында өз мінез-құлқын өз бетімен реттеу тұрады);
- еңбектің тиімді тәртібі мен жаңа жағдайдағы демалысты іздестіру;
- тұрмыс пен өзіне-өзі қызмет көрсетуді дұрыс жолға қою, әсіресе, үй жағдайынан жатахана жағдайына көшу барысында өз бетінше әрекет ету дағдысының толық деңгейде болмауы.

Бұл қиындықтардың барлығының шығу тегі жағынан әртүрлі. Оның біреулері объективті, сондықтан одан кету мүмкін емес болса, басқалары субъективті сипатта болады және ол дайындықтың әлсіздігіне, отбасы мен мектептегі тәрбиеде жіберілген қателіктерге байланысты.

Студенттің жаңа оқу жағдайына бейімделіп, белсенді оқуына, әлеуметтік дамуына бірге оқитын тобы ерекше әсер етеді. Адамның оқуға деген ықыласына, ғылымға, қоғамдық мәселелерге қызығушылығының дамуына ұжымда қалыптасқан атмосфера, оның рухани байлығы, топтағы қарым-қатынастың принциптері де ықпал жасайды [4].

Зерттеушілер бірінші курс студенттерінің жоғары оқу орнына бейімделуінің үш формасын ажыратады:

- ресми бейімделу, студенттің танымдық - ақпаратық бейімделуіне байланысты, яғни студенттің жаңа ортаға, жоғары мектеп құрылымына, ондағы оқу мазмұнына, оның талаптарына, өз міндеттеріне бейімделуі;

- қоғамдық бейімделу, яғни бірінші курс студенттер тобының ішкі араласу процесі және осы топтардың тұтас студенттік қауымдастықпен араласуы;

- дидактикалық бейімделу, жоғары оқу орнындағы оқу жұмысының жаңа формалары мен әдістеріне бейімделуі.

Студенттердің негізгі бейімделуі 1-ші семестр соңында, 2-ші семестрдің басында аяқталады. Студенттің өзін - өзі ұстауы әр курста әр түрлі сипатта болады. 1-ші курс студенттерінің өз ролі мен міндеттерін түсіну қиындықтармен өтеді. 2-ші курстағы студенттің оқуындағы ең қиын да қызықты кезеңі басталады. Олардың өміріне оқыту мен тәрбиелеудің барлық формасы енгізіледі. Студенттер жалпы дайындықты алады, оқу іс-әрекетімен байланысты негізгі қажеттіліктері қалыптасады. Бұл кезеңдегі бейімделу процесі негізінен аяқталған болып саналады. 3-ші курс мамандандудың басталуы, студенттің кәсіби қызығушылығының одан ары қарай дамуы мен тереңдеуін бейнесі ретіндегі ғылыми жұмысқа қызығушылықтың беку кезеңі. Жан-жақты ақпарат алу аяқталып, бір салада іздену басталады. Мамандануға деген қажеттіліктің артуы көбінесе тұлғаның жан - жақты қызығу аясын тарылтады. 4-ші курста оқу іс-тәжірибесін өту кезеңінде мамандыққа шынайы көзқарастың қалыптасу уақыты. Студентке арнайы дайындықтың тиімді жолдары мен формаларын іздестіру тән, өмірлік құндылықтары мен мәдениетті түбегейлі түсіну басталады және де өзінің болашағын мамандығына сай бағдар қалыптасады. Анағұрлым маңызды материалдық, отбасылық, жұмыс орнымен және т.б. байланысты құндылықтар пайда болады. Студенттер жоғары оқу орнының ұжымдық формасынан кете бастайды. Қазіргі жағдайда бесінші курс студентті күйзеліс үстінде жүреді, бұл оның жұмыс іздеуімен байланысты, қазіргі уақытта жұмыс табу қиындықтармен бірге жүреді, сонымен қатар барлық өмір жағдайында өзгерістер болатындығымен байланысты.

Жоғары оқу орнында студенттің кәсіптік ерешеліктері қалыптасады. Әртүрлі оқу орнында оқитын студенттердің тұлғалық қасиеттері әртүрлі болады.

А.Әбілқасымованың пікірінше, танымдық белсенділік пен танымдық дербестік әлеуметтік белсенділік пен әлеуметтік дербестіктің түрлері болып табылады. Оның пікірінше, белсенділік пен дербестіктің қайнар көзі танымдық қажеттілік.

Кез-келген әрекет сияқты оқу іс-әрекеті де субъективтілікпен, белсенділікпен, пәнділікпен, мақсаттылықпен, саналылықпен сипатталады. Оқу мотивациясы жүйелі болып келеді, ол бағыттылықпен, тұрақтылықпен, динамикалылықпен сипатталады.

Мотивация – оқу іс-әрекет құрылымының маңызды компоненті. Мотивация оқу іс-әрекетінің құрылымдық негізгі компонентінің бірі болып қана табылмайды, сонымен бірге осы іс-әрекеттің субъектісінің өзінің мәнді мінездемесі болып табылады. Мотивация оқу іс-әрекетінің құрылымына бірінші міндетті компонент ретінде кіреді. Ол іс-әрекетке қатынасы бойынша сыртқы және ішкі болуы мүмкін, бірақ әрқашан да осы іс-әрекеттің субъекті ретінде жеке тұлғаның ішкі мінездемесін сипаттайды [5].

Студенттік кезеңде оқу процесінің ең басты қызметі, бұл оқыту процесінің субъектілерінің танымдық өрісін арттыру мен дамыту болып табылады.

Оқудағы ішкі мотивациялардың дамуы оқу мақсатындағы сыртқы мотивтердің қозғалысы ретінде көрінеді. Бұл процестегі әр бір қадам оқу процесіне жақын, ішкі бір мотивтің басқасына жылжуы болып табылады. Сондықтан студенттің мотивациялық дамуында таяудағы даму аймағын есепке алу керек. Оқудағы ішкі мотивацияның дамуы - бұл жоғарыға қарай қозғалу. Осыған байланысты студент мотивацияның құрылымын жоғарылатуда ішкі оқу мотивациясына көп назар аудару, оқытушы алдындағы міндет болып табылады. Студентті тұтас қабылдай алатын тәжірибелі оқытушы, оқу мотивациясы мен студенттің қалай білім алатындығымен ойша салыстырып отырады. Сонымен қатар, тәжірибеде оқу тиімділігі, студенттер үлгерімі олардың мотивациясын есепке алмай бағаланады. Осылайша. оқу мотивациясында студенттің оқу процесіне қосыла алуының бірнеше сатыларын бөліп көрсетуге болады, бұл оқу әрекетінің тиімділігіне әсер етеді. Әрбір саты оқуға деген жалпы қатынаспен сипатталады, бұл мынадай белгілер бойынша анықталуы мүмкін: үлгерімі, қатынасы, студенттің жалпы белсенділігі, алаңдаушылықтың болмауы, білімнің түрлі салаларына деген қызығушылықтың тұрақтылығы. Екіншіден, студенттің оқуға қосыла алу сатысы оқу іскерлігінің сапаларына байланысты. Бұл кейбір мотивациялық ұстанымдардың, кедергілердің, студенттің қиындықтан жұмысқа ауысуы себептерін түсінуге көмектеседі. Оқуға деген әртүрлі қатынаска карамастан, студенттерге оқуға деген жағымды мотивацияны тәрбиелеу керек. Оған: жоғары оқу орнындағы, топтағы жалпы атмосфера; әртүрлі іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға ұжымдық формаға студенттің қосылуы; оқытушы мен студенттердің біріккен әрекетіндегі қатынас; оқытушылардың студенттерді шығармашылық әрекетке қызықтыру жатады.

Студенттің табысы іс-әрекетінің қажетті шарты - жоғары оқу орнындағы оқудың ерекшеліктерін меңгеру болып табылады. Бастапқы курс аралығында студенттік ұжымдар құрылады, ақыл-ой әрекетін рационалды ұйымдастыру дағдысы мен іскерлігі қалыптасады, тұрмыс, еңбек және бос уақыттың күн

тәртібі өңделеді, өзіндік білім алу және өзін-өзі тәрбиелеу бойынша жұмыс жүйесі құрылады. Бейімделу процесі оқытудың жаңа жүйесіне қабілеттену, еңбек пен демалыс тәртібін өзгертуге, студенттік ұжымға қосылуға қабілеттену ретіндегі бірнеше деңгейде көрінеді. Осының барлығы студенттің психикалық, физиологиялық жағдайымен және өмірінің мәнді құрылуымен қосарлана жүреді.

Жас адамның ортаға бейімделуінің жетістігі ең алдымен оны қалай қарсы алатынын, ұжымдағы өзара қарым-қатынас туралы, өзінің жұмыс орны туралы ең алғашқы әсеріне тәуелді. Студенттің нәтижелі іс - қимылы жоғары оқу орнында оқу кезіндегі стимулдық мақсат - міндеттердің болуынан болады. Қоршаған ортамен, қоғаммен қақтығыстық жағдайларда студенттің бұл оқу орнында оқуға ынтасы жоғалып, тартыну, алшақтау пайда бола бастайды. Бұл мұғалімдердің психологиялық бейімделуді дұрыс өткізбегендіктен болатын ситуация.

Студенттің психологиясының қалыптасуы алдымен олардың басты еңбегі- оқуына, болашақ мамандығына деген ниеті мен ықыласына, микроортасына, қоғамның белсенділігіне байланысты болады. Нақтырақ айтқанда, бұл жердегі маңызды критерий оқуға деген қарым-қатынас. Студенттің алдымен оқу әрекетінің мынадай психологиялық сипаттары бар: оқуға, білімге деген жағымды мотивтері, қызығулары, алдағы оқу жұмысының мақсаттары мен міндеттерін анықтай алулары және орындаудың тиімді тәсілдері мен амалдарын белгілеуі, өз жұмысының барысын өзі бақылап отыруы және оның нәтижесін бағалап, тиісті қорытындылар жасай білуі және т.б. қалыптасуы тиіс. Оқу мотивациясында студенттің оқу процесіне қосыла алуының бірнеше сатысын бөліп көрсетуге болады, бұл оқу әрекетінің тиімділігіне әсер етеді. Әрбір саты оқуға деген жалпы қатынаспен сипатталады, бұл мынандай белгілер бойынша анықталуы мүмкін: үлгерім, оқу іс-әрекетіне қатысуы, студенттердің жалпы белсенділігі, аландаушылықтың болмауы, білімнің әртүрлі салаларына деген қызығушылықтың тұрақтылығы, студенттің оқуға қосыла алу сатысы және оқу іскерлігінің сапасына байланысты. Бұл кейбір ұстанымдардың, кедергілердің, студенттің қиындықты жеңу себептерін түсінуге көмектеседі.

Оқуға деген әр түрлі қатынасқа қарамастан, студенттерде оқуға деген жағымды мотивацияны тәрбиелеу керек. Оған жоғарғы оқу орнындағы, топтағы жалпы атмосфера, әртүрлі іс-әрекет түрлеріне байланысты ұйымдарға ұжымдық формаға студенттің қосылуы, оқытушылардың студенттерді шығармашылық әрекетке қызықтыруы жатады.

Студенттердің танымын тереңдетуге талпындырудың маңызды кезеңі студенттік орындықтан басталады. Ғылымдағы шеберлікке талпыныс әрбір студентке тән. Дегенмен де, біреулеріне - тұрақтылық, біреулеріне сыртқы стимулдар, ал үшіншілеріне білім жетіспейді [6].

Оқытушы мен студенттің біріккен әрекетіндегі жетістік үзіліссіз екі жақты байланысты сақтағанда ғана мүмкін: тікелей: оқытушы - студент және кері; студент - оқытушы. Әлеуметтік құндылықтарды қалыптастырудың тұрақты механизмі бар: жеке тұлға – ұжым - қоғам. Бұл процесс екі жақты сипатқа ие және кері жағдайды нақты әрекет етеді (қоғам – ұжым жеке тұлға). Студенттің әлеуметтік белсенділігінің қалыптасуы, егер жас адам өзінің мінез-құлқы мен әрекетіндегі өзінікі мен қоғамдікін және ең алдымен біріншінің екіншісіне бағынуын анықтап, дұрыс бағалай алғанда ғана нәтижелі болады. Болашақ еңбек, кәсіби әрекетке кез-келген жоғары оқу орнының студентінің жетістікпен дайындалуы, ең алдымен өз еңбегінің маңызын түсінумен, адамзат баласы жасаған білім байлықтарын саналы түрде меңгерумен байланысты.

#### **Әдебиеттер:**

1. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // 2016жыл 1 наурыз.
2. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. - М., 1980, - 456 с.
3. Кон И.С. В поисках себя. - М.: Педагогика, 1984. 296-297с.
4. Досжанова А. "Жастардың кәсіби бейімделу мәселелері" // "Ұлағат"- №9, 2005. Б.28-36.
5. Әбілқасымова А.Н. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы: Білім, - 1994, 125-156б.
6. Джакупов С.М. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. - Алматы, 2002. – 98с.

УДК 81`373.612.2

## КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ МЕТАФОРА КАК ОСНОВА КОГНИТИВНЫХ МОДЕЛЕЙ

Исмагулова Г.Б. - магистрант 2 курса Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова

Монгилова Н.В.- к.ф.н., научный руководитель, Костанайский государственный университета имени А.Байтурсынова

В статье рассматривается концептуальная метафора, представленная Дж.Лакоффом и М.Джонсоном в качестве интеракционистской модели на основе принципа инвариантности. Эта идея в дальнейшем развивалась такими учеными как Герард Стейн и Реймонд Гиббс, М.Пилени, что также анализируется в данной работе.

Ключевые слова: метафора, когнитивные модели, область-источник, область-цель, теория, метафоризация.

Повторяя известную мысль Дж. Лакоффа и М.Джонсона о метафоричности - «по самой своей сути» - нашей понятийной системы (на языке оригинала она звучит так: «Our ordinary conceptual system, in terms of which we both think and act, is fundamentally metaphorical in nature»), и соотнося эту мысль со столь же известным взглядом (interaction view) на метафору М.Блэка, мы считаем, что именно интеракционистская точка зрения известного философа подготовила почву для Джорджа Лакоффа и Марка Джонсона, чье исследование метафоры некоторые лингвисты называют интеракционистско-когнитивной теорией. Во всяком случае, их приверженность интеракционистской точке зрения сформулирована в следующем утверждении: "...the essence of metaphor is understanding and experiencing one kind of thing in terms of another" [1, с.3 – 5]. Каждая концептуальная метафора, по их убеждению, отображает часть жизненного опыта культурного сообщества; каждая метафора обладает индивидуальным историческим фоном, который, будучи обнаруженным, показывает социокультурную зависимость, опять же, каждой метафоры в отдельности.

Сам же процесс метафоризации Дж.Лакофф и М.Джонсон рассматривают как перенос из **области-источника** (source) в **область-цели** (target domain), то есть понимание одной области происходит через призму другой. "We will speak of such a set of correspondences as a "mapping" between conceptual domains" [2, с. 4]. Сама «образно-схематическая структура области-источника проецируется на область-мишень способом, соответствующим структуре последней» [3, с. 355]. Авторы, в частности, называют это **принципом инвариантности**, подчёркивая при этом творческий аспект метафоры. Но каким образом протекает в деталях этот процесс, они, к сожалению, не объясняют, приводя лишь в качестве примера **спор** с применением военной лексики (он же, кстати, иллюстрировал и их понимание структурной метафоры). Но **спор — это не только война** («Он разбил все мои доводы», «Ваши утверждения не выдерживают критики»), это ещё и **путешествие**, и **здание** («Мы подошли к следующей проблеме», «Как только мы дойдём до следующего пункта», «Шаг за шагом мы продвигаемся», «Построение твоих доводов несколько странно», «Твоя теория разваливается на части», «Под твоими теориями нет фундамента»). И всё это можно выстроить в следующую схему:

ОБЛАСТЬ-ИСТОЧНИК

война  
здание  
путешествие

ОБЛАСТЬ-ЦЕЛЬ

спор  
спор  
спор

Далее авторы предлагают нам **посмотреть на любовь глазами путешественника**: "Наши отношения зашли в тупик", «Это был долгий и тяжелый путь», «Мы не можем повернуть назад». Но ведь **любовь — это ещё и игра**: «Она вытщила счастливый лотерейный билет», «Он дурачит её». Многие чувствуют себя в любви не только как в казино, но и как на войне: «Он пытался завоевать её», «Она боролась за него», «Он объединился с её матерью». Проецируя **область-источник** на **область-цели**, получим следующее:

ОБЛАСТЬ-ИСТОЧНИК


путешествие  
игра  
война

ОБЛАСТЬ-ЦЕЛЬ

любовь  
любовь  
любовь

Как видим, одна и та же область-мишень может быть "желанным объектом" нескольких источников, которые характеризуют её с разных позиций. Таким образом, из приведённых выше концептуальных метафор получается сеть, которую можно дополнять и дополнять. Стрелки, соединяющие отдельные понятия, показывают направление процесса метафоризации.

Внимательно проанализировав фокус приведённых выше метафор, можно сделать вывод, что в их основе лежит одна общая концепция: все лексические единицы, выступающие в качестве фокуса, являются своего рода "наполнением" одних и тех же концептуальных метафор. Возьмём, к примеру, концепт ВРЕМЯ — ДВИЖУЩИЙСЯ ОБЪЕКТ. Чтобы показать скоротечность времени, мы прибегаем к таким глаголам, как: *лететь, идти, бежать*, благодаря которым происходит реализация данной концептуальной метафоры: «Время *проходит* очень быстро», «Часы *пролетели*», «Годы *бегут*».




Герард Стейн и Реймонд Гиббс, рассматривая метафору в когнитивной лингвистике, ссылаются на работу Дж.Лакоффа и М.Джонсона и приводят, в частности (в качестве примера), серию концептуальных метафор о **природе идей**, «захвативших» наши мысли: ИДЕИ - ЭТО ПИЦЦА, ИДЕИ - ЭТО ЛЮДИ, ИДЕИ - ЭТО РАСТЕНИЯ, ИДЕИ - ЭТО РЕЗУЛЬТАТЫ, ИДЕИ - ЭТО ТОВАРЫ. В том, что данные метафоры являются лишь абстракцией идей, которые скрываются за общепринятыми выражениями, у нас нет сомнений. И авторы «наполняют» концептуальную метафору, скажем, ИДЕИ - ЭТО ДЕНЬГИ следующими фразами: «He's *rich* in ideas. That book is a *treasure trove* of ideas. He has a *wealth* of ideas» [4, с. 1]. Исследователи придерживаются той точки зрения, что «conventional linguistic metaphors are perhaps the best source for discovering these metaphoric schemes of thought») [4, с. 1].

Процесс "наполнения" концептуальной метафоры немецкий лингвист М.Пиленц [5] рассматривает как взаимоотношение **type** и **token**. При этом, **type** является ни чем иным как концептуальной метафорой (*спор — это война* или *любовь — это путешествие* и т.д.), а отдельно взятое метафорическое выражение, которое наполняет данную метафору, автор обозначает как **token** (*его критические замечания били точно в цель* или *он разбил все мои доводы* и т.д.). Чтобы лучше понять **type/token** отношения, можно построить следующую схему:

Такую схему можно «прочитать» как информацию о том, что концептуальная метафора — это свободная от контекста абстрактная форма, которая претворяется в действительность посредством конкретных метафорических выражений. Лолер, к примеру, так комментирует этот процесс: "...these instantiations are freely generable as types, and frequently encountered as tokens" [6, с. 203]. Таким образом, само понятие "метафора" отличается систематической многозначностью: оно может относиться как к конкретному метафорическому выражению (**token**), так и к стоящему над ним концептуальному типу (**type**).

Если продолжить процесс «наполнения», то следствием его станет возникновение как **лексикализованных** метафор (**Cliche-Metaphern**): «*Мы подошли к следующей проблеме*», «*Ты попусту тратишь моё время*», «*Годы летят*» и т.п. (мы, кстати, уже писали о том, что такие метафоры мы практически не замечаем в повседневной речи), так и метафор **окказиональных** (**ad hoc**), которые бросаются в глаза сразу и в большинстве своём — авторские: «*Помедлив у реки, полощущей цветные бусы фонарей...*» [М.Цветаева].



Не только интересно, но и полезно в данном случае проследить, как Джордж Лакофф (совместно с Марком Тернером) рассматривает в работе «More than cool reason» такое понятие, как путешествие. «The structure of our knowledge of journeys can be seen as having well-differentiated components such as travellers, a starting point, a path, impediments, and so on; some are required and some, like destinations, vehicles, companions, and guides, are optional») [2, с.61]. Основу («skeletal form») они называют «**схемой**» („scheme“), а наполняющие её элементы рассматриваются как слоты («slots»). Отсюда следует, что схема ПУТЕШЕСТВИЕ имеет слот для ТРАНСПОРТНОГО СРЕДСТВА, и этот слот может быть заполнен обозначением любого средства передвижения. Таким образом, метафора ЖИЗНЬ — ЭТО ПУТЕШЕСТВИЕ является **переносом** структуры схемы **путешествие** в область **жизнь**, который происходит как установление **соответствующих аналогий** между ПУТЕШЕСТВЕННИКОМ и ЛИЦОМ, ИДУЩЕМ ПО ЖИЗНИ, между НАЧАЛОМ ПУТИ и РОЖДЕНИЕМ и т.д.

Значимость подобной метафоры — в её способности создавать необходимые структуры в нашем понимании жизни, которое приходит в данном случае (в частности) и от структуры нашего знания о путешествиях. В самом деле, когда мы мыслим о жизни в терминах направлений, развилок дорог, заграждений на дорогах, экскурсоводах и т.д., мы импортируем модели умозаключений из области путешествий в область ЖИЗНИ - «Thus, the power to reason about so abstract an idea as life comes very largely through metaphor» [2, с. 62] - и большинство наших размышлений о жизни в значительной степени проходят через метафору. Мы и мыслим с помощью нашей концептуальной системы, которая включает список структур, куда введены необходимые метафоры и схемы. И однажды усвоив схему, нам не надо её снова учить или освежать в памяти: она приходит на ум автоматически.

Явления и предметы живут в нашей концептуальной системе для нашего же постоянного использования их. И по той же самой причине, по которой концептуальные схемы и метафоры дают нам силу «концептуализировать и мыслить», они ещё и обладают силой над нами, как утверждают авторы, выделяя несколько источников этой силы:

- **Сила структуры** (the power to structure) - метафорический перенос позволяет передавать концептуальной структуре то, что не может существовать без метафоры.

- **Сила открытого выбора** (the power of options) — эта сила позволяет нам расширять метафорическую структуру и получать новое понимание области цели.

- **Сила довода** (the power of reason) — метафоры дают нам возможность «borrow patterns of interference from the source domain to use in reasoning about some target domain» [2, с. 65].

- **Сила оценки** (the power of evaluation) — мы не только импортируем сущности и структуру из области оболочки в область цели, мы также переносим и методы оценки сущностей.

- **Сила присутствия** (the power of being there) - само наличие и существование общепринятых концептуальных метафор делают их сильными в смысле привычного и выразительного инструмента: используются **автоматически** и легко, и потому мы практически не замечая их, считаем излишним подвергать сомнению их необходимость.

Итак, концептуальные схемы организуют наши знания. Они вводят когнитивные модели некоторых аспектов мира — модели, которые мы используем для постижения нашего жизненного опыта и размышления над ним. При этом, «we cannot observe them directly; they are inferred from their effects» [2, с. 66], - овладение когнитивными моделями идёт по двум направлениям: и через наш собственный (непосредственный) опыт, и через нашу культуру. Учёные считают, что люди, которые никогда не видели *жернова*, могут тем не менее, знакомясь с бытом народа, представить себе, что такое *жерновой камень*. Значит, когнитивные модели, которыми мы овладеваем посредством культуры, являются типичными моделями для данной культуры, существующими в ней продолжительное время.

Отсюда следует вывод, что сама метафора это не просто содержание: ведь «if metaphor were only a matter of words, such global second-order reading would not be possible» [2, с. 139].

Концептуальные метафоры могут быть наиболее ярко выражены в реальной жизни при использовании различными социальными группами, убеждён М.Пилленц. Но решающий вопрос при этом - какие метафоры являются выразителями того или иного мышления, ещё нуждается в осмыслении. М.Пилленц считает, что следует уточнить два момента: 1) какие метафоры предпочитают те или иные социальные группы, и 2) в каких формулах организовано мышление той или иной социальной группы. То есть речь идёт как о социальном распределении концептуальных метафор, так и о коллективных структурах мышления. А в итоге получается, что сеть концептуальных метафор не является неким свободным уподоблением, образным сближением слов — их применение напрямую зависит от культурного сообщества. С таким же успехом метафору можно рассматривать и как "строительный материал" нашего мировоззрения. Ведь не случайно М.Джонсон отмечает, что метафоры "are seen as irreducible thought processes that can stretch and reorganize conceptual boundaries" [7, с. 70].

Таким образом, концептуализация - это неотъемлемая часть нашего мыслительного процесса. А построение и проекция концептуальных структур является необходимым инструментом мышления. «A metaphor between mind and computer, an analogy between electricity and water, a new social event imagined as a version of one we already know, an assimilation of something novel to an established category, a creation of a provisional category for local purposes—all of these and many other cognitive operations involve the projection of conceptual structure» [8, с. 4]. Без концептуальных структур невозможно себе представить и такой фундаментальный и универсальный процесс как СМЕШИВАНИЕ (BLENDING), имеющий непосредственное отношение ко многим когнитивным феноменам, включая категоризацию, аналогию, метафоризацию и т.д.

#### **Литература:**

1. Lakoff G., Johnson M. Metaphors we live by. Chicago; London, 1980.
2. Lakoff G., Turner M. More than cool reason. - Chicago: University of Chicago Press, 1989. - 230 с.
3. Ченки А. Семантика в когнитивной лингвистике. // Фундаментальные направления современной американской лингвистики. - М.: Изд-во МГУ, 1997.-С. 340-369.
4. Stehen G., Gibbs, R. W. Jr. Introduction. // Selected papers from the International Cognitive Linguistics Conference, Amsterdam, July 1997. - John Benjamins Publishing Co., 1999.-С. 1-8.
5. Pielenz M. Argumentation und Metapher. // Tübinger Beiträge zur Linguistik. - Tübingen: Gunter Narr Verlag, 1993. - 206 с.
6. Lawler S. Metaphor: Problems and perspectives. - Brighton, Sussex: Harvester Press, 1982. – 172с.
7. Johnson M. The body in the mind. - Chicago: University of Chicago Press, 1989.-233 с.
8. Fauconnier G., Turner M. Conceptual Integration Networks. // "Cognitive Science", 22(2) 1998. - 133 – 187 с.

ӘОЖ 130.2

## ҚҰНДЫЛЫҚТАР – САБАҚТАСТЫҚ ҮРДІСІНІҢ НЕГІЗГІ ӨЛШЕМІ РЕТІНДЕ

Қабул О.Қ. - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

Мақалада қазіргі философия іліміндегі негізгі мәселелердің бірі – философия құндылықтарының сабақтастығы туралы сөз қозғалған. Құндылықтар қоғамды реттеу кезінде дәстүрлер мен ғұрыптар жүйелерін, әсіресе қоғамға аса маңызды адамдық нормалар мен құқықты өзіне бағындыра отырып ыңғайлы деңгейге ие болады. Рухани-ізгілік құндылықтар ұлттық мәдениеттің бір бөлігі екендігі белгілі, ол өз кезегінде мәдениеттің аксиологиялық, антропологиялық тұжырымдамаларының негізінде бірқатар әдіснамалық көзқарастарды айқындауға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: құндылық, экзистенциалды философия, мәдениет, құндылықтар, мәдени дәуір, объективті құндылықтар, категориялық императив, субъект-объект, қызмет, антропологиялық тұжырым, әдіснамалық көзқарас, аксиология, онтологиялық сипаттама, құмарлық, қажеттіліктерді қанағаттандыру.

Қазіргі философия іліміндегі негізгі мәселелердің бірі – философия құндылықтарының сабақтастығы. Осындайда дәстүрлі құндылықтардың орын алатын ортасының бірі отбасы, ал ғаламдық деңгейде – мемлекет болып табылады. Рухани-ізгілік құндылықтар ұлттық мәдениеттің бір бөлігі екендігі белгілі, ол өз кезегінде мәдениеттің аксиологиялық, антропологиялық тұжырымдамаларының негізінде бірқатар әдіснамалық көзқарастарды айқындауға мүмкіндік береді. Экзистенциалды философия тұрғысынан мәдениет шығармашылығы қазіргі қоғамның белгілі бір құндылықтарын қабыл ету не болмаса қабылдамау болып табылады. И.С.Каганның пайымдауынша, «мәдени дәуір дегеніміз біртұтас құбылысқа жинақталады және ол біртұтас бейне іспеттес» [1, 416 б.]. Белгілі бір заттар мен құбылыстарды пайымдау олардың жеке қажеттіліктерге сәйкес құндылық дәрежесіне дейін жеткізу арқылы сол заттар мен құбылыстар мәнділігінің деңгейін айқындауға мүмкіндік береді. Осындайда құндылық мәселесі тарихи тұрғыдан пайда болатын адамдардың қажеттіліктеріне қатысты болмыс құбылыстарының оң мәнділігі мәселесі ретінде сипатталады.

Рухани-ізгілік мәселесі мәдениет құбылыстарын меңгеру арқылы да зерттелуі мүмкін. Дәл осы адам қызметінде мәдениет құбылыстарында жеке мәні бар заттарды өзірлеу арқылы «құндылық» категориясының қызметтік мәнділігі болады. Қазақ мәдениетінің үш мың жылдық тарихы ұрпақтарға сабақтастық арқылы жетіп отыр. Қазіргі бізге жеткен ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптардың қайсысын алып қарасақ та осыны аңғарамыз. Кешеге дейін өткеніміз бен бүгінгіміз жалғастырған нәзік жіп үзілмей, ұрпақ пен ұрпақты байланыстырып келеді. Демек, ұрпақтар сабақтастығы үзілген жоқ. Яғни, сабақтастық қоғамның барлық кезеңінде және барлық салада аса қажеттілікті туындатып, сан салалы келе жатқан категория.

Сабақтастық – адам іс-әрекетінің жемісі. Ол қоғам дамуы негізіндегі адам жетістігін қамтамасыз ету және оны сақтаудың негізгі әлеуметтік заңдылығының бірі болып табылады. Сабақтастық қоғамдағы өмір сферасының әр түрлі саласында белгілі бір ұғымға сәйкес кең түрде қолданылады. Соның бірі философиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, кез-келген құбылыс даму үстінде танылып, өзгерісте болуымен қатар алдыңғы элементтердің өзгертілген түрде сақтайды. Яғни даму үрдісіндегі жаңа мен ескінің арасындағы қажетті объективті байланыс, терісті-терістеу заңдылығының мәнді белгісі, бұрынғы сатыдағы жеткен нәтижесіз тұрмыста да, танымда да алға қарай жылжу мүмкін емес. Сондықтан сабақтастық тек жаңаға ғана дайындау емес, бұрынғы игергенді сақтап, дамытып ескімен жаңаның арасындағы байланысты дамыту негізінде қарастыру қажет.

Адамзат баласының тарихы үздіксіз сабақтастықтың арқасында мәдени-тарихи құрылымды түзеді. Себебі сабақтастық дәуірлер, ғасырлар, жылдар, күндер арасын жалғастырушы дәнекер. Сабақтастық әлсіреген тұста кейінгі тарихқа қайта жүгіну үрдісі өте қарқынды түрде жүреді. Ал дәстүр сабақтастыққа қарағанда салмақты, ол қалыптасқан тұрақты жүйе. Сондықтан дәстүрге деген құрмет халық арасында өте зор мәнге ие. Дәстүр адамдар арасында жазылмаған заң, ол еш қадағалаусыз, ешкімнің әмірінсіз өз бетінше орындалады. Демек, сабақтастық дәстүрдің кезеңнен-кезеңге өту қызметі. Әрбір дәстүрдің түпкі мағынасының өзгеріссіз жетуіне сабақтастық тікелей міндетті.

Сабақтастық ұғымы түпкі нәтижеге бағдарланған іргелі президенттік саясаттың жарқын көрсеткіші. Бар қазақтың бір қазақ ретінде ұйысуының нәтижесі Мәңгілік ел идеясының жүзеге асуына негіз болары анық. Ел бірлігі – буындар арасындағы сабақтастық, сабақтастық – мәңгілік ел идеясының өзегі. «Мәңгілік елдің» жеті қағидасы біздің дамуымыздың арқаулық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтайды. Себебі, Мәңгілік ел мұратына жету ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының көрінісі арқылы жүзеге асатындықтан да мемлекет басшысының халықтың үш буынына сөз арнауы кешегі тарих қойнауындағы бабалар үнін тағы да жаңғыртқандай әсер қалдырды дей келіп, бабалардың ерлігі, бүгінгі буынның ерен істері және жас

ұрпақтың жасампаздығы арасында сабақтастық болса ғана, Мәңгілік елге даңғыл жол ашылатынын айтты.

Сабақтастық – тарихи-мәдени тәжірибе үрдісіндегі жаңа мен ескінің арасындағы объективті қажетті байланыс. Бұл байланыс тұтастықты қамтамасыз етеді және мәдениеттің үдемелі дамуының алғышарты болып саналады. Сабақтастық ұғымы қай салада да маңызды орынға ие, сондықтан бұл мәселе үздіксіз зерттеуді талап етеді.

Сабақтастық мәселесімен шұғылданушылардың бірі ғалым Мұхтар Әуезов пікіріне сүйендік. Оның ойынша: «Сабақтастық негізінен уақыттағы тұтас өмір. Сондықтан, қоғам саналы түрде өткенімен байланысты белгілі бір тұтастықты игеруге және болашаққа талпыныста сабақтастық заңдарының мәнін түсінуге ұмтылады». Сабақтастық жайлы ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есімді атап өтуге болады. Академик Ғарифолла Есім айтқандай, «ұлттық дәстүр, әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің сақталуын, ұрпақ сабақтастығын көргіміз келсе, кеше кеңес кезінде теріске шығарылған құндылықтарымызды қайта аршып алуымыз керек».

Сонымен қатар, ағартушы Абай Құнанбаев та өз шығармашылығында қойып отырған үлкен мәселенің бірі – мәдени сабақтастық. Дәстүрлі мәдениет туралы Абай өзінің 39 қара сөзінде атап өтеді.

Тақырыпқа қатысты маңызды және мазмұнды зерттеулер жасаған ғалымдар ретінде Б. Сексенбаевтың «Мәдени сабақтастықтағы тарих даналығы», Б. Дунаевтың «Мәдени-тарихи сабақтастық және жеке адамның рухани жағынан өзін-өзі айқындауы», Н. Өмірзақованың «Аға буын мен бүгінгі ұрпақ сабақтастығы – дәуірлер жалғастығы», С. Нұрмұратовтың «Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы» авторлардың еңбектерін атауға болады. Батыс ойшылдарға келетін болсақ, сабақтастық жайлы мазмұнын ашқан Ортега-и-Гассет, Э.А. Баллер, С.Л. Рубинштейн, М. Мид, К. Мангейм.

Барлық құндылықтар рухани және ізгілік құндылықтар деп екі нысанға бөлінеді. Оларды бөлу өлшемі сол ұғымдардың семантикалық айырмашылықтарына тікелей байланысты. Осы пайымдауға қатысты Ю.С.Степановтың «орыс мәдениетінің константасы» мәселесін зерттеген кезде әзірлеген ғылыми тұжырымдамалары маңызды болып табылады [2, 838 б.].

Мәдениет – рухани «константалардың», яғни тұрақты шамалардың жиынтығы. Рухани константалар дегеніміз мәндік жылжымалы субстанция, ол ғылыми ұғымдардың ықпалымен өзгеріп тұрады және концепт ретіндегі бастапқы негізін сақтайды. Барлық ұғымдардың толықтырмалы жиынтығы ретіндегі концепт шеңберінде объект туралы эмоционалды, ассоциативтік, ауызша және өзге де ақпараты болады (лингвистика тұрғысынан айтқанда ол – сөз). Концепттің мәні концептті мәдениеттің факторы ететін бастапқы негізге сәйкес айқындалады.

2. Лазарев В.С., Мартиросян Б.П. Нормативный подход к оценке инновационной деятельности школы // Педагогика, 2003. – №3. Мартиросян Б.П. Оценка инновационной деятельности школы. – М., 2003.

3. Алисов Е. А., Подымова Л. С. Инновационная образовательная среда как фактор самореализации личности // СПО. — 2001. — № 1. — С.61–63.

4. Шапран Ю. П., Шапран О. И. Образовательная среда вуза: типология, функции, структура // Молодой ученый. — 2015. — №7. — С. 881-885.

ӘОЖ 37.013.77:78

## **ӨНЕР ТАРИХЫНДАҒЫ КЛАССИКАЛЫҚ МУЗЫКАНЫҢ АДАМ ПСИХОЛОГИЯСЫН НЫҒАЙТУШЫЛЫҚ ҰҚПАЛЫ**

*Өміржанова А.Ө. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті «Педагогика және психология» мамандығының 1 курс магистранты.*

*Беркенова Г.С. - ғылыми жетекші, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «Педагогика және психология» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент.*

*Бұл мақалада жалпы және адамның психологиялық денсаулығын нығайтатын классикалық музыканың әсері жайында баяндалған. Музыка – ең қауіпсіз алдын алу шарасы. Қолжетімді әрі ешқашан қауіп тудырмайды. Және классикалық музыканың атасы – «Моцарттың эффектiсiне» де тоқталып, дәрі орнына музыкамен емдеуге мүмкіндік беретін «Музикатерапия» ғылымының құндылығы жайында жазылған.*

*Кілттік сөздер: Психологиялық денсаулық, музикатерапия, «Моцарт» эффектiсi*

Денсаулық – адам өміріндегі ең басты құндылық. «Жасыңнан денсаулығыңды бағала...» деген мақал бар. Ағзаны музыкалық өнер арқылы тазарту барлығына қолжетімді дүние, себебі, уақыт пен

материалдық қаржыны талап етпейді, ал оны қалай тазарту керектігі жөніндегі білім барлығына қажет-ақ. Аталмыш зерттеу жұмысының өзектілігі осыған саяды.

Өткен ғасырларда да музыкалық өнердің кереметтілігін сезінген, бүгінгі күні де жер жүзіндегі миллиондаған балалар үшін маңыздылығы жоғары.

Платонның пікірінше, музыка лады мен ырғағы, «жүрек түкпіріне еніп, санаға әсер етеді, өз өзіне лайықтайды...». [1, 5б.] Мемлекеттің ең үздік қорғанышын Платон «музыка» деп есептеген.

Музыканың тәрбиелік маңызы жөнінде Аристотель де пікір қосқан: «Музыка жүректің этикалық жағына әсер етеді және үздік қасиеттерге ие, ол білім алушыларды тәрбиелейтін пәндер қатарына кіру керек. Музыканы меңгеру бұл жастың табиғатына тән». [1.1, 5б.]

Қайта даму кезеңіндегі танымал теоретиктердің бірі Джозеффо Царлино өзінің трактатында былай деп жазған: «Музыка рухты жанжандырады, құштарлықты басқарады, зұлымдықты басады және жуасытады, уақытты ізгілікті өткізіп, жақсы қасиеттерге үйрететін күшке ие.» [1.2, 6б.]

Музыканың нақты белгісі жөнінде П.И.Чайковский: «Музыканың мақсаты – жүрек толқынысын оятады. Одан басқа ешқандай өнер, адам жүрегінде мұндай жақсы сезімдер орната алмайды». [2, 61б.]

Атақты педагог В.А.Сухомлинский: «Музыканың арқасында адам бойында асқақтық, атақтылық түсініктері оянады. Тек қоршаған орта жөнінде ғана емес, өзі жайлы да керемет ой туындайды.» [2.1, 61 б.]

Музыкамен айналысу музыкалық есту қабілетін дамытады, адамның түрлі дыбыстарды тану сезімталдылығын жоғарылатады. Бұл қабілет ұшқыштарға, жүргізушілерге, әрең естілетін мотор дыбысына мән беретін механиктерге қажет. Есту қабілеті жақсы дамыған және музыкалық интонациясы жақсы көрінген білім алушылар шетел тілін оқу кезіндегі қиындықтарды тез жеңеді.

Ән айту пәні тілдің интонациялық байлығына оң әсер етеді, сөйлеу, көңіл-күйін нақты жеткізуге жетелейді. Мұндай қасиет әрбір адамда дауыс ырғағының қажеттілігін талап етеді, әсіресе көп сөйлеуге бейімделген оқытушы, мұғалім, дәріскерлерге қажет.

Хорда ән айту, оркестрде ойнау немесе ансамбльге қатынасу ұжымшылдықты сезіну сияқты маңызды қасиетті дамытады. Музыкамен тілдесу адамның рухани алда болуын қалыптастырады және жалпы эмоционалдылығын жоғарылатады, бұл өз кезегінде тұлғаның шығармашылық потенциалына оң әсер етеді. [3, 21-29б.]

Қазіргі таңда музыка саласында минималды дағдыға ие болу және білім алу көркем талғамын дамыту үшін өте қажетті талап саналады, ол адамның маңыздылығын анықтайды. Ежелгі достық жөніндегі «Қандай музыка тыңдайтындығыңды айтсаң, досыңның кім екенін білемін» деген мақалды өзгертіп алуға болады.

Қай елде болмасын мәдениетке жүгінсек сол елдің барлығынан музыканың адамның жүрек қалауын нақтылайтындығын көре аламыз. Қытай, Үндістан, Египет және Ежелгі Грецияда дәрігерлер мен абыздар, философтар мен музыканттар емделу үшін музыканы пайдаланған.

Музыка – адамның психологиялық денсаулығына әсер ететін өнер, үйлесімді дыбыстардың жиынтығы. Ол адамның эмоционалды көңіл-күйіне дыбыстың жиілігі, қаттылығы, ұзақтығы, екпіні, ырғағы, ауыспалы процесстердің әсер етуін сипаттайды.

Музыкалық дыбыс дегеніміз – субконтроктавадағы негізгі «До» нотасынан(16Гц) бесінші октаваның «Ре» нотасына(4000Гц) дейінгі аралық. Дыбыстың жоғарылығы – есту мүшелерін дыбыстың жиілігіне байланысты субъективті анықтайтын дыбыстың сапасы. Жиіліктің өсуіне байланысты дыбыста артады. [4, 214б.]

Музыка біздің эмоцияларымызға үстемдік етеді. Ал, эмоция физикалық аурулардың алдын алып, оларды әрдайым жеңіп отырады.

Өзбек ғалымы Мырзақәрім Норбеков: «Денсаулық – адам ағзасының эмоционалды орталығына байланысты. Хаос әлемде емес, ол біздің ішімізде. Және дәл осы музыка ғана хаосты жеңіп, адамның эмоционалды аясын үйлестіреді» - деген. [4.1, 214б.]

Ал, ежелгі данышпандар музыка және оның ең бірінші дыбыстары әлеммен бірге дүниеге келгеннен дәлелдеп отыр. Ертедегі барлық жер бетіндегі ілімдер музыканың адамдарға, жануарларға тіпті өсімдіктерге әсер ететінін нақты тәжірибе барысында көрсетеді.

Пифагор Египеттен музыкалық білім алып, Италияда музыка пәнін ғылымдар қатарына қосты. Ол музыка теориясын жетік меңгеріп, «Гармонияның» негізін қалады. Сөйтіп, музыканың ғылым екенін нақтылай түсті. Сол кездері пифагорлықтар ашу-ыза мен жауыздыққа қарсы арнайы әуендерді пайдаланған. Олар математика сабағын музыкамен өткізген. Сол сәтте музыка адамның интеллектіне әсер ететінін байқаған.

Аристотелдің пікірінше, музыканың көмегімен белгілі бір жағдайда адамның қалыптасуына және жанның этикалық жағына жақсы әсер ете алады екен.

Әйгілі емші Авиценна диета, иіс сезу және күлкімен емдеу қатарына әуенді дәрісіз емдеу тәсілі ретінде енгізді.

Біздің ғасырға дейін 3 ғасырда Парфианс патшалығында арнайы музыкалық-медициналық орталық тұрғызылды. Ол жерде музыка арқылы сағынудан бастап, жан күйзелісіне дейін емдеді.

Ежелгі трактаттар бойынша: «Бүкіләлем дыбыстайды, бірақ, адамның күнделікті есту қабілеті аспан дыбыстарын естімейді. Космостық гармонияның бейнесі музыка ретінде жетеді. Адам ғаламның бір бөлшегі ретінде ғарыштың гармониялық дыбыстарына бейімделе отырып, рухани күш пен физикалық денсаулыққа ие болады». [5, 74б.]

Қытайлық музыка зерттеушісі Сыма Цяньның мына пікірін еске алайық: "Дүниеге келген адам баласы өміршең рухты, жүрек пен сананы еншілей туады. Ал, қайғы мен шаттық, ашу мен қуаныш болса, туа бітетін қасиеттер емес, мұның бәрі де сыртқы әсерге деген адам сезімінің өзгеруі ғана, әрі - беріден соң сезімді қалыптастыратын да сол сыртқы әсерлер. Содан да болар, баяу да бойлауық, зарлы да сарнауық әуен бел алған ортада халықтың санамен сарғайып, мұңға батқаны; егер ерке де еркін, жайдары да жеңіл, иірім - қайырымы алабұрта елпілдеген әуен бел алса, онда халықтың шат - шадыман ғұмыр кешкені; егер қатқыл да қаһарлы, бастауы жігерлі, қоштауы асқақ, қайырмасы кең орамды әуен бел алса, онда халықтың өзіне - өзі сенімді де табанды болғаны; егер қоңыржай да ашық, орнықты да қалыпты, байсалды да шыншыл әуен бел алса, онда халықтың сыпайы да ізетшіл болғаны; егер шалқар да шалқымалы, жүрекке жылы, жанға жайлы әуен бел алса, онда халықтың мейірім мен махаббатқа бөленгені; ал егер жабайылардың әндері сияқты шегіне жете бүлініп - бұрмаланған, жанығып – жан ұшырған, ырду - дырду әуен бел алса, онда халықтың бұзылғандық пен бейбастақтыққа белшесінен батқаны". [5.1, 74б.]

Еңбек үдерістері мен түрлі физикалық жаттығулардың музыкалық стимуляциясы антикалық Грецияда ерекше жанданды. Ежелгі гректердің түсінігі бойынша: «Музыка – философияның құрамдас бөлігі болды». [5.2, 74б.] Сондықтан, грек философтарының барлығы оған қызығушылық танытты. Ежелгі гректер тәрбиелеудегі идеалды «калокагатии» термині арқылы түсінді. Яғни, ол физикалық, моральдық және рухани сапалардың жиынтығы. Осы принципке сәйкес, әрбір еркін азаматтан қажетті психо-физикалық шама талап етілді, яғни, күшті, шыныққан дене, нақты рухани даму және моральды тазалық.

Музыка – гректердің күнделікті өмірдегі жағдайларын жеңілдетіп, тәрбиеледі. Ол полестрмен айналысудағы негізгі құрал болды, спорттық жаттығулар мен жарыстарда белсенділік танытуына көмектесті. Демалыс пен той-думандарда адамның жанын жадыратты. Аристотель «Политика» трактатында былай дейді: «Гректер үшін оқудағы басты пән – грамматика (оқу және жазу), гимнастика, музыка кейде бейнелеу... Біздің ата-бабаларымыз музыканы жалпы білім беру пәндерінің қатарына жатқызды, себебі, табиғаттың өзі қызметімізді дұрыс бағыттауға ғана емес, оған қоса жақсы демалуға мүмкіндік беріп отыр». [6, 18б.] Бізбен салыстырғанда ежелгі гректер үшін музыка - ең алдымен оның қызметіне деген белсенді стимулятор ретінде, содан соң барып жақсы демалыс пен мерекелік көңіл-күй құралы болып табылды.

Осыған байланысты музыканы қолданбалы ғылым ретінде пайдалану туралы Платон, Аристотель, Пиндар, Страбон, Лукиан, Архилох, Аристофан, Эсхил, Гесиод, Вергиль, Плутарх және басқа да әлемдік танымал антикалық авторлардың шығармаларында кездеседі.

Бұл тұжырымдар өз уақытының гуманитарлық жетістігі ретінде келесі жүз жылдықтарда барлық антикалық қоғам үшін негізгі бағыттаушы ой болды.

1969 жылы Швецияда «Музикатерапиялық қоғам» пайда болды. Осы ұйымның қызметкерлерінің арқасында барлық әлемге резонансты ультрадыбыстық сәуледен тұратын «қоңыраудың» дыбысы бірнеше секундтың ішінде тифоз таяқшаларын, сары ауру қоздырғыштары мен тұмау вирусын жоятындығы белгілі болды. Академик Б.В.Асафьев қоңырау дыбысы мен оның типтерін халықтық музыканың негізі аясында қарастырды.

Шығыс ғалымдары бірнеше зерттеулердің нәтижесінде мынадай тұжырымға келді: «Кейбір әуендер шынымен күшті терапиялық әсерге ие. Рухани-діни музыка жанның тепе – теңдігін қалпына келтіріп, адамға тыныштық сыйлайды. Егер, музыканы дәрімен салыстырсақ діни музыка ауруды басады. Көңілді әндерді орындау жүрек ақауларына көмектесіп, ұзақ жасауға септігін тигізеді.» [6.1, 18б.]

Мамандар музыканың тек стилі немесе ырғағы мен әуезінен тыс туындының қай аспапта орындалғаны да маңызды екенін айтады. Әрбір музыкалық аспаптың әуені адам организмінендегі белгілі бір жүйеге түрлі әсер етеді.

Фортпианода ойнаған туындыны тыңдау – психиканы гармонияға бөлейді, әрі бүйректің жұмысын қалпына келтіруге, несеп жолдарының жұмысын жақсартуға сондай-ақ, қалқанша безді тазартуға пайдасы зор. Орган дыбысы ми жұмысына пайдалы.

Гитара, арфа, скрипка сынды ішекті аспаптар жүрек қан-тамырлары жұмысын қалыпқа келтіреді.

Үрмелі аспаптар тыныс жолдарының жұмысын жақсартып, өкпе мен бронхитті тазартады. Қан айналымына өте жақсы әсерін тигізеді.

Ал, барабан сынды аспаптың туындысы жүрек соғысын қалпына келтіріп, бауырдың жұмысын жақсартады.

Кларнет-жүрек қан тамырларының жұмысын жақсартады, флейта-өкпе және кеуде қуыстарына жақсы әсер етеді. Ал, труба-жүйке жүйесіне оң әсер етеді.

Кез-келген музыка бұлшық еттің ширығуын босатып, белсенділікті арттырады. Ақпаратты анық әрі нақты қабылдауға әсер етеді. Ғалымдар музыканың адамның ағзасына тигізер пайдасын зерттеу барысында классикалық туындылар ғажап әсер беретінін анықтады. Әсіресе Моцарт, Вивальди, Григ, Бетховен, Шуберт, Шуман, Чайковский және Дебюсси сынды ұлы композиторлардың туындыларының әсері терең зерттелуде. Моцарттың әуендері мидың жұмысын белсенді етеді әрі ақпаратты тез меңгеруге әсерін тигізеді деп есептеледі. [Бетховеннің «Фиделио»](#), [Полонез Огинскийдің «Венгерлік рапсодия»](#) сынды туындылары бас ауруын жазады деп айтылады. Ұйқысыздықтың бірден-бір емі – Чайковский мен Григаның сондай-ақ Сибелиустың пьесалары болса, [Вивальдидің «Жыл мезгілдері» туындысын](#) тыңдау арқылы еске сақтау қабілетін жақсартуға болады. Бұған қоса классикалық музыка – ревматизмнің тамаша емі. Бірқатар эксперимент жүргізу барысында ғалымдар классикалық музыка тыңдаған науқастар ауруынан ертерек айыққанын аңғарған. Ұлттық нақыштағы әуендер адамның ағзасына өте жақсы әсер қалдырады. Этникалық музыка – денені босаңсытып, тыныштандыруға мол әсер береді. Ұлттық нақыштағы әуендер тарихтан сыр шертіп, ұлттық, дәстүрлі құндылықтарды терең сезінуге, ерекше қуат алуға ықпал жасайды.

XIX ғасырдан бастап ғылымда музыканың адамға әсері туралы түрлі зерттеу нәтижелерінен алынған пікірлер пайда болды. Музыканың иммундық жүйені бекітіп, аурушандықты төмендететіндігі зат алмасу процесін жақсартатындығы ғылыми түрде дәлелденген. XX ғасырдың басында музыкалық дыбыстардың адам ағзасындағы әрбір жасушаны белсенді ететіндігі көрсетілді. Электромагнитті толқындар қан қысымының өзгерісіне, жүрек соғысының жиілігіне, демнің тереңдігі мен ырғағына әсер етеді. Заманауи медицинада фитотерапия мен арттерапияның қатарына музыкатерапия қосылды. Онда музыка сабақтарының көмегімен адам денсаулығын қалпына келтіру қарастырылады.

Мәскеулік «Эйдос» орталығында музыкатерапия қант диабетін емдеуде қолданылады, себебі, қандағы қант деңгейі мен психикалық жағдайдың арасында тікелей байланыс бар. Осылайша, психикалық жағдайды реттей отырып, адам қандағы қант деңгейін өзгерте алады. Оған табиғаттағы дыбыстар көмектеседі: құстардың әні, толқындардың дыбысы, найзағайдың жарқырауы, жаңбырдың сылдыры. М.Лазеріттің жетекшілігімен жүргізілген зерттеу көрсеткіші бойынша: «музыкалық выбрация барлық ағзаларға әсер етеді. Оның ішінде сүйек құрылысына, кеңірдекке, ішкі ағзаларға, терең жатқан ұлпаларға жетіп, ондағы қан айналымын реттейді. Музыка ағзаның эндерфиндерді (ауру мен стрессмен айығуға көмектесетін жүйкедегі биохимиялық заттар) босатуына бейімділігін жоғарылатады.

Музыканың әсерін соңғы он жылда терең зерттеуде. Зерттеушілер бірнеше бағытта жұмыс істеуде: жеке музыкалық аспаптардың тірі ағзаға әсері; музыканың адамзаттың ұлы тұқымқуалаушылыққа әсер етуі; адам ағзасына дәстүрлі халық музыкасының әсері.

Ресейде музыкатерапияны денсаулық министрлігі 2003 жылы емдеудің ресми әдісі ретінде мойындады. Дерек бойынша музыкатерапия әлемде мойындалған ғылым ретінде қалыптасты. [7, 256]

Табиғаттағы құбылыстардың барлығы әлем мен дыбыстың тығыз байланысты, бір-бірінің ажырамас бөлшегі екенін көрсетеді. Бүгінде музыкатерапия ауруды басып, қорқыныш, қысым, жоғары ағзаның тонусына қарсы тұрады, депрессияны емдейді, медициналық сауықтыру және физикалық жаттығулармен айналысу үшін қолданылады. Музыка медитация секілді бір минутта ырғақпен 60 соққы жасап, ми қызметін қалпына келтіре алады. Және музыка тыңдау барысында зейінділік пен еңбекке деген қызығушылық артады. Ми жағымсыз эмоцияларға энергиясын жұмсауды доғарады. Уақыт өте келе адамның жалпы жай-күйі тұрақты болады, қалыпты жағдайға келеді.

Медицина мен биологияда белгілі болғандай, адам ағзасына ең қатты әсер ететін, ең ежелгі музыкалық компонент – музыкалық шығарманың ырғағы. Музыкалық шығарманың ырғағы 0,6-дан 1,5 Гц диапазонында жатады, яғни, жүрек соғысы мен дем алу жиілігінің жақындығы, биологиялық белгілі жиілік болып табылады. Адамың ағзасы сыртқы әсерлерге бейімделуге қабілетті, нәтижесінде жүрек пен тыныс алу жұмыстары музыкалық шығармалардың ырғағына бейімделеді. Осылайша, аурулардың әсерінен жұмыс істеу қабілеті бұзылған мүшелерді музыканың көмегімен қайта қалпына келтіруге болады.

Дұрыс тыныс алу-денсаулық кепілі. Терең демалу ағзамыздың жалпы жағдайына жақсы әсер етеді. Егер халықтық және Григориандық діни әндерді тыңдасақ өкпе жақсарады. Ал, жүрек соғысының тұрақтылығын қалпына келтіру үшін баяу музыка тыңдау керек. Кез-келген музыка қандағы лимфоциттерді кеңейтеді, ағза аурумен күресуге қабілетті. Чайковский, Лист, Шуберттің романтикалық әуендері стрессті түсіреді. Гипертониктерге Шопеннің «Ноктюрн», Бахтың скрипкаға арнап жазылған «Концерт ре-минорін» тыңдаған пайдалы. Шаршаудың алдын-алу үшін Григтің «Утро», Мусоргскийдің «Хованщина» операсына «Рассвет над Москвой-рекой», «Вечерний звон» романсы, Чайковскийдің «Времена года», бас ауруларын атақты «Огинскийдің Полонезі» бәсеңдетеді. [8,176.]

Музыкалық терапияның тиімділігі үшін оны белгілі бір ереже бойынша пайдаланады, олар психо-физиологиялық принциптерге негізделген. Олардың қатарында:

1. Босаңсу – музыка қызметін толыққанды қабылдауға көмектеседі.
2. Ең бастысы дұрыс мөлшерде таңдай білу керек. Шаршамау және өзге де көмекші реакцияларды болдырмас үшін музыкамен емдеу қысқа да нұсқа болғаны шарт.
3. Музыканың дауысы мен қуаттылығын бақылап қалпына келтіру керек. Қатты дыбыс жүйке жүйесін шаршатып жібереді.
4. Емдік музыканы тыңдап болған соң аздаған демалыс қажет. Бұл адамның күйіне музыканың толығымен әсер етуіне септігін тигізеді.
5. Музыкалық шығармаларды таңдау алдын-ала дұрыс ойластырылғаны жөн.

Бүгінде адамзаттың сана-сезімін дамытуда музыканы пайдалану кеңінен етек жайды. Өз кезегінде американдық дәрігер-ғалым Д.Элкин тұжырымы бойынша: «Шамадан тыс қатты дыбыс тиындарды жойып жібере алады. Ауыр металл өсімдіктің өсуін тоқтатады немесе олардың жойылуына әсер етеді. Балық рок өңдеуін тыңдау арқылы өліп қалады екен. Сонымен қатар, музыка суға да әсер етеді. Моцарт пен Бетховеннің симфониясынан кейін су бетінде әдемі толқын пайда болса, рок жанрынан кейін су бетінде кері процесс жүреді. Музыка тек өсімдіктерге ғана емес тірі пенделерге де үлкен әсерін тигізеді. Мысалы, жасөспірімдер би кешінде жарты сағат ішінде өз-өзіне ие болудан қалып, бақылау жасай алмай, гипноздық күйде жүреді. Зиянды музыка, жиі диссонанс туғызып, қалыпты жоятын, тұрақсыз әрі сабырсыз ырғақтан тұрады. Ол, жасөспірімдердің психикасына кері әсер етеді. Сонымен қатар, рок-музыканың құрамында біз естімесек те біздің ағазаларымыз қабылдап, әйгілі «25 кадр» принципімен ми қызметін құртатын ультра және инфрадыбыстар бар. Олар фильм қарап отырғанда көзге байқалмайын жарнамалық кадрлар секілді.» [8.1, 176.]

Ғалымдар поп музыкасының денсаулыққа кері әсер ететінін, яғни, монотонды ырғақтың кесірінен зейінділік пен есте сақтау қабілетіне теріс әсерін тигізеді деп дәлелдеген. Ал, рэп, хип-хоп агрессияға шалдықтырады. Рэптің бірсарындылығының әсері ашушаңдық, өшпенділік, көңіл-күй мен жалпы эмоционалды тонустың түсуіне себепкер. Блюз эмоцияға ықпал етеді. Тыныштандырады және күйгелектікті басады. Джаз – ішкі гармонияны бұзады. Джаз – негативті әсер етуші музыка саналады. Рэгги – жақсы көңіл-күйдің музыкасы, эмоционалды тонусты жоғарылатады, агрессия мен зұлымдықты тудырмайды. Заманауи клубтық және электрондық музыка оқуға деген ынтаны төмендетеді, интеллектіге негативті әсер етеді. Кей жағдайда күйгелектікті жоғарылатады. Соул жанрындағы музыка сағыныш тудырады. Халық музыкасы «фолк» жалпы эмоционалды тонусты көтеріп, көңіл-күйді жақсартады.

Жапонияда тәжірибеге емшекте баласы бар 120 әйел адам қатысқан. Жартысы – классикалық музыканы, жартысы – заманауи әуенді тыңдаған. Алғашқы топтағы аналардың сүті 20% өссе, екінші топтағы аналардікі екі есеге азайған.

Мәскеудің ғалымдары әр түрлі композиторлардың музыкалары балаларға қалай әсер ететінін байқап көрген. Нәтижесінде, Шопеннің «Мазуркасы», Рубинштейннің музыкалық шығармалары қорқыныш сезімдері мен өз-өзіне сенбеушілікті басады екен. Жалпы тыныштық үшін Бетховеннің «Симфония №6», Брамстың «Колыбельная», Шуберттің «Аве Мария» және Шопеннің «Ноктюрн» шығармалары сәйкес келеді. Гипертония симптомдарын жою үшін Бахтың скрипкаға арнаған «Ре-минор концерті» мен Бартоқтың «Екі фортепиано мен ұрмалы аспаптарға арналған сонатасы» қолайлы. Өмірден түңілуді басу үшін Бетховеннің «Лунная сонатасы» мен Бахтың «Кантата №2». Ал, көңіл-күйді көтеру үшін П.И.Чайковскийдің шығармаларын тыңдау қажет. Ұйқысыздықты Григтың сюитасы мен Сибелустың вальсымен емдеуге болады. Бахтың «Италияндық концерті» өшпенділік пен реніштің алдын алады.

Ғылыми зерттеу жұмысы Моцарттың музыкасы ми қызметін белсенді ететін ерекше музыка деп дәлелдеген. Ұлы композитордың шығармаларын тыңдап, «IQ» тесттеріне жауап берген адамдар интеллектің жоғарылағанының анық көрсеткіші.

Моцарт музыкасының ең алғашқы қасиеттері 1990 жылдардың басында Калифорния университетінде зерттелген. Сол кезде студенттер кеңістіктік интеллектен тест тапсыруға дайындалып жатқан. Емтиханның алдында 10 минут бұрын Моцарт музыкасын тыңдаған студенттер басқа білімалушыларға қарағанда 15%-ға жоғары көрсеткішке қол жеткізген. Осыдан соң, профессор Раушер музыка мен кеңістіктік ойлаудың арасында үлкен байланыс бар, тіпті, музыканы жай ғана тыңдау белгілі әсер береді деп қорытынды жасаған. Калифорния университетінде ашылған жаңалықтан кейін, Америка қалаларының белгілі музыка дүкендерінде Моцарттың барлық шығармаларының жинақтары 3 күн бойы сатылуға түсті. Зерттеушілердің бірі, физик-теоретик Гордон Шоу Моцарттың музыкасы «миды жылытуға» қабілетті екендігін дәлелдеген. «Ол қиын музыка күрделі жүйке моделін қоздырады, яғни, математик, шахматшылар секілді мимен жұмыс істейтін жоғары формамен байланысты. Ал, керісінше жеңіл монотонды музыка кері байланыс береді»- дейді.

Моцар்த்தың музыкасы ерекше – жылдам да, баяу да, мазасыз да емес, қарапайымдылығымен керемет. Бұл музыкалық феномен – «Моцарт эффе́ктісі» деп аталады. [9, 446 ]

Заманауи музыканың жанрлық әртүрлілігі композицияны жүрек қалауымен таңдауға мүмкіндік береді. Бізге қандай шығармалар ұнайды? Адам музыканы бірнеше факторлар арқылы қабылдайды: ұлттық қажеттілік, эмоционалдық жағдай, жеке ерекшелік.

Әрбір жанр адамның физикалық және психикалық жағдайына әртүрлі әсер етеді. Ежелгі зерттеушілердің пікірі бойынша, музыка – адамның денесіне, оның рухани баюына және интеллектіне ықпал етеді. Заманауи зерттеулер бұл әсерді былайша меңгерген: белгілі бір музыкалық аспап дыбыстарының әсері; дәстүрлі әуеннің әсері; адамның психологиялық жағдайы мен заманауи бағыты; белгілі композитор шығармаларының әсері; музыкалық жанр және оның әсері.

Көңіл-күй - адамның тұрақты эмоционалды жағдайы. Біздің іс-әрекетіміз соған байланысты. Нақты зат немесе әрекет ауқымды түрде көңіл-күйге әсер етпейді – көңіл-күйдің қалыптастырушы факторы жалпы өмірлік жағдайы. Заманауи психология ауыспалы көңіл-күйдің мынадай факторларын көрсетеді: Оқиға. Ол адамға байланысты немесе одан тыс қалыптасуы мүмкін. Адамның ішкі жан-дүниесі: оның не ойлайтындығы, уайымы, нақты адамдардың әрекеті мен өмірдегі оқиғаларға қалай қарайтындығы. Іс-әрекет. Адамның күш-жігерін жұмсауы. Нашар көңіл-күй адамның өмірдегі жағдайларды жабырқаңқы тонда, негативпен қабылдауына әкеп соғады. Нашар эмоционалды тонда көпшілік өзінің сүйікті музыкасына бет бұрады.

Әрбір жанрдың әсер етуі көп жағдайда адамның жеке қабылдауына байланысты. Психологиялық әсер: музыканың ырғағы; тонның әртүрлілігі; дыбыс қаттылығы; жиілік; қосымша эффе́ктілер.

Музыканы емдік дәрі ретінде алғаш рет психиатр Эскироль ұсынды. Содан бері музыкатерапия ем және емделушілерді сауықтыру бағытында белсенді пайдаланылуда. XX ғасырда дәрігерлер музыканың жансыздандыру, жара мен түбөркүлезді емдеу қабілетін зерттеген. Әуенді анестезия ретінде пайдалану кең қолданысқа ие болды.

XX ғасырдың екінші жартысында жүрек қан тамырлары жүйесіне қан айналым, тыныс алу, гармоналдық реттеуге музыканың әсері нақтыланды. Заманауи музыкатерапияның орталықтары АҚШ, Германия, Швецария саналды.

Классикалық музыка мен қант диабетінің арасында байланыс бар. Классикалық шығармалар баланың сүйек қаңқасын қалыптастырады. Әртүрлі музыка көңіл-күйге, эмоционалды тонусқа, адамның денсаулық жағдайына байланысты әртүрлі әсер етеді. Ұлыбританияда музыкатерапияның алғашқы курсы пайда болды. XX ғасырдың 60 жылдары оны тәжірибеге енгізді. Музыкатерапия орталығы ашылды. Ол бұлшық еттің босануына, семіздіктен арылуға көмектеседі. Зерттеу нәтижесінде спорттық жаттығуларда тыңдалған музыка 20% нәтиже береді. Музыканың ырғағы қауіпті болуы мүмкін: іш және бас ауруын тудырады. Музыканың құдіреттілігі сауда саласында ертеден бері қолданылуда. Белгілі бір әуендер сатып алушылардың энергиясын жоғарылатады. Бұл технологияны супермаркеттерде көруге болады: «қарбалас сәттерде» екпінді музыка, қалған уақыттарда баяу музыка ойналады. Қоңырау дыбысы тиф таяқшаларын, инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын жояды. Музыка адамның физико-психологиялық денсаулығына әсер етеді. Музыканың күші – тон, ырғақ, дауыс қаттылығы. Тыңдауға таңдалып алынған кез-келген музыкалық шығарма көңіл-күйге, эмоционалды тонусқа, денсаулыққа ықпалын жасайды.

Психологиялық денсаулық мәселесі бүгінгі күнде күрделі мәселеге айналып отыр. Музыканың ақыл-ой қабілетін арттырудағы манызды рөлі ғылыми зерттеулерде қарастырылып дәлелденген. Ғалымдар үнемі классикалық музыка тыңдайтын адамдармен тәжірибелік жұмыстар жасап, нәтижесінде адамның әр тыңдаған сайын есте сақтау қабілетінің 20 пайызға артатынын анықтады. Миды тынықтыратын, жүректі тыныштандыратын қасиеті де бар. Адамның қан қысымын төмендетіп, күйзелісті қайтарады деген тұжырымдар да бар. Сондықтан, денсаулықты сақтау, басқара білу, түрлі келіспеушіліктің алдын алу мәселесінде классикалық музыканың әсері манызды болғаны сөзсіз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Петрушин В.И. Слушай, пой, играй. – М.:ВЛАДОС, 2000, 5-6с.
2. Райгородский Б.Д. Что может музыка // Музыка в школе. 2004.№ 4.С.61 – 62.
3. Строгова Н. Влияние музыки на психологию. // Педагогика и искусство. 2008.– № 6. С.21-29.
4. С.Л.Рубенштейн Основы общей психологии. – СПб.:Питер, 2007. – 713 с.: ил. – (Серия «Мастера психологии»), 214с.
5. Трактат о музыке юэшу – Исторические записки // "Ши цзи". М., IV том.74,81,82 б.
6. С. Газарян «В мире музыкальных инструментов», М. Просвещение, 18с.
7. Балашова С.С., Шенталинская Т.С. Музыкальны фольклор и школа // Спутник учителя музыки / Сост. Челышева Т.В.М: Просвещение, 25с.

8. Едунов С.М., Праслова Г.А. Программы по музыке в контексте ведущих тенденций развития отечественного музыкального образования: история и современность. СПб.: СПб ГУМП, 2001, 17с.

9. Г. Левашева «Поговорим о музыке», Детская литература, 44с.

УДК 82:316.3

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ**

*Шаматова Б.А. - А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы*

*Мақалада А.Байтұрсыновтың ұлылығы, оның әлемдік азаттық қозғалысына қосқан еңбегі, ұлт тарихына, ұлт тағдырына жасаған ықпалы сипатталған.*

*Кілт сөздер: көсем, ұлт, қоғам, тағдыр.*

XX ғасыр табалдырығын қазақ халқы жерінен айырылып, шаруашылығы күйзеліп, білім нәріне қанбай, санасын ұйқы басып, елдігінен айырылып, мемлекеттік қалпын жоғалтып, дауыл алдындағы тымырсықтай түнеріп аттады. Сол тұстағы қазақ қоғамында өткенді аңдап, алдын болжаған озық ойлы азаматтарды, жалпы «халқым, ұлтым» деген адамды ойландырған басты ой арнасы үш мәселеден бастау алады. Жер-ата-қоныс ғасырлар бойы сыртқы даудан қорғауда сан ұрпақтың қаны тамған, бүкіл тіршіліктің тірегі, одан айырылу ел ретіндегі тарихтың сахиынасынан кетумен тең еді. Оқу – ұлттық сананың ояну негізі болса, одан ана тілі нәр алмау халық ретіндегі сан ғасырлық салт-сананың жиынтық болмысынан айырылу, сөйтіп, ұлттық алтын тамырдан қол үзіп, оярудың жолын қараңғы түнекке апарып тіреу еді. Ал патшалық отаршылдық саясаттың қыспағынан бірліктен айырылған, өзін-өзі билеуден қалған ел ұлы дамудың өркениетті жолына ығысып, құлдықтың құрдымына қарай жол тартқан болатын. Міне, осынау жойылудың осынау құрбандықтың үш үлкен мәселесі қазақ азаматтарын бірігуге, күш біріктіруге, сөйтіп, саяси күрес жолына шығуға жұмылдырды. Ел арасынан суырлып шыққан алаш азаматтары ұлт болашағы үшін жан-жақты аянбай тер төгіп, бостандық пен бақытты өмір жаршыларының тұнғыш қарлығаштары бола білді. Солардың бірі А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, М.Шоқай. Көрнекті қоғам қайраткері, ақ сұңқар ақын С.Сейфуллиннің сөзімен айтсақ, ол былай болып шығады: «Қазақ оқығандарының арасында 1905 жылдан бастап-ақ... революциялық идея, ұлттық теңдік пен азаттыққа үндеу етек алды. Жаңа оянып келе жатқан қазақ интеллигенциясының ол кездегі дем берушілері Бөкейханов, Дулатов, Байтұрсыновтар болды», [1, 2 б.] - деп жазды ол сол кездегі қоғамдық өмірге баға берген «Қазақ зиялылары хақында» атты мақаласында.

XX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялылары үшін өмірінің мәні де сәні де ұлт азаттығы болды. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық долдындағы күреске біржола бел шеше кірісті. Қазақ зиялылары, әсіресе, патша өкіметін құлатып, Ресейде және оның ұлттық отар аймақтарында ерекше саяси жүйені тудырған 1917 жылғы Ақпан төңкерісін зор қуанышпен қарсы алып, осы төңкеріс ала келген демократиялық өзгерістер лебімен қанаттанып, қазақ арасында мәдени ағарту жұмысын жандандыруға күш салды. Бәрінен бұрын қазақ жерінде кенже қалып келе жатқан оқу жайын жолға қоюға зор талпыныс жасады. Қазақ зиялылары ат жалын тартып мініп, ел ісіне араласа бастаған өрімдей жас кезінен-ақ ел ішінде оқу, өнер білімді насихаттай бастады. Олар XIX ғасырдың II жартысында өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан ағартушы демократ, қазақтан шыққан жаңа үлгідегі тұнғыш педагог Ыбырай Алтынсаринды, ұлы ойшыл ақын Абай Құнанбаевты өздеріне үлгі тұтты. Олардың оқу, өнер-білім, ғылымды насихаттаған өлеңдерінің үлгісінде шығармалар жазды, кітаптарын шығарып, ел ішіне таратты. Оқу мәселесі көп қаржыны талап ететін үлкен мемлекеттік іс екенін біле тұра, сол процесті тездетуге барынша күш салды. А.Байтұрсынов, М.Дулатов жай ғана ауызекі үгіт-насихатпен, өлең шығарумен, мақала жазумен шектелмеді. Олар өздерінің идеяларын жүзеге асыру үшін халыққа пайдасы тиетін игі істердің бел ортасында жүрді. Дана өз заманасынан озық туады, тозық елді озық етемін деп халқының алдына шығып, өрге сүйрейді, жолында тұрған кесепаттарды өңменінен түйрейді. Олар отаршылдықтың озбыр саясатына қарсы халықты ояту үшін халықты оқыту керек екенін түсінді. Осы жолда мұғалім болып бала да оқытты, ақын-жазушы болып кітап жазды, журналист болып газет шығарып, мақала жазып, ұйқыдағы ұлтын оятып, замана аңғарын түсіндірді, өлең жазып, мақсат-мүддесін танытты. Сол үшін қуғын-сүргінді көп көрді, абақтыға жабылды. Абақтыдан шыққаннан кейін де күресу жолдарын тоқтатпады. Олардың шығармаларындағы басты тақырып ұлт азаттығы болды. Бірақ ашық майданға

шығып, қан төгісіп күресетін жағдайдың жоқтығын түсінді. Жалпы қазақ зиялылары қан төгіс жолын еш уақытта таңдаған емес. Халықты ауыр тұрмыстан, саяси дағдарыстан, әлеуметтік тығырықтан шығаратын жол тек оқу, ағарту жолы екендігін терең түсінді. Бұл мәселелерде ұлт зиялыларының көшбасшысы болған А.Байтұрсыновтың орны ерекше дараланып тұр. XX ғасырдың басында демократиялық бағыттығы зиялы қауымның көш басшысы бола біліп, қазақ елінің саяси-әлеуметтік өмірінде Алаш партиясы мен Алаш автономиясын құрудағы еңбектері, халықты азаттық жолына бастап, күрес жолын көрсетіп беруі Ахмет Байтұрсыновты «ұлт көсеміне» айналдырды. Ахметті саяси бостандыққа жетуді аңсап, қазақ халқын отаршылдық бұғаудан құтқаруды ойлаған басқа зиялылардан оқшауландырып, еңселендіріп тұратын да осы, әсіресе, күрес жолын көрсете білуі еді. Күресу үшін алдымен көзі ашық, көңілі ояу азаматтар қажет екенін, бар күш білім, оқу, өнерде деп үнемі шығармаларында халқын үгіттейді. Қазақ зиялыларының көш басшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құштарлықты ояту, сауатсыздықты жою тәуелсіздікке апарар жол екендігін түсінді. Бұл жолда А.Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары өздерінің қиын да күрделі бүкіл қоғамдық саяси қызметін ұлы мұрат-тәуелсіздікке арнады. Ұлт зиялылары қазақ қоғамында қоғамдық саяси сана мен ұлттық қозғалыстың қалыптасуына тікелей әсер етуге көшті. Олардың белсене таратқан саяси идеялары қазақ қоғамының оянуына жәрдемдесіп халықтың саяси-құқық, мәдени эстетикалық санасы мен ой-өрісінің дамуына жол сілтеді [3, 705 б.]. Сонымен бірге ұлы жазушы М. Әуезовтың сөзімен айтсақ, «Ахаң ашқан қазақ мектебі», «Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран» [4, 36 б.] ел санасын оятып, рухын көтере түсті А.Байтұрсыновтың әр шығармасынан халыққа жанашырлығы, білімдарлығы, көрегенді мен көсемдігі аңғарылып тұрады. «Ол қарапайым да түсінікті қазақ тілінде азаттық туралы, ұлт туралы езілген, артта қалған қазақ ұлтты туралы жырлайды, өнер – білімге, еңбекке ғасырлақ ұйқыдан оянуға үндей отыра, әрбір қазақтың азаматтық санасын оятуға ұмтылды. Ішкі сылулығы мен мазмұны жағынан, жинақылығы мен желілігі жағынан А.Байтұрсынов жырлары қазақ әдебиетінде бірінші орын алады» [5, 17 б.], - деп Міржақып Дулатов атап көрсеткендей, оның өленді өткір қару ретінде қолданып, ел – жұртын өнер-білімге, еңбекке шақырып қана қоймай күреске үндеуі күрескерлігін байқатады. Оның бар арман мақсаты қанаудың қыспағында екі өкпесінен тепкіленіп күй кешіп жатқан халқын қапас қамау түнектен, мешеуліктен құтқару, оқу-білімге, ілімге шақырып ұмтылдыру болды. Осы жолда ол өзінің өлең жырларын өз ұлтының игілігіне жұмсады, қажетіне жаратты А.Байтұрсыновтың поэзиясына, ақындығына Абай үлгісі қатты әсер еткені сезіледі. Осы әсер, ең алдымен, поэзияда әлеуметтік тақырыпты көтеруде көзге түседі. Ақаң балалар мен жастарды оқыту ең маңызды іс деп біледі. Келешекте ғылым, мәдениетті дамыту халықтың оқуы арқылы ғана болады дейтін.

А.Байтұрсыновтың публицистикалық шығармаларының арасында оқу-ағарту, білім беру жүйесі, мектеп ісі туралы жазған мақалаларының орны ерекше. Ол өз мақалаларында сол кезеңдегі ең өзекті мәселе халыққа білім беру, оқыту жайы қозғады. 1913 жылы жазылған «Қазақша оқу жайынан» деп аталатын мақалада осы мәселе туралы: «Әуелі, біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқуменен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі ағалардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып, қайрылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі – бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс. Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек. Қазақша оқи, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу қажет» [6, 25 б.].

1913 жылы «Қазақ» газетінде оқу, білім беру жайлы жазылған алғашқы мақаласында А.Байтұрсыновтың бірнеше мәселені көтеретіндігі мәлім.

Біріншіден, оқу ісі қазақ халқы үшін өте маңызды мәселе екендігі атап өтеді.

Екіншіден, сол кезеңдегі қазақтың оқу жұмысының түрлеріне сипаттама беріп, солардың ішінде өзінің жаңа оқу жолындағы мұғалімдер мен оқушыларға көп үміт артатындығын, халықтың болашағы да соларға байланысты екендігін қадап айтады.

Үшіншіден, жаңа оқу жолындағы мұғалімдерге оқытудың тиімді оңай жолдарын үйретіп, түсіндіреді.

Ахмет Байтұрсынов «Оқу жайы», «Білім жарысы», «Білім жарысы хақында», «Орысша оқушылар», «Оқыту жайынан» атты кейінгі мақалаларында оқудың адамзат өміріндегі маңызын жаңа қырынан түсіндіреді. Мысалы, «Оқу жайы» деген мақаласында: «Бұл күнде оқудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екенін көріп тұрмыз. Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші» [6, 34 б.]. А.Байтұрсынов осы мақаласында өнер-білімнің пайдасын тағы да шегелеп айтып түсіндіреді. «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік».

Шындығына келгенде ХХ ғасырдың басында патша өкіметіне қарсы оппозицияда болған саяси партиялардың бағдарламалары, іс әрекеттері, жолдары, өздерінің көздеген мүдделерін қорғай білулері, зиялы қауым өкілдеріне тән өркениеттік деңгейдегі мәдениеттері қазіргі кездегі және болашақтағы ұрпаққа үлгі, сабақ боларлықтай. Алаш қозғалысы ұлт азаттық қозғалыстың биік белесі. Ол ХХ ғасырда Ұлттық жаңғыруға бастады, ұлттың өзін өзі танып қана қоймай, мемлекеттік сатыға көтерді, ол егемендік, тәуелсіздік, демократиялық мемлекет, ұлт татулығы, дін мен мемлекет арақатынасы мәселелерін ХХ ғасырда күн тәртібіне қойды. Осылай біз бүгінгі күнде бастан кешіп жатқан тәуелсіздігімізге қол салдық. Сонымен бірге ақпан революциясы тұсындағы қазақ зиялыларының мемлекеттілік үшін күрестері мен кеңес өкіметі кезеңіндегі қазақ зиялы қауымының ұлттық автономия мәселесін көтеруі сол уақыттағы талабы болды. Қазақ зиялыларының ұлттық мемлекет құруға бағытталған іс әрекеттері, ұлттық тәуелсіздікті қалпына келтіру қызметері тарих беттері арқылы талдау жасау негізінде сол уақыттағы ұлттық идеялар, бүгінгі күнге бастан кешіріп отырған тәуелсіздікке жол салды. Қазақстанның ХХ ғасырдың соңында тәуелсіз мемлекет болуына жол салғандығы айқындалды. Бүгінгі таңда мемлекет құрылысына аса қажет жер, мемлекеттік тіл, ұлттық мемлекеттік идеология, ұлттық діл, ұлттық сананың қалыптасуы, ұлттық демократия секілді өзекті мәселелерді шешуде өткен ғасырдағы қазақ мемлекеттілігінің дербестігі үшін күрескен қазақ зиялыларының еңбектері мен көзқарастарының маңызы зор. Қорыта айтқанда Қазақстан Республикасының мемлекеттілігінің құрылысы мен болашағына жол ашуда ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының соның ішінде Алаш қайраткерлерінің еңбектерінің ықпалы бар екендігі анық. Алаш қайраткерлерінің қан төгіс пен қиратып бүлдіруге емес, керісінше демократиялық, өркениетті идеологиялық әдіс-тәсілдер арқылы тәуелсіз мемлекетті жаңғырту жолдарындағы әрекеттеріне баға жетпейді.

#### **Әдебиеттер:**

1. Бес Арыс. Жинақ. Алматы «Жазушы» 1991. - 2 б.
2. Дулатұлы М. Оян, қазақ! / Алматы, «Алтын Орда» 1991.
3. Қазақстан тарихы. III том. Алматы, 2002. - 705 б.
4. Әбдиманов Ә. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. II том, Алматы. Қазақ университеті, 2002. - 36 б.
5. Негимов С. ақын-жыраулар поэзиясының бейнелігі. Алматы, 1991. - 15 б.
6. Байтұрсынов А. «Қазақ зиялылары хақында» // Ақ жол/ Өлеңдер мен тәржімалар, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу/ Алматы, «Жалын» 1991. - 25 б., 34 б.

UDC 94 (574)

## **PROBLEMS OF PERSONALITY PERSONIFICATION IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN**

*Shaukenov Zh.A.- candidate of historical sciences Kostanay State University named after A.Baitursynov, department of philosophy, Kostanay*

*Balzhanova A.M.- senior teacher Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay*

*At the present stage, the interest in the role of a personality in the historical process has increased substantially. The modern methodology of the role of an individual in history must take into account and be built taking into account the rich picture of personified individuals, which is today provided by both historical science and journalism.*

*Keywords: Kazakh people, N. Nazarbayev, personality, methodology, Kazakh intelligentsia.*

At the present stage, there is a great interest to the role of a personality in the historical process. The lack of methodologies that would give a modern scientific understanding of the role of personality in history affects the patchy characteristics of certain personalities in press and science. Today you can hear and read dozens or even hundreds of reviews for the same individual in history that differ greatly. It proves the pluralism of approaches that reflects the variety of personalities in history. However, science should explore and express its own common view on this difficult and complex problem.

Modern methodology of the role of personality in history must take into account the particular rich picture of personified people, which the history of science and journalism provide today. Historical figures are those who have left a notable individual mark on history in different areas of public life: politics, culture, science, national liberation movement.

It is not a secret that the role of a historical figure is often determined depending on the political and ideological bias of a scientist. The impact of social, political and ideological factors affects when under the circumstances the role of a historical figure is obscured, kept secret, humbled, or deliberately stick out only the negative side of his activities. For example, individuals of the Bolsheviks of the Soviet period of development of Kazakhstan – Amangeldy Imanov, Alibi Dzhangildin, Omar Shipin, former leaders of Kazakhstan Zh.Shayakhmetov, D.Kunayev and others (especially if we compare the vision of the Soviet power and the views of the current politicians).

Sometimes some scientists without a serious scientific justification try to «relate» great personalities to the historical fate of the Kazakh people. For example, Genghis Khan, al-Farabi, Attila, Tamerlane and others as the descendants of Kazakhs.

The distinctive feature of a historical figure is his life activity dedicated not to achieving his personal, corporate and clan ambitions and goals, but to a society and people.

At the same time, a historical personality is a human being. In addition, as a person he possesses not only positive features, but also some controversial and often negative characteristics, especially in his psychology and morality. Historical figures are great by their deeds in the history.

The historic mission of Kenessary Kassymov was not to slow down the slow-moving traditional society, and pull it back into the feudal-patriarchal present, but to create conditions for the future of the Kazakhs, which, unfortunately, he was not aware of. Khan Kene figuratively speaking, clung to the body of an unfair system of colonialism, the power of which by the time has gained strength that all the attempts of such a great historical figure remained for centuries marked by the print of fatality. In history it is called conformity to the laws of history.

The President of Kazakhstan N. Nazarbayev in Kokshetau on the occasion of the 200th anniversary of the rebellion of Kenessary Khan highlighted that «Kenessary Kassymov plays a special role in the history of Kazakhstan» [1] because he was aimed at preserving the territorial integrity of the Kazakh land.

The correct interpretation and promotion of the role of a historical figure plays an important role in bringing up the younger generation. Youth need ideals. Kant indicated the notion of ideal as a regulative feature, which provides an opportunity to improve human actions because «they provide a necessary measure of mind, which needs the notion that one of its kind is perfect and with the help of it to evaluate and measure the degree and lacks of imperfect» [2].

We should not forget that the person with all the demonization of his importance, in our time is limited by historical circumstances, the time in which he lives. Eventually, the role of the masses remains defining in determining the historical fate of large and radical turns of history. Of course, it is not necessary to understand it simply, this means that masses must necessarily go to the barricades, express an active social protest or the approval of those actions of the individual. This exists in history. But it is a direct manifestation of the decisive role of people - the latter can be expressed in another, mediated reaction of the people when a person is forced to reckon with the hopes and interests of the people.

Personality with all his outstanding abilities cannot turn the wheel of history at discretion and will. His role is to a large extent determined by the historical needs, the ability to realize. And here, of course, the individual face of a personality is of great significance. If he has an extraordinary talent, outstanding management skills, his practical actions do not only remain in memory and history, but also fully meet the needs of a great personality.

The personality of Abulkhair Khan, for example, has great potential and experience in state management, strong-willed qualities, to a great extent influenced on a decisive change in the historical destiny of Kazakhstan in the first half of the 17<sup>th</sup> century, when he agreed to join Russia. His sober, realistic evaluation of the international situation of Kazakhstan in conditions of continuing aggression of judger conquerors, his foresight in understanding the history of the Kazakh people played the fateful role in the history of the Kazakhs, which occurred during that period.

The central figure in the history of the Kazakhs in 18<sup>th</sup> century was Abylai, who also left a good memory. In the folk, the ideologists of the national war against Jungar invasions we find unchallengeable evidence of the nationwide recognition of the great merits of Abylai Khan as the guarantor of national unity, a fighter for national independence and territorial integrity of the Kazakh land. All of them, without exception, since the early 40-s of the 18<sup>th</sup> century confirmed high personal status and greatness as a national statesman [3].

When valuating an individual in history, we should not forget about the need to respect the principle of unity of historicism and specificity. In the current research literature the unity, in our view, is often underestimated. Historicism is recognized and understood in a simplified form. The principle of historicism is sometimes supposed to mean considering and studying the object from the past in terms of the requirements and values of the present day. The individual in history is often judged from the current moral principles and requirements, and sometimes abstract universal norms. But this approach cannot be accepted, because it is, in fact, a judgment of an act of a historical identity.

Extraordinary personalities in history due to their passion can actively influence on the change of their surrounding. Thus, in the history of Kazakhstan there are some personalities that have had a major influence in shaping the consciousness of time, generations of people who lived in this or that particular historical epoch. For instance, in the history of Kazakhstan Akhmet Baitursynov greatly influenced on the generation of 20-30 years of the 20<sup>th</sup> century, Mukhtar Auezov and Kanysh Satpayev - the generation of 40-50s, Olzhas Suleimenov, Ilyas Yessenberlin - the generation of 60-70s. They are flesh and blood products of their time. But at the same time, they are personalities, for being part of their timethey managed to speak about the future of their nation, give civic ideas, affect the national consciousness of their people. Such is the essence of the role of these personalities in the history of Kazakhstan.

